

Т.У.Салимов, Ф.Э.Султонов

# ДУНИЕЖУЗІ ТАРИХЫ

(V ғасыр аяғынан – XV ғасыр  
аяғына дейін)

*Түзетілген және толықтырылған 2-басылымы*

*Өзбекстан Республикасы Халыққа білім  
беру министрлігі жалпы орта білім  
беретін мектептердің 7-сыныбы үшін  
оқулық ретінде бекіткен*

**«O‘zbekiston milliy ensiklopediasi»**

Мемлекеттік ғылыми баспасы

Ташкент – 2013

УЎК: 94(100)=512.122.(075)

КБК 63.3(0)

C-26

Жауапты редактор:

**Ф.С.Хасанов** – тарих ғылымының кандидаты.

Пікір жазғандар:

**Қ.К.Ражабов** – тарих ғылымының докторы, профессор;

**Р.Р.Назаров** – философия ғылымдарының кандидаты;

**А.Т.Замонов** – Өзбекстандағы ең жаңа тарих бойынша сәйкестендіруші әдістемелік орталықтың бөлім жетекшісі;

**М. Холбоева** – РБО әдіскері;

**М.С.Тураева** – Ташкент қаласы Юнусабат ауданындағы 9-мектептің жоғары санатты тарих оқытушысы.

**Шартты белгілер:**



*Еске түсіріп, жатта!*



*Мұны қайталап оқып шық!*



*Ойланып, қорытынды шығар.*



*Өз бетімен орындалатын жұмыс.*



*Сұрақтар мен тапсырмалар.*

**Республикалық мақсатты кітап қоры есебінен жалға беру үшін басылды.**

ISBN 978-9943-07-240-4

© «O‘zbekiston milliy ensiklopediasi»  
Мемлекеттік ғылыми баспасы, 2009, 2013.

© Чулпон атындағы баспа-полиграфия  
шығармашылық үйі, 2013.

## АВТОРЛАРДАН

Бұл оқулық дүниежүзі тарихының орта ғасырлық кезеңін бейнелеп түсіндіреді.

Ал орта ғасырлар тарихы біздің заманымыздың V ғасыр аяғынан XV ғасыр аяғына дейін созылған кезенді қамтиды.

Орта ғасыр тарихын үйрену барысында оқушылар әр түрлі халықтардың күнделікті тұрмысымен, шаруашылық әрекетімен, экономикасы мен саясатының дамуымен танысады, бізге шейін аман сақталып келген әйгілі сәулет жәдігерліктері: сарайлар, медреселер, мешіттер, ғибадатханалар жөнінде түсінікке ие болады. Оқулықтан оқушылар Отанымыздың және дүниежүзінің мәшһүр ғалымдарының қызметімен де танысады.

Оқулық екі бөлімге және бірнеше тарауларға, ал әр тарау өз жайында тақырыптарға бөлінген.

Оқулықтағы материалды меңгеріп алуды жеңілдету үшін әрбір тақырыптың соңында бақылау сұрақтар мен тапсырмалар берілген. Олардың көбі оқушының тәуелсіз пікірлеуге, қисынды қорытынды шығаруға қабілетін асыруға жәрдемдеседі.

Тапсырмалар оқушылардың теориялық білімі мен практикалық дағдысын асыруға молжалданған. Олардың арасында оңайларымен бірге, оқушыдан ерекше ықылас пен пікір-ой талап ететін күрделі тапсырмалар да бар.

Тапсырмаларды сабақтың әр түрлі бөлімдерінде: жана материалды түсіндіру, оқушының өткен сабақты қалай меңгергенін анықтау кезінде, немесе үй жұмысы ретінде орындауға болады. Мұнда әрбір оқушы өзінің жеке тәжірибесі, білімі және шеберлігімен кіріседі. Оқулықта келтірілген түсініктер мен даталарға қоса, қажетті жағдайларда сөздіктер, хронологиялық карталар және басқа да құралдар пайдаланылады.

Оқулықты жазған кезде соңғы жылдары шығарылған әдебиет кеңінен пайдаланылды. Сонымен бірге, оқулық суреттер, сызбалар, атауларға берілген түсініктемелер, сынып және үй тапсырмаларымен толықтырылды.

## ОРТА ҒАСЫРЛАР ТАРИХЫ НЕНІ ҮЙРЕТЕДІ?

**Орта ғасырлар тарихынан нені біліп аласыңдар.** Орта ғасырлар тарихы бүкіл дүниежүзі тарихының ежелгі дүние тарихынан кейін келетін екінші бөлімі болып табылады. Бұл бөлім көне заман мен жаңа заман арасындағы 10 ғасырды, яғни біздің жыл санауымыз бойынша V ғасырдың аяғынан — XV ғасырдың аяғына дейін созылған кезенді қамтиды.

Жоғары мәдениетті итальян ғалымдары адамзат тарихын үшке: «ертедегі тарих», «орта тарих» және «жаңа тарих» деп аталатын кезендерге бөліп үйренуді ұсынған болатын. Олар «ертедегі тарих» пен «орта тарих» атауларын өздеріне дейін болып өткен тарихқа, ал «жаңа тарих» атауын өздерінің өмір сүрген кезеңіне қатысты қолданған. Сондықтан «ертедегі тарих» делінгенде, ең алдымен, орта ғасырлар тарихы түсінілген.

Сендер 6-сыныпта «Дүниежүзі тарихының» ежелгі кезеңін үйрендіңдер. Сонда ерте замандағы адамдардың қалай өмір сүргені, Ежелгі Шығыстағы, Грекия мен Римдегі мемлекеттердің дамуы мен ыдырауы жөнінде білім алған едіңдер. Ал 7-сыныпта орта ғасырлар тарихымен танысасыңдар. Енді феодалдық қоғамның қалай пайда болып, қалайша дамығанын, халық бұқарасы қандай өмір сүргенін және еңбек еткенін, олардың өзіндік бостандықтары жолында жүргізен соғыстарда тәуелсіздігін қалай қорғағанын біліп аласыңдар.

**Ортағасырлық қоғам туралы.** Ортағасырлық адамдар қоғамы Еуропада феодалдық, ал Азияда жер иеленушілік қоғам деп аталады. «Феодал» сөзі латынның «феод» деген сөзінен алынған. **Феод** дегеніміз — атқарылған белгілі бір қызмет үшін король тарапынан берілген және мирасқа қалдыруға болатын иемді жер. Феодалдық қоғам — жер иелігіне негізделген қоғам.

Еуропада жердің иесі **феодал** деп аталды. Ол өз жерінің бір бөлігін шаруаларға үлестіріп бөліп берді. Мұның орнына шаруалар феодалдың жерін өңдеуге тиісті болды. Сондай-ақ олар берілген үлесті жерінде жетілдірілген өнімнің

белгілі бөлімін феодалға салық ретінде беріп тұрды. Сөйтіп еуропалық шаруалар феодалдарға екі түрдегі міндеттер атқаруға тиіс болды.

Феодалдық кезең әр түрлі халықтар тұсында түрлі уақытта болып өтті. Мәселен, Батыс Еуропадағы ол кезең V ғасырдың аяғында, яғни Батыс Рим империясының «варварлардың» талқандап тастаған 476 жылғы соққысынан әлсіреп, құлдырағанынан кейін басталады. Басқа халықтар тұсындағы феодалдық кезең осы оқиғадан бұрынырақ немесе кейінірек басталды. Феодалдық кезең басым болған замандар да түрлі елдер тұсында түрліше болды.

**Азиядағы жер иеленушілік қоғам.** Азияда (соның ішінде, біздің Отанымыз аумағында да) Еуропаға қарағанда жерге деген көзқарас басқаша болды. Мұнда елдің билеушісі жердің ең басты иесі болып есептелді. Жер кеңістігінің белгілі бір бөлігі мемлекеттің төтенше мүлкі болды. Азиядағы ел билеушілері және ірі жер иелері жерлерін өндеу үшін диқандарға жалға беріп отырды. Диқандар сол жерде жетілдірілген өнімнің алдын ала белгіленген, мәлім бір бөлігін жердің иесіне тапсырды. Азиядағы диқандардың еуропалықтардан айырмашылығы сол, олар жер иесінің жерін өндеп беруге тиісті болмады.

Еуропада жауын-шашын көп болғандықтан егіншілік ету оңай еді. Ал Азияда мұндай мүмкіншілік болмады, өйткені жаңбыр аз жауатын, жауын-шашынды күндердің саны, жердің ылғалдық мөлшері едәуір кем болатын. Осындай жағдайда қолдан суару пайдаланбай, егіншілікпен шұғылдануға болмас еді.

Сондықтан Азиядағы жер иелері үшін жердің бәрін диқандарға жалға беру пайдалы болды. Сөйтіп суландыратын қондырғыларды үздіксіз тазалап тұру міндеті диқандардың міндетіне жүктелді.

## **Орта ғасырлар тарихын кезеңге бөлу.**

Орта ғасырлар тарихы үлкен екі дәуірге бөлінеді:

### **1. Біздің заманымыздың V ғасыр аяғынан — XI ғасыр ортасына дейінгі кезең:**

- жаңа феодалдық қоғамға көшу;

- жер иемдігінің (ірі жер иелері — феодалдар табы мен тәуелді шаруалар табының) пайда болуы;
- Батыс Еуропада жаңа діни ілімнің — христиандықтың кең етек жаюы;
- Шығыста ислам дінінің пайда болуы және жайылуы;
- ірі феодалдық мемлекеттердің құрылуы.

## **2. XI ғасырдың ортасынан — XV ғасырдың аяғына дейінгі кезең:**

- жер иеленушілік тұсында өндірістік қатынастардың дамуы;
- өзін-өзі қамтамасыз етуші — натуралды шаруашылықтан өнімді базарға сату үшін өндіретін шаруашылыққа ауысу;
- ортағасырлық қалалардың және қолөнершілік цехтарының дамуы;
- сауданың өркендеуі: дүниежүзілік сауда, базарлар, жәрмеңкелер және биржалар;
- Еуропадағы қалалардың сеньорлар өктемдігінен азат болу үшін жүргізген күресі;
- еркін қалалар, қала-республикалар және орталықтанған ірі мемлекеттердің құрылуы;
- орталық өкіметтің абырой-беделінің өсуі;
- сословиелік өкімет органдарының (парламент пен Бас штаттардың) қалыптасуы;
- христиан шіркеуі және крест жорықтары;
- Еуропа, Азия, Африка және Америка халықтарының тарихы;
- жер жүзіндегі халықтардың білімі, ғылымы мен мәдениеті.

### **Орта ғасырлар тарихының түпдеректемелері.**

Орта ғасырлар тарихына тиесілі түпдеректер негізгі екі түрге бөлінеді.

#### **1. Жазба деректемелер:**

- тарихи жылнамалар мен күнтізбелер;
- салық төлеу, сазайын тартқызу, соттау, сатып алу және сату, қарызға беру мен байланысты ресми құжаттар;

- императорлар, корольдар, патшалар шығарған жарлықтары мен үкімдері.

Орта ғасырларда құжаттар мен кітаптардың бәрін алғаш құсни жазушылар (каллиграфтар) жазды. Соңыра, әуелі XI ғасырда Қытайда, кейінірек XV ғасырдың аяғында Еуропада кітап бастыру қондырғылардың пайда болуымен байланысты жазба деректемелердің саны тез көбейді.

## 2. Материалдық деректер:

- көркем-бейнелеу өнер туындылары: мүсіндер, суреттер, қолданбалы өнер үлгілері;
- тарихи мұражайлардағы еңбек және соғыс құралдары;
- әр түрлі теңге-тенбелер;
- киім-кешек, әшекейлер;
- үйлер мен жиһаздар;
- сарайлар, бекіністер, ғибадатханалар.

Ертедегі дүние					Орта ғасырлар											Жаңа заман			Ең жаңа заман				
3	2	1	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21
Б.ж.с. дейінгі ғасырлар			Жаңа заманғы ғасырлар																				




### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Орта ғасырлар тарихынан не білдіңдер?
2. Еуропадағы феодалдық қоғам туралы әңгімелендер.
3. Азиядағы жер иеленушілік қоғамының Еуропадағы қоғамнан қандай айырмашылығы болды?
4. Орта ғасырлар тарихы неше кезеңге бөлінеді?
5. Орта ғасырлар тарихын қандай деректерге сүйеніп зерттейді?
6. Тарихи дерек түрлерін түсіндіріп беріндер.
7. Кезең сызығын түсіндіріп беріндер.

# I БӨЛІМ. АЛҒАШҚЫ ОРТА ҒАСЫР КЕЗЕҢІ

## I ТАРАУ. АЛҒАШҚЫ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ЕУРОПА

### § 1. ХАЛЫҚТАРДЫҢ ҰЛЫ КӨШІ ЖӘНЕ ОНЫҢ НӘТИЖЕСІ



1-сурет. Варварлар.

шабуылдары көптеп варвар тайпаларын өз мекендерін тастап кетуге мәжбүрледі. Еуропада II ғасырда орын алған ауайының суып кетуі, V ғасырға қарай егістік жерді тыңайған жерге, ал су айдындарын және оларға жақын жерді батпаққа айналдырды. Осындай факторлар халықтардың өмір сүруі және шаруашылық жүргізуі үшін жаңа әрі қолайлы жер іздеуге қозғау салды.



2-сурет. Герман тайпасы.

**Халықтардың Ұлы көші.** Біздің заманымыздың IV–VI ғасырларында бүкіл Еуропаны ғұндар тайпалары бастап берген «Халықтардың Ұлы көші» делінетін процесс қамтыды. Бұл процестің бірнеше себебі болды. Ең алдымен, герман тайпаларындағы халық санының өсуі нәтижесінде жаңа жерлерге болған талаптың артуы және мүліктік жіктелу оларды жаңа жер басып алуға мәжбүр етті. Бұдан басқа, ғұндардың IV ғасырдағы Шығыстан жасаған

**Герман тайпалары және олардың қызмет түрі.** Рим империясының солтүстік-шығыс шекараларындағы варвар тайпалары II–IV ғасырларда рулық қауым сатысында өмір сүрді.

Ертедегі герман тайпалары (франктар, вестготтар, остготтар, вандалдар, бургундтар, лангобардтар) Рейн, Эльба өзендерінің алабын мекендеді.

Олардың негізгі қызмет түрі мал шаруашылығы болды. Одан басқа құс өсіріп, аң және балық аулаумен шұғылданды. Біздің заманымыз басында халық санының артуы егіншіліктің жалпы шаруашылықта алған маңызын асырды.



3-сурет. Темір соқа.

Рулық қауымдар бірлесе отырып, орман ағаштарын кесті, жаңа жерлерді игерді. Жерді қарапайым ағаш соқамен жыртып, топырақтың тыңайтылмағаны егістердің құнарлылығын бәсеңдетіп, 2–3 жылдан кейін өнімнің күрт азаюына әкеп соқты. Кейініректе германдар түренді темір соқаға ауыстырып, еңбек өнімділігін және алынатын өнім мөлшерін асыруға қол жеткізді.



### Есіңде сақта!

Римдіктер мәдени тұрғыдан өркениеттің неғұрлым төмен сатысында тұрған халықтарды «варварлар» деп атайтын. Ежелгі германдар тарихына тиесілі мол мағлұмат Юлий Цезарьдің *«Галлия шайқасы туралы естеліктер»* және римдік тарихшы Тациттің *«Германия»* атты туындыларында кездеседі.

Ғасырлар өткен соң егіншілікте алмастырып егу қолданыла бастады. Б.з.б. IV ғасырдан бастап көктемгі және күзгі бидай орнына масақты егістер егу, жыртылған жерді екі танапқа бөліп (сондықтан бұл әдіс қос танапты егіс деп аталады), біріншісіне тұқым себу, екіншісін сүдігер етіп тыңайту және оларды әр жылы алмастырып отыру жолға қойылды. Ал бұл өз жайында астық өнімділігін асырып қана қоймай, егістерді жиі-жиі алмастырып тұрудың қажетін жойды. Германдар дәнді және бұршақ дақылдардан басқа, бақша өнімдерін, көкөністер, соның ішінде қырыққабат өсірді.

Германдар тұсында қолөнердің тоқымашылық, ағаш өңдеу (соның ішінде, қайық жасау), зергерлік, тері-былғары салалары жақсы дамыды. Ішкі саудада ең маңызды заттар темірден істелген бұйымдар болды. Герман тайпалары римдік-

		екінші жыл
егіс	сүдігер	
		бірінші жыл
сүдігер	егіс	

4-сурет. Екі танапты егіс.

терге құлдар, малдар, тері, кәріптас жеткізіп беріп, олардан жұқа маталар, қыш бұйымдар, әшекей заттар, шарап сатып алды. Сауда мал айырбастау түрінде жүргізілді, рим ақшасы тек империямен шектес аймақтарда ғана қолданылды.

**Германдардың қоғамдық құрылысы.** Германдар қоғамы мемлекет құрылғанға дейін рулық қауым сатысын бастан өткізді.

IV ғасырда германдар тұрмысында мүліктік теңсіздік күшейіп, рулық қауым байларға және кедейлерге бөліне бастады, қауымдарда шонжарлар, ерікті адамдар және жартылай ерікті адамдар топтары пайда болды.

Мүліктік жіктелудің нәтижесінде германдарда **конунг**, яғни шонжарлар көсемі деген орган қалыптасты да, оның беделі күшейе бастады.



### Есінде сақта!

**Конунг** — тайпа бастығы, шонжарлардың жоғарғы өкілі. Норман тайпаларында — әскери қолбасшы.

Германдар өмірінде тайпаның әскери бастықтары да маңызды рөл ойнады. Соғыстан түскен олжаның үлкен бөлігі қолбасшыға тиесілі болды. Өйткені ол әскеріндегі

<sup>1</sup> Кәріптас — шайырлардан түзілген қатты, сары түсті минерал.

жауынгерлерді атпен, қару-жарақпен, тұрақ үймен, азық түлікпен қамтамасыз етіп отырды.

IV–V ғасырларда герман тайпалары кең-байтақ жерді қадағалай алатын **тайпалық одақтарға** бірлесе бастады. **Алеманн, готт, франктардың** тайпалық одақтары бірнеше жүздеген мың адамнан тұрды. Көп жылдар өткесін тайпаның жоғарғы органы болған халық жиналысы, бірте-бірте өз маңыздылығын жоғалта бастады. Ол енді негізінен соғыс немесе бейбітшілік жариялау, конунг сайлау сияқты міндеттерді атқарды. Әскери жасақтардың, оларға басшылық еткен жолбасшылардың беделі жоғары болды.




### Есінде сақта!

**Алеманн, гот, франктар** — германдар арасындағы ең үлкен тайпалар болды.

Шекарамен шектес орналасқан кейбір тайпалардың жолбасшылары Римнің аймақтық өкілдеріне жалдамалы әскери қызмет етуге өте бастады. Осындай әскери жасақтар рим әскерлері жүргізген соғыстарға ерекше жауынгерлік бірлік ретінде қатынасты. Кейде герман тайпалары империя шекарасын сыртқы жаулардан қорғап та отырды. Христиан дінінің жайылуы нәтижесінде олардың қоғамдық дамуы одан әрі тездетілді.

**Рим империясына шапқыншылықтар.** Әлсіреп қалған Рим әскерлері варварлар шабуылына тойтарыс бере алмады. Ал құлдық езгісінен азап шеккен жергілікті халық герман тайпаларына қарсы шықпай, кей-кейде олардың жағына өтіп кететін. V ғасырдың басында Пиреней түбегі мен Галлияның бір бөлігінде варварлардың алғашқы — **Вестгот корольдығы** құрылды. Басып алынған жерлерде герман тайпалары: **вандалдар** (Солтүстік Африкада), **остготтар** (Италияда), **франктар** (Галлияда), **англ-сакстар** (Британияда) өз мемлекеттерін құрды.



5-сурет. Вестготтар.

Германдар басқыншылығы 476 жылы Батыс Рим империясының ыдырауына әкеп соқты. Еуропада жаңа — феодалдық қоғамға көшу кезеңі басталды.



### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. «Халықтардың Ұлы көшінің» негізгі себептерін айырып айтыңдар.
2. Картадан герман тайпалары мекендеген жерлерді тауып көрсетіңдер. Сұлбалы картаға герман тайпалары жерлерін түсіріңдер. Қазіргі заманда ол жерлердің қай елдерге жататынын анықтаңдар.
3. Өз мемлекетін құрғанға дейін германдар қандай қоғамдық құрылыста өмір сүрді?
4. Герман тайпаларының Римді жаулап алуы қандай нәтижеге әкеп соқты?



### Ойланып, қорытынды шығар.

Христиан діні қалайша өрбігенін еске түсіріңдер. Рим империясын ыдырауға ұшыратқан тағы қандай басқа себептер болды?

## § 2. ФРАНКТАРДЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТІНІҢ ПАЙДА БОЛУЫ



6-сурет. Франк жауынгері.

**Франк тайпалары.** Ұлы көш басталғанға дейін герман тайпасына жататын франктар Рейн өзенінің төменгі ағысына жақын жерде өмір сүрді. Олар руларға бөлініп, қауымдаса жасады, тайпа жолбасшысын соғыс ісінде ерлік көрсеткен адамдардың арасынан сайлады. Римдік галдармен тату-көршілік байланыста болған, франктардың сыртқы көрінісі де басқа герман тайпалары-

нікінен едәуір ерекшеленіп тұрды. Готтар мен лангобардтар сияқты, олар аң терісінен емес, матадан тігілген киім-

кешек киді, шаш-сақалын қырып жүрді. Олардың ішінде тек король әулетіне жататын адамдарға ғана ұзын шаш өсіріп жүруге рұқсат етілді.

Батыс Рим империясы құлдыраған соң, франктармен көршілес тұрған Галлияда римдік орынбасар **Эгидий** тәуелсіз князьдық құрған болатын. Сол уақыттан бастап франктардың Галлияға қарай шабуылдары күшейді. Оларға франк тайпасынан шыққан, меровингтер сардары **Хлодвиг** басшылық етті. Айлакер де қатыгез Хлодвиг тез арада қарсыластарын жеңіп, өз үстемдігін барша франк тайпаларына жүргізді. Ол 486 жылы Эгидий мұрагері — **Сягрийдің** әскерін **Суассон қаласы** маңындағы шайқаста жеңіп шығып, франктар мемлекетінің іргесін қалады.



### Есінде сақта!

486 жылы Хлодвиг франктар мемлекетінің негізін салды. Франктар құрған мемлекет бастапқыда әулеттің атымен аталды. X ғасырда Париж маңындағы облыс — **Ли де Франс** мемлекеттің атына негіз болды да, ол мемлекет **Франция** деп атала бастады.

**Франктардың христиан дінін қабылдауы.** Христиан шіркеуі бәлкім оның адал одақтасына айналып қалар, деп түсініп, Хлодвиг варвар тайпалары жолбасшыларынан бәрінен алдын христиандықты Римнен қабылдады. Оның артынан қалған франктар да христиандыққа көшті. Бірақ франктар көпшілігі өз королынан қорықса да, Хлодвигтің бұл шешімін қолдамады. Сол кезде римдіктер бұған қуанды. Олардың бірі: «Сіздің жаңа дініңіз бұл — біздің жеңісіміз», — деп босқа жазбаған болатын.



7-сурет. Хлодвиг.

Хлодвиг христиан дінін жете түсінген жоқ, ғибратты христиан да болған емес. Әйтсе де оның жүзеге асырған шарасы дұрыс болғанына шүбәлануға болмайды: сол кезден бастап франктар мен римдіктер бір-біріне жақында-

сып, бірыңғай халыққа айнала бастады. Оларды енді дін ажырата алмады, сондай-ақ христиан дінімен танысу франктарға рим мәдениетінің түрлі салаларын меңгеріп алуға мүмкіндік берді.

Хлодвигтің христиандыққа өтуі оған халық арасында ықпалы күшті галл епископының қолғабысын берді. Сөйтіп христиан дінін қабылдау король билігін күшейтіріп, тайпаластары арасында оны жоғарғы шыңға көтерді.

**Франктардың әлеуметтік қатынасы.** Франктар басып алған жерде римдік құл иеленушілер өздерінің сәулетті сарайлары мен үйлерін, мол байлығын сақтап қалды. Жергілікті халықтың денін рим-галлдар құрады. Олар құлдықты жойған жоқ. Елде негізгі жұмысшы күш болып құлдар мен колондар қала берді. Алғашқыда франктар галлдардан алыс жерде тұрды. Ал Луара өзенінің солтүстігіндегі герман тайпалары одан арғы көп жыл бойы әлі де рулық қауым болып өмір сүруін жалғастыра берді. Елдің солтүстігіндегі галлдарға салса, олар сан жағынан герман тайпаларынан да неғұрлым көп болды.

Мемлекеттің өкіметін нығайту мақсатымен Хлодвиг мұрагерлері билеген кезде корольдар жауынгерлерге және жақын жолдастарына атқарған ерекше қызметі үшін ірі жер иеліктерін — **бенефицийлер** сыйлап беріп отырды.



### Есінде сақта!

**Бенефиций** (лат.) — әскери қызмет атқарып отырғаны үшін сеньордың өз вассалына сыйлап берген иемді жер. Шығыста ол икто деп аталды.

**Сеньор** (латын тілінен «үлкен» деген сөз) — ортағасырлық Батыс Еуропадағы қарамағында басыбайлы шаруалары мен ұсақ феодал-вассалдары бар жер иесі.

**Вассалдық тәуелділік** — Батыс Еуропа елдеріндегі бір феодалдың басқа феодалға бағынышты болу тәртібі.

Міне, сөйтіп корольдардан, оның жауынгерлерінен, дін басыларынан, король сарайына жақын рим-галл шонжарларынан жердің жаңа иелері — феодалдар табы пайда болды. Олардың жерінде VI ғасырдың аяғынан бастап құл-

дар мен колондардан басқасын айтпағанда, өз бостандығын жоғалтқан франктар да жұмыс істеді. Нәтижесінде, жаңа қоғамның негізгі таптары: феодалдар мен тәуелді шаруалар пайда болды.

**Мемлекеттің пайда болуы.** Солтүстік Галлияда құрылған франк корольдығы Хлодвиг мұрагерлері тұсында 534 жылы Бургундияны және 536 жылы Провансты басып алды. Франктар германдардың **тюринг, алеманн, бавар** тайпаларын да өздеріне бағындырып, алым-салық төлеуге мәжбүрледі.

Корольдар өз билігінің күшейе түсісімен-ақ маңызды бұйрықтар қабылдау кезінде халық жиналысын шақырмай қойды. Ал король тарапынан қабылданған жаңа заңдар бұдан былай жекеменшік пен теңсіздікті одан әрі нығайтты.

Ал ірі жер иелері — феодалдар табы король өкіметінің сүйеніші болып қалды. Мемлекет король басшылығындағы ірі жер иеленушілердің жаңа жерлерді жаулап алуын қолдап-қуаттады.

Франктар мемлекеті Хлодвиг заманында-ақ облыстарға бөлінген-ді, оларды король тағайындаған **графтар** басқарды. Графтар өз жерін король атынан басқарып, халықтан салық жинады, әскери жасаққа басшылық етті, сот істерін жүргізіп отырды. Сот шешімі бойынша жиналған айыппұлдың 1/3 бөлігі король қазынасына жіберілді. Франктар салыққа тиесілі тәртіпті римдіктерден қабылдаған болатын.

Ал рулық қауымға тән дәстүрлер жыл сайын өткізілетін әскери жарыстарда, сондай-ақ елді басқаруда сақталып қалды. Жергілікті басқарудың негізі ерікті франктардың жүздік жиыны болды, оның бастығы, жүзбасы — **тунгин** деп аталды.

**Ірі жер иемдігінің қалыптасуы.** VI ғасырдың аяғынан франктар тұсындағы үлесті жерлер шаруа жанұясының са-туға немесе сыйға тартуға болатын меншігіне — **аллодка** айнала бастады. Корольдар қабылдаған жаңа заңдар жердің жеке меншікке айналуын тездетті. Король **Хильперик** заманында (561—584) шығарылған жаңа заңға сәйкес, егер марқұмның ұл мирасқоры болмаса, оның жері бұрынғысынша қауымға емес, оның қызына, қарындасына я інісіне өтуге тиісті деп белгіленді.

Жердің жекеменшікке айналуы мүлктік бөлінуді жеделдетті және ірі жер иеленушілер санының көбеюіне әкеліп соқты. Франк корольдары Рим императорына тиесілі Галлиядағы жерді өз иеліктеріне қосып алып, оның бір бөлігін өздеріне жақын адамдарына да, шіркеуге де сыйға тартып отырды.



### Есінде сақта!

**Аллод (грек сөзі)** — жерге толығымен иелік ету; Батыс Еуропадағы феодалдық қоғамда ұрпақтан-ұрпаққа мирасқа қалдыруға болатын иемді жер.



**8-сурет.** Хлодвиг «Сали ақиқатын» оқып жариялауда.

Ірі жер иеліктері қауымға тиесілі жерлер есебінен де кеңейтіріліп тұрды. Жиі-жиі қайталанып отырған табиғи апат, құрғақшылық пен өнімсіздік шаруаларды өз жерлерін тастап кетуге, феодалдан жерді жалға алуға мәжбүр етті. Салық төлеумен бірге, ірі жер иесінің егістігін баптауға мәжбүр болған шаруа біртіндеп басыбайлы адамға айнала бастады.

**«Сали ақиқаты».** Хлодвигтің бұйрығы бойынша жазылған франктардың дәстүрлі әдет-ғұрыптар жинағы, Еуропаның ең мәшһүр әдет-құқықтық мұрасына айналды. Бұл жинақ «Сали ақиқаты» деп аталды, ал оның атауы оған франктардың тек сали тайпасының заңдары енгізілгенін білдіреді.

Корольдың мақсатына сай, барлық франктар корольдың мақұлдаған «Сали ақиқаты» бойынша сотталуға тиісті болды. Егер заңдағы бірер нәрсе түсіндіруді керек қылса, онда корольға жүгінуге тура келді, ал ол король өз мүддесіне қарай жауап берді. Мұның бәрі заңда көзделді. Бұдан басқа, король көне әдет-ғұрыптардан өзіне пайда келтіретін ережелерді «Сали ақиқатына» енгізіп, көне заңдардан оны қанағат етпегендері ұмытылды да, пайдалылары түгелдей түрде жазылды. «Сали ақиқаты» — франктар королі билігінің күшейгенін көрсетті.



### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Франк корольдығы қалай құрылғанын әңгімелендер.
2. Мүліктік жіктелудің себептерін айырып айтып беріңдер.
3. Франктардың христиан дінін қабылдауының қандай салдары болды?
4. Жердің жекеменшікке айналуына қатысы бар мағлұмат келтіріңдер.
5. «Сали ақиқаты» жөнінде қандай түсінікке ие болдыңдар?

## § 3. ФРАНК ИМПЕРИЯСЫ

**Ұлы Карл (742–814).** Әулеттің негізін қалаған **Пипин Пакананың** (714–768) ұлы – Карл франк корольдығын (800 жылдан бастап – империясын) 46 жыл бойы (768–814) басқарды. Тарихшылар оның 53 әскери жорыққа басшылық еткені, ірі империя құрғаны, мемлекеттегі жаңа заңдар, ағарту мен мәдениетке негіз салғаны үшін оған «Ұлы» деген ат қойған болатын. Карл туралы көптеген тарихи шығармалар, аңыз-әңгімелер мен өлеңдер жазылды. «**Король**» деген атақ та оның есімінен алынған.

**Италия мен Испаниядағы соғыстар.** Таққа отыра салысымен-ақ Карл басқыншылық соғыстарын жүргізді. Оның алғашқы соғыс жорығы, германдардың **лангобард** делінетін тайпасы Италияда құрған мемлекетіне қарсы 773 жылы басталды. Лангобардтар королі – **Дезирей** жеңіліске ұшыраған соң, оның шашын қырып, Корвей монастырына жөнелтті. Ал Италияның аумағы графтықтарға бөлініп, Франк корольдығына қосып алынды.

Карлдың Араб халифаты отарлаған Испанияға қарсы 778 жылы жүргізген алғашқы жорығы сәтсіздікке ұшырады. Оның жиені – граф **Роланд** шайқаста қаза тапты. Көп ғасыр өткен соң Роланд француз халқының ауызекі әдебиетінің сүйікті кейіпкеріне айналды. «**Роланд туралы жыр**»




9-сурет.  
Император  
Ұлы Карл.



10-сурет. Маркграф Роландтың өлімі.

Бұл соғыс Карл үшін ең ауыр соғыс болды. Сакстар Карлға бағынбаған германдардың соңғы ірі тайпасы еді. Карл қалай болғанда да сакстарды христиан дінін қабылдатуға ұмтылды. Ұзаққа созылған соғыстан кейін ол сакстардың жаңа дінге көшуіне қол жеткізді. Сөйтіп Саксония да Ұлы Карл мемлекетіне қосылды.

**Франк империясы.** Ұлы Карл мемлекеті Еуропаның үлкен бөлігін алып жатты. Өзінің аумағының көлемі жағынан Франк корольдығы бұрынғы



11-сурет. Ұлы Карлдың Аксендегі сарайы.

Батыс Рим империясына таяды. Бірақ Карлдың өкіметі соңғы Рим императорлары билігінен неғұрлым күшті болды. Сондықтан сол кезде жойылған империя туралы естеліктер VIII ғасырда да Батыс Еуропада жасаған әр түрлі халықтар мен тайпалардың есінде сақталып қалған болатын. Карл кеңесшілеріне оны бұрынғы римдіктерге теңеп, император деп жарияласақ деген ой келеді. Қолайлы жағдай 800 жылы Римдегі жергілікті шонжарлардың **Лев III** папаға қарсы ұйымдастырған көтерілісі арқылы туды. Карл әскерін жіберіп, оны бастырды.

Көрсетілген жәрдем үшін Рим папасы 800 жылғы декабрь айында Карлдың басына императордың алтын тәжін кигізді. Сөйтіп Батыс Еуропада қайтадан империя пайда болды.

Ұлы Карл франктар империясының жеке-дара билеушісіне айналды. Оның бұйрықтарын тек ірі жер иелерінің, шонжарлардың жылына екі рет шақырылатын жиналысы қабылдап алды.

Ұлы Карлдың тұрақты астанасы да болмады. Ол өзіне жақын адамдармен бірге елді аралап жүргенде, әр түрлі қалада ондағы сарайға жайғасатын, жергілікті халыққа ауырлық түсірмеу үшін тез арада басқа қалаға жөнелетін.

Ұлы Карл заманында франктардың дәстүрлі халық жасағының орнына салт атты рыцарьлардан тұратын әскер құрылды. **Рыцарьлар** (немістің «риттер» — атты деген сөзінен шыққан) жасақтарында тек қана бай шонжарлар, яғни жауынгер, ат пен қару-жарақ сатып алуға шамасы бар адамдар ғана қызмет етті. Билеушілер рыцарьларға: атын, құрал-сайманын жақсы сақтау үшін, соғыс кезінде өз отбасын қамтамасыз ету үшін сыйға жер беріп отырды. Мұндай иемді жер — **феод** (неміс тілінен «қорған», «мүлік» деген сөз) әуелі әскери қызмет үшін беріліп, кейініректе мирасқа қалдыруға болатын меншікке айналды. Феодтың иесі **феодал** деп аталды. Замандар өткесін әскери қызмет тек феодалдардың ғана қызмет түріне айналып қалды. Ірі феодалдың қол астына кейде бірқатар аймақтар қарады, ал кішігірім феодалдарға көбіне не бір немесе әрі кеткенде бірнеше шаруа ауласы қарады.

**Мемлекетті басқару.** Ұлы Карл сарайындағы қызметкерлер бір уақытта уәзір міндетін де атқарып отырды. Франктар мемлекетінде ең жоғары лауазымдағылар: қаржы, салық, әскери мырзалар, аспаз, ат қора бастығы және басқалар болды. Ірі тайпаларды **герцогтар** (немісше «сайланған әскери жолбасшы, тайпаның мұрагер бастығы») басқарып отырды. Көп жыл өткен соң герцог деген атақ ең жоғары лауазымдардың біріне айналды. Шағын аймақтарды бұрынғысынша **графтар** (немісше «король тағайындаған лауазымды адам») басқарды. Герцог атағы бұрыннан мұралық ла-



12-сурет. Рыцарь.

уазым болды, ал графты император тағайындады. Мемлекет шекарасын нығайту үшін Ұлы Карл **маркалар** (немісше — «шекаралық әскери облыс») құрып, оларға **маркграфтар** (немісше — «шекаралық облыс әкімі») басшылық етті.

Епископтар, ірі монастырьлар абаттары императордың жер-жердегі өкілдері ретінде оның бұйрықтарын орындады. Жорыққа шыққан кезде, епископтар мен графтардың істері қалай жүріп жатқанын Ұлы Карл тексеріп отырды. Егер қызмет бабын теріс пайдаланғаны анықталса, онда жауапкер адам дереу лауазымынан босатылды. Барша графтық пен епископтықтарды аралап шығу императордың өзіне қиынға соққандықтан, ол бүкіл империяға өзіне адал адамдарынан тағайындалған өкілдерін жіберді. Оларға жергілікті әкімдерді жазалау, ауыстыру құқығы берілді. Франктар мемлекетінің аумағы өте кең болды, сондықтан оның үстінен қадағалау қиын еді. Оның үстіне, графтар графтығында орнығып қалуға, оны өз ұрпақтарына мирасқа қалдыруға бар күшімен ұмтылды. Ал мұның өзі келешекте франктар империясының әлсіреп, бөлшектеніп кетуіне жол ашып берді.

Еуропалық билеушілер арасында жоғары мәртебеге бөленген Карлдың сарайына көптеп елшілер келіп-кететін. Жылнамаларда жазылғанындай, араб халифы **Қарун ар-Рашид** қымбат сыйлықтармен бірге Иерусалимдегі Иса пайғамбар табыты жатқан жерді де өз елшілері арқылы Карлға тарту еткен.

**Франк империясының ыдырауы.** Көп жыл өткен соң елдегі графтар мемлекеттік қызметкерлерден — ірі жер иесіне, өз облысының қожайынына айнала бастады.

Графтықтағы ерікті шаруалар басыбайлылыққа түсе бастады. Король сот істерін графтарға тапсырды.

Ұлы Карл өлгеннен кейін тез арада оның құрған империясы құлдырай бастады. Оның немерелері тұсында мемлекет бөлшектеніп кетті. 843 жылы Ұлы Карлдың үш немересі **Верден** қаласында империяны бөлісу туралы өзара келісім жасады. Кейінірек империя аумағында үш ірі корольдық — **Франция, Германия және Италия** құрылды.

Корольдықтар герцогтықтар мен графтықтарға, ал бұлар ірі және орташа феодалдық жер иеліктеріне бөлінді.




### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Франк корольдығы қашан құрылды?
2. Ұлы Карл басып алған жерлерді сұлбалы картаға түсіріндер.
3. Испания қай түбекте орналасқан? Ұлы Карл заманында ол кімге бағынышты болды?
4. Франк империясы қалайша құрылды?
5. Сакс тайпалары туралы естерінде не қалды?
6. Франктар мемлекетінде басқару ісі қалай жүргізілді?
7. Еуропа халықтарының өмірінде V–IX ғасырлар ішінде қандай өзгерістер болды?

## § 4. ҚАСИЕТТІ РИМ ИМПЕРИЯСЫ

**Жаңа корольдық.** Франк империясы 843 жылы үшке бөлшектенген соң, солардың бәрін әуелі Ұлы Карлдың мұрагерлері басқарды. Алайда Шығыс Франк корольдығындағы (болашақ Германия) жергілікті ақсүйек князьдардың ең қуаттысы — Саксония герцогы **Генрих** 919 жылы император етіп сайланды. Сөйтіп франктардың каролингтер әулетінің орнына жергілікті саксониялықтар әулеті өкімет басына отырды. Сонымен жаңа корольдық — Германия корольдығы құрылды. **I Генрих** алысты болжай отырып, ақылмен жұмыс жүргізіп, мемлекетті нығайту ісіне кірісті. Елдің қорғаныс қабілетін нығайту үшін ол венгрлермен тоғыз жылдық бейбітшілік келісімін жасады, бірқатар шаралар жүзеге асырды. Генрих ауылда тұратын әр 9 адамнан біреуін тандап алып, оны **бургке** (қорғанға) көшірді. Бургте жиналғандар өз жолдастарына да арнап үй құруға кірісті. Ал ауылда қалған сегіз кісі жауынгерлікке тағайындалған жол-



**13-сурет.** Шонжарлар герцог Генрихқа король етіп сайланғанын білдіруде.

дасы үшін де егіншілікпен шұғылданды. Генрих барша жиындарды, шіркеу жиналыстарын, той-томалақтарды **бургте** өткізуге әмір етті. Құрылыс күні-түні жүргізіле берді, келісім мерзімі аяқталғанша халықтың негізгі мүлкі бургтерде болуға тиісті еді.

**Венгрлермен соғыс.** I Генрихтің ұлы – **Оттон I** тұсында (936–973) немістердің күшті атты әскері құрылды. Оның негізін ауыр қару-жарақпен жабдықталған рыцарьлардан тұратын атты әскер құрады.

Бургтерге сүйене отырып, жаңа атты әскердің көмегімен I Оттон венгрлерге қарсы шешуші шайқасқа аттанды. 955 жылы Бавариядағы Лех өзенінің жағалауында болып өткен ауыр шайқаста венгрлер жеңілді. Содан кейін олардың Еуропаға қарай шапқыншылығы басылды.



**14-сурет.** Қасиетті Рим империясы императорларының тәжі

**Жаңа империя.** Оған дейін ешкім жеңе алмаған дұшпанның талқанын шығарған, I Оттон енді өзін Еуропадағы ең күшті король деп санады. Осы бір жеңіс, Ұлы Карл сияқты, Римде император тәжін киюге және император деген атақ алуға деген оның ықыласын қоздырды.

962 жылы Оттон I өз әскерімен бірге Римге келді. **Папа XII Иоанн** оның басына императордың алтын тәжін кигізді. Сөйтіп жаңа империя –

**Қасиетті Рим империясы** құрылды. Оның құрамына Герман жерлерінен басқа Италияның солтүстік аймағы да енді, бірақ осындағы қалалар герман императорларына түгелдей мойынсұнбады. Соған қарамастан, әр герман королі таққа отырған кезде өз әскерімен Алып таулары арқылы Италияға жорық жасап, император тәжін Римде басына киіп отыратын.

Герман императорлары өз мемлекеттерін бұрынғы Римнің ізбасарлары деп есептеді. Замандастарының сөзімен «дүние кереметі» деп атанған I Оттонның немересі – **Оттон III** Римді үлкен мемлекеттің астанасына айналдыруды армандаған болатын. Ол бүкіл христиандар дүниесін

Рим императоры қол астына біріктіру керек деп ойлады. Әрине, христиандардың бүкіл дүниежүзілік империясы жөніндегі ойдың өзі неғайбыл еді. Сонда да, герман монархтары өз мемлекетін **Рим империясы**, кейінірек **Қасиетті Рим империясы** деп жүргізе берді. Бұл мемлекет көп ғасыр бойы үстем болды.



### Есінде сақта!

**Қасиетті Рим империясы** 962 жылдан бастап 1806 жылға дейін үстем болды.

**Герман императорлары және шіркеу.** Үлкен бір елді басқару үшін корольдардың жарлықтарын жер-жерлерде орындап отыратын лауазымды адамдар керек болды. Ал ерте ортағасырлық кезеңде мыңдаған лауазымды адамдарды тек дамулы әрі бай қоғам ғана қамсыздандыра алатын. X ғасырда Германия халқы, императорға қарағанда, өз герцогтарының пікіріне көбірек құлақ асатын. Мұндай жағдайда I Оттон және оның мұрагерлері өзгеше бір әдіс қолданды. Олар шіркеу ұйымдарын өз пайдасын көздеп пайдаланды. Тарихтан белгілі, франк корольдары тұсында-ақ епископтар бұлардың сенімді қызметкерлері болып есептелді. I Оттон бұл жөнінде де озып шығады. Ол Германиядағы епископтар мен аббаттарға жер-меншік пен мал-дәулеттен басқа, көп құқықтар мен жеңілдіктер берді. Мұның нәтижесінде шіркеулік ақсүйектер өздерінің жағдайы мен билігі жағынан графтардан және тіпті герцогтардан да кем болмады. Олар кез келген адамды монархтың еркіне көндіріп, бағындыра алатын. Ал императордың өзі керек адамын шіркеудегі жоғары орынға тағайындап, қажеті болғанда епископтарды, керек десе Рим папасын да ешбір кедергісіз ауыстырып отырды. Мәселен, I Оттонның Рим қаласында көптеген



15-сурет. Оттон I зайыбымен бірге.

епископтар көзінше өзіне ұнамаған папаға қарсы сот процесін ұйымдастырып, оны міндетінен босатқаны бәріне мәлім. Ал оның мұрагері III Оттон өзінің ұстазы – **Герберттің Сильвестер III** (999–1003) деген атымен Рим папасы лауазымына сайланғанына да жетті.



### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Германия мемлекеті қалай құрылды?
2. Сұлбалы картаға I Оттон мемлекетінің аумағын түсіріңдер.
3. I Оттонның венгрлермен күресі немен аяқталды?
4. Герман императорлары мен шіркеудің арасындағы қарым-қатынас туралы не айта аласыңдар?

## § 5. V–X ҒАСЫРЛАРДАҒЫ АНГЛИЯ

Рим жауынгерлері 407 жылы Британияны тастап, Италияға қайтып келді. Олардың артынан қалған римдіктер де Еуропаға орала бастады. Сөйтіп аралда жасайтын **кельт** халқы өзімен-өзі қалып қойды. Ал кельттің тайпа жолбасшылары өзара соғыстарға салынды. Сол кезде солтүстіктен **пикт** және **скотт** тайпаларының шабуылдары басталды.



16-сурет. Бритт жауынгері.

**Қауіпті қорғаушылар.** Пикттерден қорғану үшін жергілікті бриттер бірінші рет германдардың **ют**, **англ**, **сакс** тайпаларынан жалдамалы дружина шақырды. Бұл тайпалар Германияның солтүстігі мен Ютландия түбегін мекендейтін. Алғашқыда германдар үш кемемен келді. Дегенмен, көп ұзамай олардың артынан көптеген тайпаластары да жолға шықты.

Германдардың кельттерден көп төлем талап етуі, үздіксіз көтерілістері, елді тонауы және қауіп төндіруі барған сайын күшейді. Юттар V ғасырдың орта шенінде **Кент** облысын басып алды. Олардың ізінше англ-сакстар да кельттерге шабуыл жасап, күшті қарсылық көрсетілмегендіктен елді басып алуға кірісті. Англ-сакстар жергілікті халық бұқарасы-

ның бір бөлігін қырып, қалғандарын құлдық бұғауына салды. Қалалар қиратылды, пұтқа табынушы германдар храмдар мен монастырьларды тонап, өртеп жіберді. Шапқыншылықтан әбден зәресі ұшқан кельттер континентке, **Арморика** облысына көшіп келді. Францияның солтүстік-батысында орналасқан ол аймақ, бриттердің көпшілік көшуінен кейін **Бретань** деген атымен осы күнге дейін сақталып келді.



### Есінде сақта!

**Бриттер** — кельт тайпасы, Британияның негізгі халқы. **Дружина** — өз еркімен келгендерден тұратын әскери бөлім. Бұл бөлім бірнеше оннан бірнеше жүзге тарта жауынгерді бірлестірді.

**Король Артур.** Британия аралына баса-көктеп келе жатқан германдарға көрсетілген қарсылық **Амвросий Аврелиан** есімімен тікелей байланысты. Ол аралда қалған соңғы римдіктердің бірі еді. Амвросий Аврелиан VI ғасырдың басында бриттерді біріктірді. Мұның нәтижесінде ол бірқатар көрнекті жеңіске қол жеткізді. Осынау жеңістер туралы мәліметтер кельт тайпалары есінде көп ғасыр бойы сақталып келуде.

Дегенмен аңыздарда басқыншыларға тойтарыс берген батырдың есімі өзгертілген болатын. Дастаншылар оны **Арториус** немесе **Артур** деп атай бастады. Уақыт өткесін **Артур** бейнесіне тиесілі, бірақ VI ғасырға мүлде қатысы жоқ көптеген тарихи аңыздар жинақталды. Арадан бес ғасыр өтсе де Еуропадағы түрлі елдер жазушылары король **Артур**, оның рыцары **Ланселот**, ханшайым **Жиневра**, сиқыршы **Мерлин** туралы шығармалар жазудан қалмады. Бұл шығармалар оқырмандар ортасында кеңінен таралды.

**Күрестің аяқталуы.** Амвросий Аврелианнан кейін бриттердің лайықты жолбасшының жоқтығы англ-сакстарға аралдың үлкен бөлігін басып алуға мүмкіндік берді. Шапқыншылыққа ұшырамаған кельт тайпалары Ирландия мен




17-сурет. Король Артур.

Шотландияда, жартылай Британияның батыс жағында сақталып қалды.

Басқыншылар Британия аумағында жеті корольдық құрды. Олардың сөйлеуі түрлі диалектілік ерекшеліктерге бай болса да, жылдар өткесін англдар мекендеген Мерсия сөйлеу үлгісі барған сайын кең қолданыла бастады. Сондықтан кейінірек басқыншылардың тілі ағылшын деп, ал мемлекет Англия деп атала бастады. Басқыншылардың көптеген тайпалары және бағындырылған халықтың қалған бөлігі бірыңғай халыққа бірікті. Тарихта олар англ-сакс деген атымен мәлім.

**Жаңа шапқыншылық.** Норвегиядан немесе Даниядан шыққан кеме Британия аралына бірнеше күннен кейін жетіп баратын. Сондықтан, замандастардың жазуынша, даниялықтар ол жаққа шабуыл жасап, Англия халқының мал-дәулетін тонап отыратын.



18-сурет. Нормандар шабуылы.

Латын және грек тілінде жаза білген діни қызметкерлердің терең білімі арқасында әйгілі және тамаша болған құсни жазу (каллиграфия) өнерінің орталықтарын — ирланд монастырьларын нормандар өртеп, күлін көкке ұшырды.

Англ-сакс корольдықтары арасындағы ішкі араздыққа бола олар басқыншыларға тойтарыс бере алмады. Нәтижесінде, нормандар 842 жылы **Лондонды** басып алып, оны


тонап, өртеп жіберді. Кейініректе, тонаушылық жорықтарынан соң даниялықтар өз еліне оралмай, Англиядағы басып алған жерлерінде қыстап қалатын болды.

Даниялықтар барша англ-сакс корольдықтарын дерлік бағындырды. Өз қарсылығын тек қана аралдың оңтүстік-батысындағы **Уэссекс корольдығы** жалғастырды.

**Король Ұлы Альфред.** Ұлы Альфредтің (871–900) Уэссекс тағына отырғанына дейін даниялықтарға қарсы ешкім тұра алмады. Ол бүкіл Англиядан басқыншылардан кегін алғысы келетін жауынгерлер жинап, бұлардың көмегімен даниялықтарды бірнеше рет жеңіліске ұшыратты.

Ұлы Альфред 879 жылы даниялықтармен бейбітшілік келісімін жасайды. Келісімге сәйкес бүкіл арал екіге бөлінді: елдің оңтүстік-батысындағы жерлер Альфредке, ал солтүстік-шығыс жағы — даниялықтарға берілді. Шекара Лондон мен Чечтер арасындағы ежелгі римдіктер құрғызған тас жолын бойлап өтті. Скандинавтар қолында қалдырылған жер Дания заңдары облысы яки ағылшынша **Денло** деп аталды.

Ұлы Альфред бейбітшілік келісімін жаңа әрі күшті әскер жинау үшін пайдаланды. Жұртқа мәлім, дұшпан қауіпі төнген кезде бұрыннан халық жасағы жиналатын. Бұдан былай әр бес англ-сакс алтыншысын бағуға және қаруландыруға тиісті болды. Мұның нәтижесінде тынымсыз соғыстар кезінде ауылдың көптеген тұрғындары өз жұмысын қойып кетпеді. Жаңа ереже бойынша, бес кісі алтыншысын дулығамен, қылышпен, жауынгерлік балтамен жабдықтады, ол **викингтен** жаманырақ қаруланған емес-ті. Сондай-ақ алтыншы кісі әрдайым жаттығуға, соғысқа әзірлік көруге тиіс болды. Қалған бесеуі жұмыс істеп тұрғандықтан, ол өз жанұясы жөнінде ойламаса да болар еді. Сөйтіп, сан жағынан қысқарған Ұлы Альфред әскерлері сапалық жағынан бұрынғыға қарағанда



**19-сурет.** Викингтердің ирланд монастырына шабуылы.

бірнеше есе күшейді. Жаңа әскердің пайда болуымен бірге, қоғамда да маңызды өзгерістер туды. Қоғам кәсіпқой жауынгерлерге және егіншілерге бөлінді.

Даниялықтардың қалаларды қоршап алуды онша жақтырмайтынын сезген, Ұлы Альфред өз иеліктері шекарасында көптеп камалдар – **бургтар** құрғызды. Король кеме жасай алатын ұсталар тауып, даниялықтардікінен қалыспайтын қайықтар құрдырды.

Король Альфред тек әскер жинау туралы ойлаған жоқ. Ол өз заманының өте білімді адамы болды. Ал Уэссексте даниялықтардың шабуылынан кейін латын тілін білетін бірде-бір адам қалмаған болатын дерлік.

Ол англ-сакс заңдарын жазуға және Англия тарихына қатысты мәлімет жинауға бұйрық берді. Ұлы Альфред заманында «**Англосаксон жылнамасы**» құрастырылып, оған жылдан жылға маңызды оқиғалар жазып қойылды.

**Денлоның қайтарылуы.** Король Ұлы Альфред өлгеннен кейін оның мұрагерлері Денлоға шабуыл жасады. Жаңа әскер соғыс қимылдарын ойдағыдай жасағандықтан, Англия корольдығы (ол кезде оның бұрынғы «Британия» аты жана «Англия» деген атымен біржолата ығыстырылған болатын) X ғасырдың соңғы ширегіне қарай Денло облысын қосып алды. Осы кезге таман Денлоға қоныстанған даниялықтар жергілікті халықпен біраз жақындасып, бір-бірімен қатынаса бастаған еді.

Содан кейін Англияда жаңа ішкі қырқыстар басталды да, мемлекет әлсіреді. Ал Дания ол кезде тез күшейе түсті. Бірыңғай Дания корольдығы, VIII ғасырдың аяғында Англияға шабуыл жасаған даниялық викингтерге қарағанда, даусыз қауіптірек еді. Англия корольдығы ішкі соғыстардан түгелдей әлсіреп қалғанды. Дания королі 1013 жылы ағылшындар жағалауына өз әскерін әкелді. Соғыс ұзаққа созылмады, тек Лондон қаласы даниялықтарға шамалы уақыт қарсылық көрсетіп отырды.



#### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Британияға қай герман тайпалары қоныс тепті?
2. Амвросий Аврелиан туралы не біліп алдыңдар?

3. Германдардың Британия аралында құрған корольдықтарын айтындар.
4. Король Ұлы Альфред Англияның бірігуіне қандай үлес қосты?

## § 6. ВИЗАНТИЯ ИМПЕРИЯСЫ



20-сурет. Константинополь қаласы.

**Империяның құрылуы.** Император Феодосийдің ұлдары 395 жылы Рим империясын екі тәуелсіз мемлекетке: **Батыс Рим империясына** (астанасы Рим) және **Шығыс Рим империясына** (Византия) астанасы **Константинопольге** бөлісіп алды. **Константинополь** орнындағы Византий қаласының атына бола Шығыс Римді көбінесе **Византия** деп атады.

IV ғасырда Византияның құрамына Балқан түбегі, Кіші Азия, Кавказ, Сирия, Палестина, Мысыр, сондай-ақ Крит пен Кипр аралдары кірді.

Шығыс Рим империясында гректер сан жағынан көбірек болғандық-



21-сурет. Византияның алтын шақасы.

тан, ғасырлар өткен соң грек тілі латын тілін ығыстырып шығып, мемлекеттік тілге айналды.

Еуропалықтар Шығыс Рим империясының халқын **гректер** деп атайтын. Бірақ империя азаматтары өздерін **римдіктер** (грекше ромейлер) деп, ал елін — Рим (Ромей) империясы деп білді.

Византияда құлшылық сақталса да, халықтың үлкен бөлігін ерікті шаруалар құрағаны, жасанды суаруға негізделген мол өнімді егіншіліктің болуы оның экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етті. Сондықтан империяда VI ғасырда **Константинополь, Александрия, Антиохия, Эдесса** сияқты қалалар ірі сауда мен қолөнер орталықтары болып гүлдеп өсті.

Дүние жүзінің әртүрлі елдерінен саудагерлер ромейлердің базарына асығатын. Константинопольды Азия мен Еуропа арасындағы «**Алтын көпір**» деп атады. Византия саудагерлері Батыс Еуропадағы базарларға әдемі киім-кешек, әшекейлер, дәмдеуіштер, қымбат тұратын шарап, құрал-жарақ, ыдыс-аяқ, шіркеу жабдықтары мен түрлі заттарын апарды. Византияның алтын шақасы (**номисма**) көп ғасыр бойы ең сенімді халықаралық ақша болып есептелді.

**Василевс өкіметі.** Византия империясын василевс (грек тілінен «патша» деген сөз) басқарды. Оған сансыз көп сот, әскери және салық мекемелері, мемлекет қызметкерлері, сонымен бірге кеңес орны болып табылатын **синклит** (грекше «сенат») бағынды. Византиядағы шонжарлар мен сенаторлар тек қана ақсүйектер болған емес. Білімі мен қабылеті бар қарапайым халық перзенттері де жоғары лауазымды орындарға жете алатын еді. Солардың ортасынан тіпті императорлар да шыққан болатын. Бұл жағдай ромейлерді ешқашан таңдандырмаған, өйткені олар, ежелгі римдіктер сияқты, империя азаматтарын тумысынан тең құқылы деп санады.

**Византия өміріндегі эллинизм.** Батыс Рим империясының тағдырын қайталамаған Византияның өмірінде көп нәрселер әдетті тұста қала берді. Византиялықтардың тұрмысында эллинизм берік орын алды. Халық бұрынғысынша ипподромда шабандоздардың, күресшілердің, гимнастика шеберлерінің жарысын, мимиктер (актерлер) ойынын тамашалады. Қала тұрғындары ілгерідей әкімшіліктен жалақы алатын

емшілерге барып емделді, қоғамдық моншаларға түсіп тұрды. Ең маңыздысы сол, Византия гректің антикалық ілімін сақтап қалды.

Бастапқы және орта білім беретін мектептердің көбі, Батыс Еуропадағы шіркеулік және монастырлық оқу орындарына қарағанда, жеке меншікті немесе мемлекеттік болды.

Өздерінің шығармалары мен баяндамаларында эллин поэзиясын, ғылымы мен аңыздарын жетік білетінін көрсету үшін византиялық ғалымдар көне авторлардың туындыларынан көптеп мысал келтіретін.

**Византияның алтын ғасыры.** Византия империясы өзінің шырқау шыңына **I Юстиниан** императорлық еткен кезде (527–565) жетті. Ол кедей шаруа отбасында туды. Оның нағашысы **Юстин** қарапайым әскерден саркарда дәрежесіне шейін көтеріліп, император тағын иемденді. Юстин жиенін сарайға жақындатты, оған жақсы білім берді. Нағашысының өлімінен кейін таққа Юстиниан отырды.

Жаңа император саяси тұрғыдан даналық пен ерліктің иесі болды. Ол империя тұрмысын реформалар арқылы жаңалады, халықаралық сауданы жандандырды, мемлекет қазынасын ғана толтырып қоймай, халықтың әл-ауқатын да жақсартты. I Юстинианның бейнесінде табандылық, ептілік, қырағылықпен бір қатарда, ұлы саясаткерлерге тән екіжүзділік, алаяқтық, залымдық сияқты қасиеттер де жинақталған еді.

Юстиниан жұбайы — ханшайым **Феодора** да мәшһүр тұлға болды. Ол жас кезінде актриса еді. Актёрлік ол кезде жақсы кәсіп болып саналмаса да, Феодораның сұлулығына ғашық болған Юстиниан жұртшылықтың қайшы пікіріне қарамай оған үйленді. Өзінің ақылдығы, атаққұмарлығы мен батырлығы арқасында Феодора көзге түсетін.

**Юстиниан жорықтары.** I Юстинианның мақсаты Рим империясының бұрынғы жерлерін тіктеу болды. Ол 534 жылы саркардасын **Велисарийді**, Солтүстік Африкада жай-



22-сурет. Император Юстиниан.



23-сурет. Византия әскері.

ғасып алып, мемлекет құрған және Жерорта теңізінде сауда кемелерін тонап отырған вандалдарға қарсы жіберді. Жақсы қаруланған византиялықтар вандал корольдығын бағындырды. Солтүстік Африка Византияның облысына айналды.

Содан кейін Велисарий Италияға бет алды. Византиялықтар Сицилия аралын ешбір кедергісіз басып алды.

Бірақ олар Италияда остготтардың қатты қарсылығына ұшырады. Велисарийдің қарсыластары — остготтар қашқын құлдарға бостандық беріп, оларды пайдаланды. Ал византиялықтар, керісінше, құлдықты сақтап қалды, кез келген айбы үшін құлды қатты жазалады. Соған қарамастан византиялықтар Италияның көп бөлігін бағындырып, астанасы **Равенна** болған бөлек өкілділік (экзархат) құрды.

Италиядағы соғыстың аяғында I Юстиниан Испанияға да әскер жіберді. Мұнда вестготтар билік ететін. Вестготтар әскерін қиналмай жеңген, Византия оңтүстік облыстарды иелеп алып, Гибралтар бұғазына бақылау орнатты.

**Византияда феодалдық қатынастардың қалыптасуы.** Византияның әлсіреуі VI ғасырдың ортасынан бастап славян тайпаларының шапқыншылығына жол ашты. VII ғасырда Араб халифатының жорықтарынан кейін Византия Сириядан да, Мысырдан да айырылып қалды.

Византияның ауыл шарушылығында ерікті шаруалардың кедейленіп, басыбайлылыққа түсуі одан әрі созылды. Ауылдарда меншіктік жіктелу процесі күшейіп, ірі жер иелері — феодалдар табы мен жері жоқ шаруалар табы пайда болды.

X—XI ғасырларда императорлар шонжарларға, монастырьлар мен гибадатханаларға көптеген жерлерді сыйлап берді. Византияда да феодалдар камалдар құрды, әскери жасақтар ұстады. Феодалдар билігінің күшеюі және орталық өкіметтің әлсіреуі IX—XI ғасырларда феодалдық қатынастардың үзілді-кесілді орнауына әкеп соқты.



### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Византия империясы қалай құрылды?
2. Византияның қайсы қалалары ірі сауда мен қолөнер орталығы болды?
3. Император өкіметі қалайша жүзеге асырылды?
4. I Юстинианның император болған кезеңі туралы әңгімелеп беріңдер.
5. Византиядағы феодалдық қоғам қай ғасырларда қалыптасты?

## § 7. СЛАВЯН МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛУЫ

**Славяндар.** Жазба деректерде византиялық тарихшылар «славян» сөзін VI ғасырдан бастап қолданады. Дегенмен славян тайпалары жөніндегі алғашқы мәліметтер грек-рим тарихшыларының туындыларында, германдармен бір уақытта, б.ж.с. дейінгі II–I ғасырларда тілге тиек етіледі.

Славян тайпалары VI–VII ғасырларда батыста Эльба өзенінен шығыстағы Висла өзеніне дейін, солтүстікте Балтық теңізінен оңтүстіктегі Дунай өзеніне шейін созылған жерлерде өмір сүрді. Соңғы ғасырларда олар үш топқа: **батыс, оңтүстік және шығыс** славяндарға бөлінді.

**Батыс славяндар** – чехтар, поляктар, лужичандар мен словактар.

**Оңтүстік славяндар** – болгарлар, сербтер, хорваттар, словендер, черногорлар, македониялықтар мен босниялықтар.

**Шығыс славяндар** – орыстар, украиндер мен белорустар.

**Славяндардың қызмет түрі.** Славяндар ежелден егіншілікпен шұғылданды. Олар жиналған астықты арнайы қоймаларда сақтады. Византия тарихшысы **Маврикий**дің сөзіне қарағанда, шаруалар масақты егістерден көбінесе арпа мен тары екті. Біздің заманымыздың басында славяндар үй шаруашылығымен, қолөнершілікпен де



24-сурет. Шығыс славяндардың тұрмысы.



25-сурет. Бұлғарлар ханы Аспарух.

айналыса бастады. Висла, Днепр, Дунай, Эльба өзендерін бойлай мекендеген халықтың шаруашылығында балық аулаушылықтың да маңызы зор болды.

**Қоғамдық құрылыс және дін.** Славяндардың қоғамдық құрылысы германдардікіне ұқсас болды. Олар тайпа мен руларға бөлініп жасады. Жазба деректерде халық жиналыстары (славяндар «вечесі»), князьдар, әскери дружиналар, славяндардың жүргізген соғыстары жөнінде мәліметтер кездеседі.

Византиялық тарихшылардың жазуынша, славяндар азаттық сүйгіш, батыр, жауынгер халық болғанымен бірге, бейбітшіл, көршілері жөнінде достық қатынасқа дайын тайпалар еді. Дене құрылысы жағынан күшті, шыдамды болып есептелген славяндар шайқастарда дұшпанға тұзақ қою, кенеттен шабуыл жасау тәсілдерін де кеңінен қолданды.

Славяндардың діни көзқарастары табиғат күштеріне және өз ата-бабаларының рухына сиыну көрінісінде болды. Халық ортасында жындарға, су періштелеріне және басқа аңыздық бейнелерге деген наным да сақталып қалды.

**Славян мемлекеттерінің құрылуы.** Алғашқы славян мемлекеті Балқан түбегінің солтүстігінде VII ғасырдың аяғында құрылған **Болгария патшалығы** болды. IX ғасырдың басына қарай ол ірі мемлекетке айналды. **Симеон** тұсында (893–927) ол өзінің құдіретінің шырқау шыңына жетті. X ғасырдың аяғында көршілес Византия оны басып алды.



### Есіңде сақта!

**Бұлғар (Болгария) патшалығының** негізін Балқан түбегінде түрік тілді бұлғарлар ханы Аспарух (643–701) қалады.

**Чехия мемлекеті.** Ұлы Моравия ыдыраған соң, жергілікті славян тайпалары Витава өзенінің алабын мекендеген чех тайпаларына (аңызға қарағанда, олардың ежелгі жолбас-

шысы **Чех** деп атанды) бағынышты болды. Тайпалар одағы басында **Пржемисловичтер** әулетінен шыққан князьдар тұрды. Олар жиі қолдарына қару алып, өз жерін қорғап отыруға тура келді.

Князь **Вацлав** (920—935) жастайынан христиан қағидасы бойынша тәрбиеленді, кейінірек бар күшімен осы дінді Чехияға жаюға ұмтылды. Алайда оның христиандыққа болған осынау іззет-құрметі көптеген чехтарға ұнамады. Кейбір князьдардың істеген қастығына бола туған інісі оны қастандықпен өлтірді. Тез арада Вацлавты чехтардың ең басты әулиесі, чех мемлекетінің демеушісі ретінде қадірлей бастады.



26-сурет.  
Князь Вацлав.




### Есінде сақта!

**Ұлы Моравия** — қазіргі Чехияның шығысында IX ғасырдың аяғы — X ғасырдың басында құрылған мемлекет. X ғасырдың басында көшпенді венгрлер оны бөліскен соң, оның аумағы Чехия мемлекетінің құрамына енді.

**Чехия мемлекеті** X ғасырдың басында құрылды.

Герман императоры 1085 жылы, Рим папасына қарсы жүргізген ауыр күресінде оған жәрдем бергені үшін, чех князына король атағын сыйлады. Чех корольдары герман императорлары өкіметін мойындаса да, өз елдерінде тұтастай дерлік тәуелсіз болды.

**Польша мемлекеті.** Гнезно ауданында жасаған славяндардың полян тайпалары болашақ Польшаның негізін салды. Кейініректе ол тайпалар одағының атымен пайда болған князьдық Польша деп аталды. Полян князьдары әулетінің аңыздық негіздеушісі, жылнамашының жазуынша, «кедей кісі **Пиаст**» болды. Алайда



27-сурет. Мешко I.

құжаттарда айтылған бірінші **Пиасттар** әулетінің князы **Мешко I** болып табылады. Князь **Мешко X** ғасырдың ортасында Висла өзенінің алабында поляк тайпаларын біріктіріп, Польша мемлекетінің негізін салды. Ол өз әскерімен бірге христиан дінін қабылдады.



### Есінде сақта!

**I Мешко X** ғасырдың орта шенінде Польша мемлекетінің негізін салды.

**I Мешко**ның ұлы **Болеслав Ержүрек** тұсында поляк тайпаларын бірлестіру аяқталды. Ол күшті әскерімен Чехияны басып алды. Ал 1018 жылы Киевті иемденіп алды. Польшаның тәуелсіздігін сақтап қалу үшін **Болеслав** әскерлерімен бірге герман тайпаларына қарсы күрес жүргізді. Ұзаққа созылған бұл соғыста Польша жеңіп шығып, өз шекарасын кеңейтіруге қол жеткізді. Болеслав Ержүрек король болып қалды.



### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Картадан славян тайпаларының үш тобы мекендеген жерлерін тауып көрсетіңдер.
2. Славяндардың шаруашылық жұмыстарын айтыңдар.
3. Славяндардың қоғамдық құрылысы мен діні туралы әңгімелендер.
4. Болгария кімнің тұсында өзінің өркендеуінің шырқау шыңына жетті?
5. Князь Вацлавтың Чех мемлекетінің тарихында алған орны қандай болды?
6. Польша мемлекетінің негізін кім қалады?

## § 8. КИЕВ РУСІ

**Мемлекеттің құрылуы.** Жылнамаларда жазылуынша, шығыс славян тайпалары варягтарға (скандинавиялық нормандарға) елшісін жіберіп, өздеріне князь жіберуді сұрайды. Ол ұсыныс бойынша үш аға-іні: **Рюрик, Синеус пен Труворлар**




28-сурет. Аға-інілі Рюрик, Синеус пен Труворлардың Руське келуі.

Русь жеріне келіп, Рюрик — Новгородқа, Синеус — Белозерьға, Трувор — Изборскіге князь болды. Інілері өлгеннен кейін көп ұзамай Рюрик жалғыз өзі билей бастады.

Жылнамада жазылуынша, Рюриктің 879 жылғы өлімінен кейін оның ұлы **Игорь** әлі жас болғандықтан, билік басына оның туысы **Олег** келді. Ол билеген кезде Киев Русі тарихымен байланысты маңызды оқиға болды. **Олег** 882 жылы өз әскерімен Киевті басып алып, дәл сонда **Киев Русі** деп атанған мемлекеттің негізін салды.

Олегтің және одан кейінгі князьдардың басты міндетіне: Хазар қағандығының езгісінен азат болу, шығыс славян тайпаларын бірлестіруді жалғастыру, ел шекараларын сыртқы жаулардан қорғау, Византиямен мүдделі сауда байланыстарын жүргізу жатты. Славян тайпаларын біріктіруге бағытталған саясат Олегтің қолына солтүстікте Ладога өзенінен бастап оңтүстікте Днепр өзенінің тармағына дейінгі жерлерді жинақтауға мүмкіндік берді. Олег Византиямен пайдалы келісім жасады. Ол келісім бойынша, Русь көпестеріне Византияда баж салығын төлемей сауда жасауға рұқсат етілді.

Игорь өзінің князь болуын (912—945) көшпенді бижанак тайпаларына қарсы соғыстан бастады. Константино-



29-сурет. Киев Русі билеушісі Ольга.

поль келісімді бұзғандықтан, Игорь Византияға қарай жорық ұйымдастырды. Мұның нәтижесінде Византия соғыспай, бейбітшілік келісін жасап, көп алым төледі.

Игорь 945 жылы древлян тайпаларымен болған шайқаста өлгеннен кейін, оның әйелі **Ольга** ұлы **Святослав** кәметіне жеткенше Киев князьдығын басқарды. Ол Русьтің беделін әскери жорықтармен, басқыншылықпен емес, шебер дипломатия арқылы асыруға тырысты. Ольга X ғасырдың 50-жылдары ортасында Константинопольге келіп, христиан дінін қабылдады. Бірақ Ольганың ұлы Святослав жаңа дінді қабылдаудан бас тартты. Ол *«егер мен бір өзім басқа дінге көшсем, дружинам өзімді елемей, келемеждейді»*, — деген еді.

**Хазарларға қарсы күрес.** Жылнамаларда жазылуынша, жиырма екі жастағы Святослав 964 жылы князь тағына отырған соң, әскерімен бірге Шығысқа қарай жорық бастады. Ол Итиль (Волга) мен Дон өзендері аралығында құрылған Хазар қағандығын жеңіліске ұшыратып, оның астанасы — **Итиль** қаласын басып алды. Кейін Святослав Болгарияға, көшпенді бижанактарға, Византияға қарсы соғыстар жүргізді. Ұзаққа созылған соғыстарда сәтсіздікке ұшыраған, Святослав Киевке қайтар кезде Днепр бойында көшпелі бижанактармен болған шайқаста қаза болды.



30-сурет. Ұлы князь Владимир.

**Христиан дінін қабылдау.** Святослав мұрагерлері арасында 972—980 жылдары өзара күрес болды, оның ақырында таққа **Владимир** отырды. Жас князьдың алдында енді елдегі өкіметсіздікті жою міндеті тұрды. Алғашқыда ол славян тайпаларының көтерілісін басып, Киев Русі шекарасында жаңа қорғаныс бекіністерін құрды. Содан кейін князь Дунай бойын мекендеген бұлғарларға қарсы әскери жорық жасады. Сонда да орыстың тарихында Владимир бас-

жорық жасады. Сонда да орыстың тарихында Владимир бас-

қыншы ретінде емес, 988 жылы орыстарға христиан дінін қабылдаған билеуші болып дәріптеледі. Сондай-ақ ол басқарған кезде жергілікті князьдар әулеттері жойылып, олардың орнына Владимирдің ұлдары орынбасар етіп тағайындалды. Алайда басқарудың бұл түрі де келелі мәселелерсіз өтпеді. Князьдың тұңғыш ұлы – Новгород орынбасары **Ярослав** Киевке баж салығын төлеуден бас тартты. Оған қарсы жорыққа дайындалып жатқан кезде Владимир 1015 жылы дүниеден көз жұмды.

Тақ үшін жүргізілген оның мұрагерлері арасындағы күресте жеңіп шыққан Ярославтың кезінде (1019–1054) Киев Русінің гүлденіп өскен кезеңі басталды. Жаңа князь тұсында Киев түбінде пайда болған бижанак тайпалары біржолата жеңілді. Жеңістің құрметіне Киевте Әулие София храмы құрылды. Ярослав тұсында Киев христиан дүниесіндегі ең ірі қалалардың біріне айналды.

**Мәдениет.** Ярослав заманында Русьте ағарту ісі өркендеді. Егер *Владимир* заманында христиан діні қызметкерлерін дайындайтын оқу орны тек Киевте болса, үш жүз дін қызметкерін оқыта алатын осындай оқу орнын Ярослав Новгородта да ашты. Князь заманында әуелі Киевте, кейін Новгородта жылнамалар жазыла бастады. Киев астанада Византиядан әкелінген грек тіліндегі кітаптардың орыс тіліне аударылуы жөнге салынды.



**31-сурет.** Киев.  
Әулие София храмы.  
XI ғасыр.

Ярослав заманында Русьтің Еуропа елдерімен жасаған қатынасы жақсы дамыды.



### Ойланып, қорытынды шығар.

Еуропа мемлекеттері билеушілерінің ішінде тағы қайсы бірі жылнамалар жазып жүруге әмір етті? Жылнама жазып отыру не үшін керек болды?

**Заң шығарушылық.** Данышпан деп атанған Ярославтың заманында орыс жерлерінің алғашқы жазба заңдар жи-



**32-сурет.** Ұлы князь Ярослав қатысып отырғанда халыққа «Орыс ақиқаты» оқылуда.

нағы («**Орыс ақиқаты**») жазылып, оның мұрагерлері тұсында жаңа баптармен толықтырыла берді.

«*Орыс ақиқатына*» азаттық және қылмыстық істер бойынша заңдар енгізілді. Бұдан басқа, одан сол заманғы орыстардың қоғамы, әлеуметтік қарым-қатынасы, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері жөніндегі мәлімет те алуға мүмкін болды. Ең ауыр қылмыс үшін өлім жазасы

белгіленді. Дегенмен, соған қарамастан, «Орыс ақиқатында» орын алған көптеген баптар айыппұл төлеуді де назарда ұстады.



**33-сурет.** Киев Русінің атты жауынгерлері.

**Киев Русі және қыпшақтар.** Көшпелі қыпшақ тайпалары XI ғасырдың ортасында Жайық өзенінен Дунайға дейінгі жерлерді иемденді. Қыпшақ хандары қажеті болғанда ондаған мың жауынгерді сапқа тұрғыза алды. Орыс князьдары жерлеріне тонаушылық басқындарын ұйымдастырып отырды. Орыс князы **Владимир Мономах** (1113–1125) 1095 жылы бірінші рет қыпшақ хандары әскерін жеңіп шықты. Оның тұсындағы соғыстар қыпшақтардың өмір сүрген аумағына ауысты. Бірақ Мономахтың өлімінен кейін қыпшақтардың

шабуылдары қайтадан басталды. Ал Киев Русі саяси бытыранқылық сатысына көшті.




### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Киев Русі қалай құрылды?
2. Киев Русіндегі князьдардың негізгі міндеттеріне не жатты?
3. Сұлбалы картаға Киев Русін және оған көрші мемлекеттерді түсіріңдер.
4. «Орыс ақиқаты» туралы әңгімелеп беріңдер.

## § 9. ЕУРОПАНЫҢ VI–XI ҒАСЫРЛАРДАҒЫ МӘДЕНИЕТІ

**Франк империясының мәдениеті.** Ұлы Карл өз елінде ағартудың жаңа жүйесін жасады. Король бастамасымен 789 жылы халық мектептері ашылды. Заңға сәйкес мектептер храмдар маңында ашылып, дін қызметкерлеріне қарапайым халық перзенттерін төлеусіз оқыту тапсырылды. Сарайда да мектеп ашылды, мұнда Карлдың жақын достары, ғалымдар — сарай академиясының мүшелері сабақ берді. **Сарай академиясы** антикалық дәуір авторларының шығармаларын үйренумен, өлең жазумен жұмысбасты болды. Ұлы Карлдың өмірі мен қызметі туралы біз **Эйнгардт** туындысынан көп мағлұмат аламыз. Оның замандастары білімге деген ұмтылысы арқасында оны «*еңбексүйгіш құмырсқа*» деп атайтын. Сарай академиясының тағы бір мүшесі **Алкуин** мен оның шәкірттері білім жаюға мол үлес қосты. Карлдың өзі де латын, грек тілдерін жетік білген деседі.



34-сурет. Алкуин.

**Византияның мәдениеті.** Византия орта ғасырлардың барша кезеңінде Еуропаның ең озық мемлекеті болып қалды. Өйткені, герман тайпаларының басқыншылығы салдарынан құлдырап кеткен Батыс Римнен айырмашылығы, Византияда антикалық мәдениет дәстүрлері сақталып қалды, византиялықтардың тұрмысында грек және Шығыс мәдениеттерінің қосындысы — **эллинизм** маңызды рөл ойнады.

Білімі мен ғылымы ең жақсы дамыған қала, «ғылымдар анасы» — **Афина** болды. **Платон** (б.ж.с. дейінгі IV ғасырда) **Афина** академиясының негізін салды. «...негізін Платон қалаған ғылымның осынау ордасы мың жылдар бойы тек гректің қана емес, бәлкім бүкіл Шығыс пен Батыс дүниесінің дамуына күшті ықпал жасайды, адамзат өркениетінің келешегін белгілеп береді. Сондықтан да Платон «алғашқы ұстаз», яғни бірінші оқытушы деген құрметке бөленеді»<sup>2</sup>.

<sup>2</sup> Ислам Каримов. Жоғары руханият — жеңілмес күш. Т.: «Маънавият», 2008, 161-б.

Византияның экономикалық дамуы жаңа оқу орындарын және ғылыми орталықтар құруды талап етті. Константинопольде IX ғасырда **Магнавр жоғары мектебі**, 1045 жылы құқықтану және философия факультеттері бар университет ашылды. Астанада жоғары медициналық мектеп те әрекет етті.



35-сурет. «Грек оты».

Византияда жаратылыс, тарих пен география ғылымдары да дамыған еді. Византияның орта ғасырда даңқын жайған шыны, құмыра, бояу дайындау сырлары антикалық дәуірден бері сақталып келді. VII ғасырда ойлап табылған *«грек оты»* Византияның теңіз шайқастарындағы жеңісін камтамасыз етті.

Тарихшылар өздері қатынасқан оқиғаларды ұқыптылықпен жазып отырды. Ал географтар карталар мен қалалардың сызбасын сызды. Ол кезде Еуропаның басқа өлкелерінде осындай істер істелген емес еді.



### Есінде сақта!

**«Грек оты»** — лақтырылатын жаңғыш зат, оны мұнай, күкірт, селитра, түрлі қарамайлар араласқан қоспадан дайындайды. Византияның әскери кемелерінде пайдаланылды.

**Бейнелеу және сәулет өнері.** Византия мәдениетінің ең әйгілі саласы бейнелеу өнері — **мозаика, фреска және икон** жасау болды.



### Есінде сақта!

**Мозаика** (француздың **«мозаике»** — «музаларға бағышталған» деген сөзінен шыққан) — бір түрлі немесе әртүрлі шикізат (кафель, тас, ағаш, мәрмәр және металл) сынықтарынан істелген бейне-кескін, әдемі оюнақыш (монументалды) безендіру өнерінің негізгі түрі.

Бейнелеудің византиялық стилі: суреттердің үйлесімділігімен, бояулардың ашықтығымен көзге түсіп тұрды.

Суретшілер шіркеулік заңдар мен талаптар аясына сүйеніп, дерексіз емес, жанды адамдарды бейнелеуге тырысты. Мозаикасы мен фрескалары бар **Хори монастыры** (қазіргі Стамбулдағы Қаһрия мешіті) өз заманының сәулетшілік жәдігерлігі болып саналады.


I Юстиниан заманында Константинопольде құрылған **Әулие София храмын** ешбір шүбәланбай алғашқы орта ғасырлардағы ең алып архитектуралық ғимарат деп айтуға болады. Оның үлкен күмбезі болды, 40 терезеден тұратын шеңбер оны айналдыра қоршап тұрды. Храм қабырғалары түрлі тастармен, шыны сынықтарынан өте әдемілеп жасалған мозаикалармен безендірілді.

X–XI ғасырларда тік бұрышты храмдардың орнына көрінісінен крестке ұқсас, ортасында крес күмбезі бар храмдар құрылды.


Храмдар бір уақытта тыныштық мекені әрі құдайдың салтанатты үйі болып саналды. Оларды безеуде шіркеудің қатал заңдары – Иса пайғамбар, Биби Мариям, әулиелер, сонымен бірге Библиядан алынған оқиғалар суретін кескіндеу заңдылығы сақталды. Христиан дініне тән өнердің мақсаты, өлгеннен кейін жаннат рақатына қалай жетуге болатыны жөнінен нұсқау-ережелерді діндарларға насихат етуден тұрды.

Византия ортағасырлық Еуропа үшін мәдениет таратушы болды: оның шеберлерін, суретшілерін, архитекторларын басқа елдерге шақырып отырды, сондай-ақ ондағы ұсталар мен ғалымдардың қолында еуропалық жастар тәлім алды. Византия шығыс славяндардың мәдениетіне күшті ықпал жасады. Киев Русі христиан дінін Византиядан қабылдады. Русьтегі алғашқы храмдарды да византиялық ұсталар құрып, жабдықтаған болатын.

Орта ғасырларда Батыс Еуропада да храмдар, монастырьлар құруға ерекше көңіл бөлінді. Архитектурадағы



36-сурет. Әулие София храмы.



37-сурет. Франциядағы Пуатье храмы.

**роман стилі** кеңінен жайылып, ондағы храмдар үлкен әрі алып қабырғалы күмбездері, қалың бағандары, біршама шағын терезелері, дарбаза мен есіктері аркалы етіп құрылғандығымен көзге түсіп тұрды.

Роман стилімен құрылған әйгілі ғимараттар болып: Франциядағы **Пуатье, Клуини, Арль** храмдары, Германияның **Шпейер, Вормс, Майнц, Ахен**дегі шіркеулер саналады.

**Шіркеу мен ағарту.** Батыс Еуропаның алғашқы ортағасырлық мәдениеті христиан шіркеуімен тығыз байланысты болды. Шіркеу ғылымға, ағартуға, әдебиет пен өнерге ықпалын тигізді. Сондықтан адамдардың дүние жөніндегі



38-сурет. Орта мектеп оқытушылары.

түсінігі шіркеуге, діни ілімге сүйенді. Басқа елдер туралы мәліметтер жеткілікті болмағандықтан, халық ортасында әртүрлі болмаған нәрсе кең таралатын. Ғылым мен техниканың баяу дамығаны, адамдардың құрғақшылықтан, топан судан, жұқпалы аурулардан азап шегуіне әкелді. Қажеті болмаған соң тек шаруалар ортасында ғана емес, тіпті феодалдар ортасында да сауатты адам аз болды. Рыцарьлар қол қоюдың орнына кө-

бінесе екі сызық сызып қоятын.

Храмдар мен монастырьлар маңындағы бастауыш мектептер лауазымы төмен дін қызметкерлерін дайындады. Мұндай мектептерде латын тілімен бірге, ғибадат ету, дуға оқу ережелерін де үйретті.

Ал үлкен храмдардың жанында ашылған, орта тәлім беретін мектептерде дүнияуи білімдер де берілді. Ұлы Карл мемлекетінде кеңінен жайылған осынау мектептер ғасырлар өткен соң университеттердің негізін қалады.

Храмдағы мектепте түрлі жастағы балалар оқыды. Оларды жасына қарай сыныптарға бөлмей аралас оқытты. Кейбір мектептерде бір ғана кітап болды, оқытушы оны кезекпен балаларға беріп, үзінділер оқуға мәжбүр етті. Сабак латын тілінде жүргізілді. Оқушылардың неменеге қызығып жүргенімен әдетте санаспайтын. Тәртіпсіз оқушыларды қатал жазалап отырды.

Мектептерде антикалық дәуірден мәлім, «жеті еркін өнер» делінетін ғылымдарға үйретті. Оқушылар әуелі **тривиумды** — грамматика, диалектика мен риториканы меңгеріп отырды.



### Есінде сақта!

**Грамматика** — тілтану туралы ілім, балаларды оқуға үйретті.

**Диалектика** — қазіргі логикаға ұқсас ғылым; оқушылар жарыссөзге шыққан кезде өз пікірін дәлелдеуге үйренді.

**Риторика** — өлең, әдеби шығарма жазуға, шешендік өнеріне, құқық негіздеріне үйретті.

Біршама күрделі ғылымдар саласында — **квадриумде** оқушылар: арифметика, геометрия, музыка мен астрономияны меңгерді. Астрономияның мазмұнына орта ғасырларда мәшһүр болған астрология — жұлдызжорамалға (гороскоп) қатысты мәліметтер енгізілді. Жұлдызшылар ғаламшарға және ондағы жұлдыздарға қарап адамдардың тағдырын алдын ала айтып отырды.



### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Платон академиясы туралы не біліп алдыңдар?
2. Византияда бейнелеу өнерінің қай салалары жақсы дамыды?
3. Еуропа мен Византияның сәулет өнерінің асыл қазынасы жөнінде естеріңде не қалды?
4. Ортағасырлық мектеп туралы әңгімелеп беріңдер.
5. Тривиум мен квадриумде оқушыларға қандай білім берді?

## II ТАРАУ. АЛҒАШҚЫ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ АЗИЯ ХАЛЫҚТАРЫ

### § 10. ЖАҢА ДІН ӨРБИГЕН ЖЕР

**Арабстан.** Араб тайпалары Арабия түбегі мен оған іргелес жерде өмір сүрді. Олар **семит** халықтарына жатады, семиттерге арабтардан басқа: яһудилер, ассурлар, финикиялықтар, арамейлер де енеді. Бұл халықтар Ежелгі Шығыстың танымал мемлекеттерін: Аккад, Бабыл, Израиль патшалықтарын құрған болатын.

Көшпенді арабтар — бәдәуілер (шөл адамдары) түйе, қой және жылқы шаруашылығымен шұғылданды. Олар шөл-шөлейттерде, жауларларда малдарын бағып, көшіп жүрді.

Арабстанның оңтүстігі мен батысындағы отырықшы егіншілік халқы сайлар мен бұлақтар, құдықтар айналасында құрма, жүзім өсірді. Нақ осы жерден оңтүстікке, Африкаға және Үндістанға қарай керуен жолдары өтетін. Ұлы Жібек жолы бойындағы елдерде тынышсыздық болған кезде, керуен жолдары Арабстанға бет бұратын. Замандар өткесін керуен жолдарын бойлай мекендеген халық қорғандар мен қалалар құрды. Олардың тұрғындары керуен жолдарындағы көпестер мен саяхатшыларға қызмет көрсетумен жұмысбасты болды.

Бұл қорғандардың ішінде ең үлкені **Мекке** қаласы болды. Көшпенділер малдарын қалаға әкеліп, жергілікті халықтан бидай, мата, құрал айырбастап отырды.

Арабстанның ең дамулы облыстары — **Йемен** мен **Хижаз** болды. Өзінің құнарлығымен Йемен жерлері өзгеше көрінді, су жеткілікті болғандықтан мұнда жеміс, құрма ағаштары өсті. Арабтың «**Йемен**» сөзі — «**бақытты**» деген мағынаны білдіреді. Арабтарды күндеген Рим тарихшылары Йеменді «Бақытты Арабстан» (*Arabia felix*) деп атады.

**Әлеуметтік теңсіздіктің шығуы.** VI—VII ғасырларда халықтың саны артып, тайпалар арасында су бұлақтары мен жайлаулар үшін күрес күшейді. Олардың әртүрлі құдайлар-

ға сиынуы тайпалар арасындағы қайшылықтарды одан әрі өршітті. Соғыстардан түскен әскери олжалар тайпа жетекшілерінің, әскери қолбасшылардың баюына әкелді. Нәтижесінде, ру-тайпалық шонжарлар – шейхтер келіп шықты. Бұл процесс VII ғасырдың басында рулық құрылыстың ыдырауын тездетті.

Иран патшасы **Хусрав I** 570 жылы Йеменді басып алған соң, керуен жолы ирандықтарға қарасты Екі өзен аралығына жылжыды. Сауданың күйзелісі барша араб халықтарының тұрмысын қиындатты. Бұл жағдай орталығы **Мекке** қаласында орналасқан, негізінен құрайш тайпасы өмір сүрген Хижазда анық байқалды.

**Ислам діні және арабтардың бірігуі.** Экономикалық күйзеліс көшпенділерді жаңа жер басып алуға, жайлаулар көлемін кеңейтіруге мәжбүр етті. Ол кезде Византия мен Иран сияқты көршілес елдердегі экономикалық дағдарыс, күшті әскердің болмауы арабтарға қолайлы жағдай туғызды. Құралып шыққан жағдайда арабтардың бірігуіне жаңа дін – ислам діні жәрдемін тигізді.



39-сурет. Араб жауынгерлері.



### Есінде сақта!

**Ислам** (араб тілінен аударғанда «бағыну», «табыну») жер жүзінде кең таралған дін. Оның жолын ұстанушылар мұсылмандар деп аталады.

Ислам тарихшылары, оның негіздеушісі – пайғамбар **Мұхаммед** ғалайһиссаллам 570 жылы Меккеде дүниеге келген деп жазады. Ол құрайш тайпасының хошимийлер руына жататын, өте бай болмаған, бірақ Мекке ақсүйектеріне жақын отбасында туылды. Мұхаммед (ғ.с.) нәрестелік шағында-ақ жетім болып қалды. Оның дүниеге келуінен бұрын әкесі Абдуллах, ал 6-жастық шағында – анасы Амина қаза табады. Оның кейінгі өмірі бабасы **Абдулмуталибтің** қамқорлығымен өтті. Бабасының өлімінен соң Мұхаммед (ғ.с.) немере ағасы **Абу Тәліптің** тәрбиесінде қалады.

Ислам діні дерекнамаларында жазылғанындай, Мұхаммед ғалайһиссалламға 610 жылдан бастап Алла Тағаладан уахи келе бастайды. Ол құдіретті, жалғыз әрі бірыңғай құдайдан, яғни Алла Тағаладан басқа ешқандай құдай жоқ, өзін расулуллах — құдайдың елшісі, пайғамбары деп жариялады.



### Есінде сақта!

**Құран** (арабтың «әндетіп оқу» деген сөзінен шыққан) — ислам дінін ұстанушылардың қасиетті кітабы. Ол Алла Тағаладан Мұхаммедке (ғ.с.) уағыз арқылы түсірілді. Құран жиырма үш жыл бойы түсіріліп, 114 суреден тұрады.

Алғашқыда жаңа дін Мекке құрайштары тарапынан жақсы қабылдана бермеді. Ақырында, 622 жылы Мұхаммед (ғ.с.) өз жақтастарымен бірге **Ясрибке** (Мединеге) келді. Бұл оқиға **хижра** (көшу) деп аталып, мұсылмандық жыл санауының бастапқы күні саналады.



40-сурет. Мекке. Қағба.

Ясриб Мұхаммедті (ғ.с.) жақсы қарсы алды. Мұсылман — мединеліктер және соларға қосылған көптеген араб тай-

палары **Мекке** үшін соғысып, күресін сәтті аяқтады. Қала соғыссыз алынды, қасиетті орындар тайпаның діни пұттарынан, жалған құдайларынан тазаланды. Меккедегі **Қағба** мұсылмандардың ең басты зиярат орнына айналды. Мұхаммед (ғ.с.) араб тайпаларының өзара соғыстарына шек қойып, ислам дінін қабылдауға шақырды. Кейінгі 10–12 жыл ішінде Арабстан қалалары мен көшпенді тайпалар бірінен соң бірі Мұхаммед (ғ.с.) билігін мойындады.

630 жылға қарай арабтардың көбі мұсылман болды. Мекке ислам дінінің орталығына, барша мұсылмандар үшін қасиетті қалаға айналды. Ислам дініне сүйене отырып, Арабия түбегінде көшпенді және отырықшы тайпаларды бірлестірген бірыңғай мемлекет пайда болды.



#### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Араб тайпаларының негізгі қызмет түрін айтып беріңдер.
2. Әлеуметтік теңсіздік арабтарда неліктен пайда болды?
3. Мұхаммед (ғ.с.) пайғамбардың өмірі туралы естерінде қалғанын әңгімелендер.
4. Араб тайпаларының бірлесуінің себептерін түсіндіріп беріңдер.



#### Ойланып, қорытынды шығар.

Арабтардың мемлекет құрылғанға дейінгі құрылысы Еуропа халықтарынан қайсы бірінің құрылысына ұқсас болды?

## § 11. АРАБ ХАЛИФАТЫ. ОНЫҢ ІШКІ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ

**Халифаттың құрылуы.** Пайғамбар Мұхаммед (ғ.с.) өлгеннен кейін оның жақын серігі **Әбу Бәкір** (632–634) халиф («орынбасар») орнына сайланды. Ол билеген кезде Арабия түбегінің халқы исламды түгелдей қабылдады. Өзінің жомарттығымен, әділеттілігі, діни мәселелердегі табан-



41-сурет. Араб халифаты

дылығымен кейінгі **Умар** халифтың (634–644) даңқы шықты. Оның тұсында арабтар Палестинаны, Сирияны, Мысыр мен Ливияны, Иранның үлкен бөлігін басып алды.

**Усман** халифаты тұсында (644–656) Иран толығымен басып алынды. Халифат әскерлері Дағыстанды жаулап алып, Амудария жағалауына

жақындады. Усман заманында Құран аяттары жинақталып, бір кітап түріне келтірілді. Соңғы халиф Әлидің (656–661) билігі өз қарсыластарына қарсы жүргізген үздіксіз күреспен өтті.

Халифат әскерлері VIII ғасырдың басында Солтүстік Африканы бағындырды. **Тарық ибн Саид** басшылығындағы арабтар әскері 711 жылы, келешекте оның атымен аталған Гибралтар (Жабал ат Тарық – «Тарық тауы» деген сөз) бұғазынан асып, Испанияны басып алды. Оның Еуропаға қарай жорықтары **Бордо** қаласының түбіне дейін созылды. **Пуатьедегі** 732 жылғы соғыста франктар билеушісі **Карл Мартель** арабтарды жеңіп, олардың Францияға қарай жорықтарына шек қойды.



42-сурет. Ташкентте сақталып тұрған халиф Усманның Құраны.

Арабтар Шығыстағы Кавказ сырты мен Орта Азияны басып алып, халықты ислам дініне кіргізді. Халифаттың Шығысқа жорықтары Орта Азияда Таласқа дейін, Үндістанда – Монғолстанға дейін жалғасты. Ақыр аяғында, VII ғасыр – VIII ғасырдың бірінші жартысында орасан зор араб мемлекеті – **Араб халифаты** құрылды.

**Халифаттағы мүліктік қатынастар.** Арабтарда жаулап алынған барша елдердің жерлері мемлекеттің жері деп жарияланғанымен, іс жүзінде бұрынғы иеленушілер қолында қалды.

Сирия мен Иран жаулап алынғаннан кейін, араб шонжарлары халифатқа қосылған жерлердің бөлісуін қалағанын мәлімдеді. Дегенмен халиф **Умар** жерді өз иелеріне қалдыруға әмір етті.

Жаулап алынған елдер билеушілерінің, өлген шонжарлардың, өкімет өкілдерінің жерлері халифтың қазынасына көшті. Мұндағы жердің көлемі өте үлкен болды.

Арабтардың жүзеге асырған жер салығы — хираж өнімнің  $\frac{1}{3}$ -ін құрады. Исламды қабылдаған байлардан 48, орта шаруалардан — 24, кедей егіншілер мен қолөнершілерден — 12 дирхемнен **жизия** салығы алынды. Мал мен саудадан алым — **зекет**  $\frac{1}{40}$  үлесті құрады. Халифатта құлдар еңбегі де кеңінен пайдаланылды.

**Арабтарға қарсы халық көтерілістері.** VIII—IX ғасырларда жаулап алынған жерлерде халық көтерілістерінің толқыны етек алды. Ирақтағы **Куфа** қаласында 685–687 жылдары болып өткен көтеріліске арабтар мен парсылар — қаланың кедейлері мен қолөнершілері қатынасты.

Орта Азияның оңтүстігіндегі Мерв қаласында 747 жылы **Әбу Мүслимнің** басшылығымен басталған көтеріліске халықтың барша топтары қатысты. Көтеріліс Мауароуннахр мен Хорасанды қамтыды. **Әбу Мүслим** басшылық еткен көтерілістің салдарынан Умарилер үстемдігі құлады да, халифатты басқару ісі жаңа әулет — **Аббасилерге** ауысты.




**43-сурет.** 732 жылғы Пуатье соғысы.



### Есінде сақта!

Араб халифаты 632–1258 жылдары әрекет етті. Онда **Умарилер** (661–750) және **Аббасилер** (750–1258) әулеті билік жүргізді.

Мауароуннахр орталығы Соғдианада 769–783 жылдары **Мұқанна** басшылығындағы үлкен халық көтерілісі болды. Көтерілісшілер ұзақ уақыт бойы араб әскерлерінің шабуылына тойтарыс беріп отырды. Әзербайжанда 815 жылы **Бабек** басқарған көтеріліс те 20 жылдан астамға созылды. Тарихта «**қызыл киімділер**» деп атанған көтеріліске қатысушылардың ұраны: «*Қырық жыл бейшара құл болғанша, бір күнгі бас бостандығым артық!*», — деген болды.



44-сурет. Бабек басшылығындағы көтеріліс.

Халық көтерілістері, соғыстар, билік үшін күрес халифаттың саяси ыдырауына бастама болды. Халифаттан бөлініп шыққан бірінші тәуелсіз әмірлік 756 жылы Испанияда құрылды. Ол X ғасырдан бастап **Кордова әмірлігі** деп атанды. IX ғасырда Мысыр, Иран, Мауароуннахр, Хорасан тәуелсіздікке қол жеткізді. Аббасилер қарамағында не бары Таяу Шығыс пен Арабия түбегі қалды. Монғол ханы **Хулағид** 1258 жылы Бағдатты басып алған соң, Араб халифаты өмір сүруден қалды.



### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Халифаттың құрылу тарихын айтып беріңдер.
2. Картадан арабтардың жаулап алған жерлерін тауып көрсетіңдер.
3. Халифаттың ыдырауына себепкер болған факторларды айырып айтыңдар.
4. Халифатта салықтың қандай түрлері болды?
5. Арабтар жаулап алған елдердегі халықтардың көтерілістері туралы әңгімелеп беріңдер.



45-сурет. «Байт ул хикма».

## § 12. ХАЛИФАТ ЕЛДЕРІНІҢ МӘДЕНИЕТІ

**Ислам мәдениеті және Орта Азия.** Араб халифаты жаулап алған жерлерде жаңа — араб өркениеті өрбіді. Оның пайда болуында ислам дінінің маңызы өте зор болды.

Батыс Азияның ежелгі әрі озық мәдениеті бар елдеріне келген, арабтар алғашқы кезде гректерге, яһудилерге, сириялықтарға, парсылар мен соғдыларға қара-

ғанда артта қалған еді. Бірақ олар сол халықтардың мәдениетін өздеріне сіңіріп, одан да озығырақ мәдениеттің құрылуына жағдай жасады. Мәселен, халиф **Қарун ар-Рашид** сарайында IX ғасырдың басында «**Байт ул хикма**» — «**данышпандық үйі**» құрылды.


Сол кездегі анық пәндердің — математика, астрономия, геометрияның жақсы дамығаны байқалды, ал бұл өз жайында қолөнер мен сауданың өрістеуімен тікелей байланысты болды. Көп уақыт өткесін, халифатта ойлап табылған глобус пен компас барша елдерде қолданыла бастады. Ал Еуропа медицинасы XVII ғасырдың ортасына шейін білімдер мен әдістемелік нұсқауларды Орта Азиядан жетіліп шыққан ғұламалар — **Әбу Әли ибн Сина** мен **Әбу Бәкір ар-Розилердің** еңбектерінен алып отырды.

Отандасымыз **Мұхаммед Хоразми** (IX ғасыр) математика тарихында алғашқы рет алгебра пәнінің негізін салды. Математикада пайдаланыла бастаған үнді цифрлары кейініректе Еуропаға да, бірақ рим цифрлары атымен жайылды.


Бағдат пен Дамаскіде обсерваториялар құрылды, ондағы астрономдар күрделі өлшемдер пайдалана отырып, Жер шарының меридианын есептеп шығарған болатын. Араб саяхатшылары еуропалықтардан бірнеше ғасыр алдын Үндістан мен Қытайға, Африкаға, Шығыс Еуропаның ең қашық аймақтарына барып келді. **Ал-Маасуди, Ибн Даст, Ибн Фадлан, Ибн Баттуталар** осы өлкелер жөнінде шығармалар жазып, карталар жасады.

**Әдебиет.** Мұсылман әдебиеті алғашқыда араб тілінде жазылды. Кейінірек X ғасырдан бастап ол парсы тіліне аударылды. Әсіресе мұсылман поэзиясы жоғары дәрежеге жетіп, оның көптеп түрі қалыптасты.

Көпестер мен саяхатшылар алыс елдерден тек ғажайып бұйымдар ғана емес, сонымен бірге қызық оқиғалар туралы әңгімелер, өзге халықтардың аңыз-ертегілерін де алып келді. Бұл туралы олар халиф сарайында, шонжарлар тойларында, базарларда, көше мен алаңдарда әңгімеледі. Осынау оқиғаларға, аңыздар мен ертегілерге сүйеніп, араб әдебиетінің асыл қазынасы — «**Мың да бір түн**» туындады.



**46-сурет.** Кордова мешітінің өрнекті күмбезі.



**47-сурет.** Каир. Хасан мешіті.

**Сәулет өнері.** Халифатта сәулет өнерінің басқа салаларынан бәрінен гөрі сәулет өнері өте жақсы дамыды. Халифат құрамындағы елдерде көрікті сарайлар, мешіт пен медреселер, камалдар бой көтерді. Гранададағы (Испания) **Ал-Хамро** сарайы, Кордовадағы (Испания) мешіт, Каирдегі **Хасан мешіті**, Бұхарадағы **Ысмайыл Самани** кесенесі — арабтар заманындағы сәулет өнерінің көркі болып табылады.

Халифат мәдениетінің негізгі салаларының тағы бір тармағы каллиграфия — құсни жазу өнері болды. Құсни жазушылар жазуға тиісті мәтіннің мазмұнына сай келетін жазудың түрлі әдістерін ойлап тапты. Құран Кәрімнен алынған аяттар, ислам сәулет өнерінің көрігі болып табылатын ғимараттардың ішкі де сыртқы жақтарын безеуде кеңінен қолданылды.

Шығыс мәдениеті Еуропа мәдениетін дамытуға өзінің жөнді ықпалын тигізді. Кейінгі ғасырларда еуропалық ғалымдар Азия елдерінің математика, медицина, астрономия, картография салаларында қол жеткізген жетістіктерін меңгеріп алды.

**Көркемөнер.** Жұртқа мәлім, ислам дінінде тірі жәндіктер бейнелеуге тыйым салынады деген қағида кең таралған болатын (бірақ шындығында тыйым дегені — құдайдың суретін салуға, сондай-ақ түсірілген нәрсеге сиынуға тыйым салынған болатын). Мұсылман бейнелеу өнері кітаптарды безеу саласында өзінің шырқау шыңына жетті. Кітаптар үшін көптеген адамдар мен аңдарды бейнелейтін ою-әше-

кейлер дайындалды. Мәтін күрделі өрнектермен көмкермеленді. Сонда да мұсылмандар өнерінің негізін бейнелеу өнері емес, каллиграфия, яғни әдемі жазу өнері құрады. Егер христиандар үшін ең қасиетті сурет крестегі құдайдың бейнесі болса, мұсылмандар оны құдайдың сөзінде бейнеледі. Сөзді қасиетті деп білді. Мұсылмандардың құсни жазу саласында жеткен табыстары бәрін таңқалдырады. Құсни жазу өнерін дамытуға Иран, Хурасан, Мауароуннахрда жасаған халықтың өкілдері орасан зор үлес қосты. Өйткені олар қай тілде сөйлесе де, араб жазуын пайдаланды. Араб жазуы Сириядағы арамейлердің немесе араб христиандарының ойлап тапқан арамей әліпбиіне сүйеніп жасалды. Бұл әліппе 28 әріптен тұрады, ал ол араб жазуы солдан оң жаққа емес, оңнан сол жаққа қарай жазылады.

**Тұрмыс салты.** Мұсылмандардың тұрмыс мәдениеті өзінің әсемділігімен, әдептілігімен көзге түсіп тұрды. Еуропалықтар кейініректе олардың кейбір қасиеттерін үлгі етіп алды. Мәселен, жылдың әртүрлі мезгілінде ауа-райына қарай киіну, тойларда тағамдардан әуелі сұйық сорпа, соңыра еттен істелген тамақ, ал ең ақырында – тәттіліктер тарту тәртібін меңгеріп алды.

Рим және Византия заманынан Таяу Шығыстағы халықтың ыстық моншаға түсуге ықыласы зор болған. Мұсылмандар бұл әдетті меңгеріп алып, өздерінің билігі орнаған барша өлкелерге таратты. Ірі қалаларда жүздеп монша құрылды. Оларды мәрмәрден жасады, қабырғаларын мозаика және өрнектермен безеді. Мұсылмандар тазалық пен мұңтаздыққа көп назар салып отырды.



### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Араб-ислам мәдениетін дамытуға үлкен үлес қосқан ортаазиялық әулие-әнбиелер туралы айтып беріңдер.
2. Араб саяхатшыларының арасында кімді білесіңдер?
3. «Байт ул хикма» қандай мекеме еді?
4. Араб халифатында құрылған архитектуралық ескерткіштердің атын дәптерлеріңе жазыңдар.
5. Халифат елдері мәдениетінің Еуропаға тигізген ықпалын әңгімелеп беріңдер.

## § 13. АЛҒАШҚЫ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҮНДІСТАН

**Елдің ішкі жағдайы.** Кушандар империясы ыдырыған соң, Үндістанда өкімет басына келген I **Чандрагупта** (320–340) гупталар әулетінің негізін салды. Гупталар мемлекетінің астанасы **Паталипутра** қаласы болды. IV ғасырдың аяғы – V ғасырдың басында Гупталар империясы гүлдеп дамыды. Дәл осы кезде Үндістанда мүліктік қатынастары пайда болады.

Билеушілер өздеріне жақын шонжарларға, әскери бастықтарға жерді сыйға беріп отырды. Мұның нәтижесінде IV–V ғасырлар ішінде ірі жер иелері пайда болды. Олар шаруалардан салық алудан басқа, еңбек міндеткерліктерін өтеуді



**48-сурет.** Гупталар заманындағы темір баған. V–VI ғасырлар.

де талап етті. Алғашқы орта ғасырларда елдегі халықтың каста-варналарға (таптарға) жіктелуі, яғни брахман, кшатрилер, вайшілер және шаруалар таптары сақталып қалды.

Үндістанда алғашқы орта ғасырларда қалыптасқан қоғамдық қатынастар тек феодалдық көріністе болып қоймай, құлдық нышандары да белгілі дәрежеде сақталды. Бірақ құлдардың еңбегі өндірісте емес, көбінесе үй жұмыстарында пайдаланылды. Тамақпен қамтамасыз етумен бірге қожайын құлына киім-кешек те беріп отырды.

**Мемлекеттегі феодалдық бытыраңқылық.** Үндістанның солтүстік-батысынан VI ғасырда бастырып келген эфталиттер шабуылының тегеуірінімен Гупталар империясы бөлшектеніп, елдің үлкен бөлігі басқыншылардың қолына өтті.

Үндістанда VII ғасырда болған Қытай тарихшысы **Сюань Цзянның** жазуынша, мұнда 70-ке жуық үлкенді-кішілі князьдық болды. Князьдар – раджалар ортасында бітпейтін соғыстар болып тұрды. Қолға түскен олжалар мен

жерлер жеңімпаздардың арасында бөлінді. Сыйға берілген жер **грасс** («бөлек» яки «құлтым» деген сөз) деп аталды, оны алған адам әскери қызмет атқаруға тиісті болды. Өзінің үй-іші жоқ шонжарларға раджалар белгілі мерзімге пайдалануға жер беріп отырды. Мұндай жер **патта** («жарлық» немесе «жарлыққа алынған жер») деп аталды. Патта үздік қызмет көрсеткен кісілерді марапаттау үшін де пайдаланылды. Мүліктік қатынастарының нығая түсісімен патта жерлері де ұрпақтан-ұрпаққа мирасқа қалдыруға болатын мүлікке айнала бастады.

Жатжұрттық басқыншылар да өзара қырқыс соғыстарынан әлсіреп жатқан Үндістанды талай рет тонады. Мәселен, Араб халифатының қираған орнында пайда болған мұсылман елдерінің билеушілері XI ғасырдан Үндістанға қарай шабуылдарын бастады. Газна билеушісі **Махмұт Газнавидің** әскерлері XI ғасырдың басында елдің солтүстігіне 17 басқыншылық жорығын жүргізді. Белгілі мерзімі өткесін Үндістанның солтүстік бөлігін мұсылман билеушілері толығымен басып алды.

**Халықтың қызмет түрі.** Шығыс халықтары ертегілерінде Үндістан аңызға айналған байлығы бар мемлекет болып бейнеленді. Еуропада үнді раджалардың байлықтары жөнінде аңыздар жайылды.

Шынында осынау байлық халықтың ауыр еңбегінің арқасында жарыққа шыққан болатын. Шаруалар өзендерден канал мен арықтар тартып, жаңа жерлер игерді, одан жылына 2—3 рет өнім алды. Құнарлы жерде салы, мақта, қант құрағы, дәмдеуіштер мен шай өсірілді. Ғасырлар өткен соң бұл егіндер көрші елдерге де таралды.

Өздерінің шеберлігімен үнді қолөнершілерінің даңқы шықты. Олардың зергерлік бұйымдары, алтыннан және күмістен істелген ыдыстары Үндістанның тысқарысында да жоғары бағаланды. Піл сүйгінен, ағаштың қатты түрлерінен жасалған адамдар мен аңдардың мүсіндері раджалардың да, жатжұрттық патшалардың да сарайларын безеп тұрды. Тоқымашылар ағаштан істелген кәдімгі қондырғылармен нәзік мата тоқыды.

**Сауда байланыстары.** Үндістанның батысындағы теңіз жағалауында портты қалалар көп болды. Бұл жерге шет өлкелерден әртүрлі заттар жеткізілді, ал осы арадан үнді қолөнершілері дайындаған түрлі бұйымдар дүниенің барлық түпкірлеріне жіберілді. Ең ірі порт-қала — **Каликут** әкімін «теңіз қожайыны» деп атайтын. Қалалардың айқайшулы базарларында жергілікті және басқа елдерден келтірілген заттар сатылды. Мата, зергерлік бұйымдар, әтір-опа, дәмдеуштер сатып алу үшін үнді қалаларына Қытайдан, Африка, Арабстан, Орта Азиядан көптеп көпестер келетін. Портты қалаларда Үндістанмен жүргізілген саудада жетекші орынға ие болған араб көпестерінің тіпті өзіндік орындары да болды.

**Үнді мәдениеті.** Үнді ғалымдары математика, астрономия, медицина салаларында үлкен табыстарға қол жеткізді. Кейбір қалаларда аспан денелерін бақылау үшін обсерваториялар құрылды. Үнді астрономдарының



49-сурет.

Аджанта храмындағы ойып салынған сурет.

ізденістері оларға Жердің дөңгелек тәріздес екені, және өз осінің төңірегін шыр айналатыны жөнінде жорамал жасауға мүмкіндік берді. Дәрігерлер күрделі хирургиялық аспаптардың және ауруды басатын дәрі-дәрмектердің көмегімен хирургиялық шаралар жасай білді. Емдеу кезінде арнаулатып әзірленген сұйық және қою дәрілер пайдаланылды.

Үнділердің сәулет өнері өзінің түрлі-түстігімен көзге түсіп тұрды. Орта ғасырларда құрылған храмдар мен сарайлар қазіргі күнге шейін сақталып қалды. Үндістанда үлкен жартастардың немесе үңгірлердің ішінде ойып салынған храмдар да болды. Солардың ең әйгілісі — б.ж.с. дейінгі II ғасыр мен біздің заманы VII ғасыр аралығында үңгірдің ішінде ойып жасалған **Аджанта** храмдар кешені (Орталық Үндістан) болып табылады. Көне архитекторлар жартастарға ойып істелген, 29 бөлмесі бар храмдарды түрлі

мүсіндермен, ою-өрнектермен безеді. Храмдарда құдайлардың, адамдар мен аңдардың тастан және жезден істелген ғажайып мүсіндері орнатылды.



### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Үнділердің каста-варналарынан қайсысын білесіңдер?
2. Ірі жер иемдігі түрлерін айырып айтыңдар.
3. Сенің пікіріңше, Үндістанның даңқын шығарған байлықтың негізін не құрады?
4. Сұлбалы картаға Үндістан мен оның қалаларын түсіріңдер.
5. Үндістан халықтары мәдениетінің қай өзгешеліктері назар аударуға лайықты?

## § 14. V–XI ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚЫТАЙ

**Қытайдың бірігуі.** Ежелгі құл иеленушілік Хан империясы III ғасырда күйзеліске ұшырап, оның орнына тәуелсіз үш: **Вей**, **Шу** және **У** мемлекеттері құрылды. Сол кезден бастап Қытайда жер иеленушілік қатынастары қалыптаса бастады.

VI ғасырдың екінші жартысындағы Түркі қағанатының басқын жасау қаупі Қытайды біріктіруге түрткі болды. Елді шектелмеген билігі бар **Сю** әулетінің (589–618) өкілі басқарды. Оның қол астында күшті әскерден басқа, сансыз көп адал шонжарлары да болды. Елдің орталықдандырылуы төрт ғасырға созылған өзара соғыстарға шек қойып, экономика мен мәдениеттің дамуына қолайлы жағдай туғызды. Егістік жерлер кеңейді, халық саны көбейді, сауда жанданып, қалалар гүлдей бастады. Жаңа өкімет салықтарды ретке келтіріп, ақша реформасын өткізді.



### Есінде сақта!

Жер иемдігімен байланысты қатынастар Қытайда III ғасырда қалыптаса бастады. Сю әулеті (589–618) тұсында Қытай орталықтанған мемлекетке айналды.

Елдегі облыстар арасындағы экономикалық байланыстарды нығайту үшін, Хуанхэ мен Янцзы өзендері аралығындағы аймақтарды саудаға тарту үшін **Ұлы канал** құрылды. Бұл шара мемлекет көлемінде жалғыз су жолын құрудан басқа, шығыстағы облыстардың теңізге шығуына жағдай жасады. Алайда Сю әулетінің басқаруы ұзаққа созылмады.



50-сурет. Император Ли Юань.

Қытайдың солтүстік-батысындағы жергілікті әкімдерден бірі **Ли Юань** 618 жылы таққа отырып, **Тан** әулетінің (618–907) негізін қалады.

**Жер иемдігі қатынастары.** Тан империясы басқарған кезде Қытайдағы барша жер мемлекеттік деп жарияланды. Елдің барлық аймақтарында шаруаларға шағын жер үлестері жалға берілді. 624 жылы қабылданған заңға сәйкес, әрбір шаруашылықтың, үй-жай орнын қоспағанда, 80 муға тарта (**1 му – 6 сотық**) жырттылатын жерді жалға алуға құқығы болды. Әр үй өз бағында жеміс ағаштардан басқа тұт ағашын да өсіруге мәжбүр болды. Жаңа заң бойынша, шаруаның өз ауласын, үй жанындағы жер телімін сатуға, кепілге салуға құқығы болды. Бірақ мемлекеттің берген үлесті жерін сатуға тыйым салынды. Мемлекеттен алынған жер үшін шаруа әртүрлі салық төлеумен бірге, еңбек міндеттерін де өтеп отырды. Мәселен, деректерде Ұлы Лоянь каналын қазуға 2 миллион, Ұлы Қытай қабырғасын құруға және жөндеуге 1 миллионнан астам адам жұмылдырылғаны туралы жазылған.


Император өз орынбасарларымен қолбасшыларына, лауазымды қызметкерлер мен шонжарларға ірі жер иеліктерін сыйлап беріп отырды. Мәселен, кейбір орынбасарларға атағы мен лауазымына қарай 500-ден 10 мыңға тарта му жер берілді. Деректерде тағы да, сіңірген үздік қызметі үшін әскерилер мен қызметкерлерге 300-ден 6 мыңға дейін му жер берілген деп жазылған. Император сыйлап берген жерлер салық төлеуден босатылды.

**Қалалар, қолөнер мен сауда.** Қытайда VI ғасырда-ақ қалалар біраз өсті. Шекараға жақын аймақтарда жаңа қала-қорғандар құрылды. Теңіз бен өзен бойы, шикізаты мол жерлерде сауда мен қолөнер өсіп, қалалар пайда болды. Ұлы канал мен теңіз жағалауындағы Ханьчжоу, Кайфин, Яньчжоу қалаларының VII ғасырдан бастап өрлеуі де сауда мен қолөнердің өркендеуімен байланысты болды. Бұл процесс заңдарды күшейтуді талап етті, сондықтан Тан императорлары қала көшелерінде кешке жүруге тыйым салды. Кешкілікте қаланың дарбазасы жауып қойылды. Егер әлдекім кешкі кезде қаланың қабырғасынан асып түссе, оған таяқпен 100 дүрре соғу белгіленді. Әрине, осынау шаралар қаланың тыныштығын, мал-дәулеттің қол сұғылмаушылығын сақтауға қаратылған болатын.

VII–VIII ғасырларда Қытайда тау-кен саласы, шыны және қыш бұйымдар жасау да дамыды. Сол кезден бастап қала қолөнершілері кәсіби одақтарға (цехтарға) бірігіп, нақты бір кәсіпке тиесілі қолөнершілер арнаулы көшелер мен орындарда жайғаса бастады.

Қытайдың орталықтандырылуы, экономикасының өркендеуі сауданың да өсуін камтамасыз етті. Ең ірі базар **Яньчжоуда** болды. Бұл қала су үстіндегі және құрлықтағы сауда жолдарының қиылысқан жеріне орналасқан еді. Ол заманда пайда болған жәрмеңкелер де ішкі сауданың кеңінен өсуіне қызмет етті. VII ғасырдан бастап Қытайда бірыңғай ақшаның — **сяньнің** айналымға енгізілуі де экономиканың өрістеуіне қызмет етті. Соғып шығарылған теңгелердің ортасында тік бұрышты тесік болды, оны теңгені жіпке тізу үшін пайдаланды.

**Сыртқы саясат.** Тан әулеті билеген кезде Қытай Түркі қағанатына қарсы көп соғыс жүргізді. Император әскерлері 640 жылы Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан **Гаочан** мемлекетін жеңіліске ұшыратты. Содан кейін ұйғырларға қарсы көп жылдық соғыс басталды. Түркілердің батыстағы қағанатына қарсы 657–679 жыл-



**51-сурет.** Тан әулеті тұсындағы теңге.

дардағы соғыс та қытайлықтардың жеңісімен аяқталды. Ал Кореяға қарсы 668-жылғы соғыс оның астанасын — **Пхеньянды** алумен бітті.

Қытай VII—VIII ғасырларда белсенді сыртқы саясат жүргізіп, Түркі қағанатымен, Араб халифаты, Византия, Жапония, Үндістанмен дипломатиялық байланыстар орнатты.

Жаңа **Сун әулеті** тұсында (960—1279) Қытайдың халықаралық байланыстары тағы да кеңейді. Ол кезде Орта Азия, Үндістан, Үндіқытаймен, теңіз арқылы Жапония және Индонезиямен сауда жүргізілді.



### Есінде сақта!

Алғашқы орта ғасырларда Қытайда Сю (589—618), Тан (618—907, У Дей (907—960) және Сун (960—1279) әулеттері үстем болды.

**Қытай мәдениеті.** Ең көне жазулардың бірін ойлап тапқан қытайлықтар оны осы күнге шейін қолданып келеді. Қытайда жаратылыс туралы ғылымдар: математика мен астрономиядан басқа, география мен тарих салалары жоғары дәрежеде дамыды. Мұнда VIII ғасырда-ақ ең ежелгі ғылыми мекемелердің бірі — **Ханлинь академиясы** құрылды.

Қытайлықтар X ғасырда селитрадан оқ-дәрі (**порох**) алуды білді. Ол алғашқыда фейерверк атуға қолданылып, кейініректе (XI ғасырдан бастап) әскери мақсаттарға пайданыла бастады.


Қытайлықтар тарихи жылнамалар жазуға ерекше көңіл бөлді. Мәселен, **Сун әулеті** заманына қатысы бар 500-томдық жылнама біздің күнге дейін сақталып келуде.

Ірі қалаларда мектептер ашылды, мұнда болашақ лауазымды адамдар оқыды. Оқушылар математика мен грамматикадан басқа философия мен әдебиетті білуге тиіс болды.

Қытай архитекторлары тас, ағаш, мәрмәр мен темірді пайданыла отырып, ғажайып сарайлар, храмдар, мұнаралар мен көпірлер құрды. Қытайлық суретшілер жібектің, қағаздың, ағаш пен тастың бетінде өздерінің тамаша туындыларын жазды. Көркемөнердің қабырғаға сурет салу саласы әсіресе жақсы дамыды.

Пекинде VIII ғасырдан «Астана ақпараты» делінетін газет шығарыла бастады. Онда императордың жарлықтары, ең маңызды оқиғалар туралы хабарлар жарияланды. Газетті тақтайға ойылған мәтіндерден көбейтті.

Қытай дәрігерлері қиын хирургиялық операциялар жасады, әртүрлі өсімдіктердің шипалы қасиеттерін анықтап, олардан дәрі жасау тәсілін білді. Сондай-ақ Қытайда алғашқы **пантомима** — ишарат театры ашылды. Буддизмнің жайылуы тек қытайлықтардың өміріне ғана емес, олардың сәулет өнеріне де ықпалын тигізді.



**52-сурет.** Тан әулеті заманында будда діні кең жайылды. Тауда ойып істелген Будданың мүсіні.



### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Қытайдағы жер иеленушілік қатынастары қашаннан пайда бола бастады?
2. Елдегі шаруалардың ахуалы қандай болғандығын әңгімелеп беріндер.
3. Қытайдағы қалалардың, қолөнер мен сауданың дами түскеніне мысал келтіріндер.
4. Мемлекеттің сыртқы саясатында орын алған маңызды оқиғалардың қайсысы естерінде қалды?
5. Қытай мәдениетінің қай салалары басқа елдер халықтарының мәдениетінен ерекшеленді?



## II БӨЛІМ. ДАМЫҒАН ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ДҮНИЕ ХАЛЫҚТАРЫ (XI–XV ғасырлар)

### III ТАРАУ. ҚОЛӨНЕР МЕН САУДАНЫҢ ДАМУЫ. ҚАЛАЛАР- ДЫҢ ӨСУІ

#### § 15. ЕУРОПАДА ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛАЛАРДЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ








53-сурет. Соқамен  
жер жырту.

**Шаруашылықтағы табыстар.** X–XI ғасырларда Еуропада өндіріс өркендеді, бұл ең алдымен қолөнерде байқалды. Еңбек құралдарының жетілдірілуі, ұсталар шеберлігінің өсуі қолөнерді ауыл шаруашылығынан бөлек бір салаға айналдырды.

Ауыл шаруашылығында қос танапты егіс үш танапты егіспен алмасты. Жыртылатын жер енді үшке бөлінетін болды: оның біреуіне күзгі дақылдар, екіншісіне көктемде жаздық дақылдар себілетін болды, үшіншісі сүдігер түрінде қалдырылып, жерге дем берілді. Осы тәсіл бойынша жердің жартысы емес, үштен екі бөлігі бос болмады, сондықтан өнімнің шығымын асыруға мүмкіндік туды.

Донғалақты ауыр соқаның таралуы жерге дән себуден бұрын оны 2–3 рет жыртуға мүмкіндік берді. Ал оңтайлы қамыттың ойлап шығарылуы соқаны жылқыға қосып, жер жыртуды тездетті.

			бірінші жыл
көктемгі егіс	күзгі егіс	сүдігер	
			
сүдігер	көктемгі егіс	күзгі егіс	үшінші жыл
			
күзгі егіс	сүдігер	көктемгі егіс	

54-сурет. Үш танапты алмастырып егу.

Шаруашылықтағы өнім түсімінің артуы шаруалар қолында артықша өнімнің көбеюіне және оны қолөнершілік бұйымдарына айырбастауға жол берді.

Қолөнершілер жасаған бұйымдардың түрі, саны мен сапасы асты. Бірақ ауылдағы феодалдық өкімет қолөнершілердің бостандығын шектеп қойды. Сондықтан олар ауылдардан қашып, тапсырма берушілер мен сатып алушылар іздестіріп, бір орыннан екінші орынға ауысып отырды.

**Ортағасырлық қалалар.** Еуропадағы қалалардың пайда болуы мен өсуі әртүрлі елдерде түрліше өрбіді. Алғашқы кезде Италиядағы және Францияның оңтүстігіндегі: **Венеция, Генуя, Флоренция, Марсель, Тулуза** қалалары IX—X ғасырда-ақ дами бастады. Осы қалалардың теңіз арқылы сауда жолында орналасқанының маңызы зор болды. X—XI ғасырларда Францияның солтүстігінде, Нидерландыда, Англия мен Германияда жаңа қалалар құрыла бастады. Ал Венгрия, Балтық маңы, Русь жерлеріндегі қалалар XII—XIII



55-сурет. Ортағасырлық қала.



56-сурет. Ортағасырлық қаланың тұрмысы.

ғасырлардан пайда бола бастады. Еуропадағы қалалардың түрлі ғасырларда пайда болғанының басты себебі сол, олар әлеуметтік-экономикалық даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамады.

Қалалар ең алдымен қауіпсіз, дұшпан шабуылынан қорғануға қолайлы, сондай-ақ қолөнершілерге өздерінің заттарын сатуға мүмкіндік берген жерде құрылды.

**Қалалар өмірі.** Қалалар көбінесе феодалдар жерінде құрылды. Алғашқы кезде олар өз жерінде салынған қалаларға қамқорлық жасап отырды, қолөнершілерді ақы төлеуден босатып тұрды. Бірақ қалалар өсіп, байы-

ған сайын мырзалар олардан пайданы көбірек түсіруге тырысты. Феодалдардың қыспағы қолөнер мен сауданың дамуына бөгет жасай бастады. Мұның нәтижесінде қалалықтар сеньор өктемдігінен құтылуға ұмтылды. Қалалар көбінесе өз тәуелсіздігін ақы төлеп, ақшаға айырбастап қолға түсірді. Бұған мүмкіндік болмаған жағдайда азаттық үшін көтеріліс жолын ұстанды. Францияның бірнеше қалаларында XII—XIII ғасырларда сеньорларға қарсы күрес болып өтті.

Қалалар монастырьлар мен қорғандардың айналасында пайда болды, өйткені ондағы тұрғындар қолөнершілерге тапсырыс беретін, соғыс бола қалған жағдайда бекініс қабырғаларының қалқасында қорғаныш табуға болатын еді. Еуропадағы қалалар: **Мюнстер, Сен-Галлен, Сен-Дени** — монастырьлар маңында, **Страсбург, Гамбург, Аугсбург** — феодалдардың егістік жерлері айналасында, **Падеборн, Бремен, Свейбрюккен, Брюгге** — өзен жағалаулары бойында, көпірге жақын жерде бой көтерді.

**Қалалардың көрінісі.** Алғашқы кезде қалалар ауылдардан не бары тұрғындарының санының көптігімен ерекшеленді. Қала мұнарасы бар дуалмен, су толтырылған ормен айналдыра қоршалды. Күзетші-сақшылар мұнараларда

күндіз-түні кезек-кезек ауысып отырды. Жаудан қорғану үшін қала қақпақтары мен көпірлері темірден жасалды. Қақпалар ішінен мықты бекітілді. Кешкілікте жол үстіндегі көпір көтерілді де, қақпалар жабылды.

Қаланың ортасында базар алаңы, оған таяу жерде собор орналасты. Қалалық кеңес үйі — **ратуша** да сол жерде құрылды. Қаланың аумағы бөлек аудандарға бөлінді. Аудандардың әрбірінде нақты бір кәсібі бар қолөнершілер жасады.

Қаладағы үйлердің көбі ағаштан салынды. Олар тығыз орналасып, кейде бір-біріне тұтасып кететін. Көшелер тар, кейбірінің ені екі метрден аспаған. Көп ғасыр бойы түнгі көшеде жарық жағылмады, су құбырлары мен канализация болған жоқ. Жуындылар терезеден тікелей көшеге төгілді. Қалалардың тарлығы мен ластығынан жұқпалы аурулар жиі қайталанып тұрды, олардан өте көп адам өліп жатты. Өрттер де болып тұрды, сонда ағаштан тар етіп құрылған үйлерден тұратын көшелер мен аудандар түгелдей өртеніп кететін.

**Қала тұрғындары.** Қала тұрғындарының көптеген бөлігін қолөнершілер мен көпестер құрады. Ірі қалаларда бірталай шонжарлар, феодалдар, лауазымды адамдар, дәрігерлер, діни қызметкерлер де болды.

Қала тұрғындарының көпшілігі ауыл шаруашылығынан қол үзген жоқ. Қала дуалдарының алдында өңделген жерлер, бау-бақшалар болды, жайылымдық жерлерде табын-табын мал жүрді.

Еуропада орта ғасыр қаласының халқы онша көп болған жоқ. Әдетте ол 3—5 мың адамнан аспады, XIV—XV ғасырларда да 20—30 мың тұрғыны бар қалалар ірі болып саналды. **Париж, Константинополь, Милан, Флоренция, Кордова, Севилья** сынды ірі қалаларда 80—100 мыңдай тұрғын халық болды.

**Қолөнер мен цехтар.** Қалалардың негізгі қызмет түрі қолөнершілік болды. Қолөнерші өндіріс құралдарының қожа-



57-сурет. Ортағасырлық қаланың көшесі.

сы болды, ол шаруашылығын дербес жүргізді. Ол базарды өзі жасаған заттармен қамтамасыз етті. Жұмыстың бәрі қолмен орындалғандықтан ұстаның еңбегі өте ауыр болды. Мәселен, соқаның түренін жасау үшін темір ұстасы әбден қызарған темірді қышқашпен көріктен алып, оны төстің үстіне қойып, ауыр балғамен ұзақ соғып, қажетті қалпына келтірді. Белгілі бір кәсіпке маманданған қолөнершілер өз одақтарына — цехтарға бірікті.



### Есінде сақта!

**Цех** — немістің сөзі, көмекші шебердің шеберлікке арнап жасаған тойының аты, кейініректе кәсіп шеберлері одағының атына айналды.

Шеберлер жалпы жиналыс жасап жарғы — цехтың барлық мүшелері атқаруға міндетті ережелерді — қабылдады. Жарғы қолөнершілердің заттарды белгілі бір үлгі бойынша жасауын талап етті. Цехты басқару үшін сайланған ақсақал (старшина) қолөнершілердің жарғыны сақтауын, дайындалған бұйымдардың сапасы мен санын қадағалап отырды. Жарғыда шебердің аспаптар, шәкірттер, көмекші шеберлер саны белгіленіп қойылды. Осынау шаралар шеберлердің бәріне бірдей жағдай туғызу, бәсекелестікке жол бермеу мақсатымен қолданды. Дайын бұйымның бағасын да цех ақсақалы белгілеп отырды.

Шебердің көбінесе 1–2 көмекші шебері, бірнеше шәкірті болды. Бұлардың арасындағы қатынастар да цехтың қадағалауында болды. Шеберлікті меңгеріп шығу мерзімі 2–7 жылға созылып, аса үздік бұйым жасаумен және оны цех ақсақалы сынағынан өткізумен аяқталды. Германияда көмекші шеберге цех мүшелеріне арнап той ұйымдастырған соң шеберлікке рұқсат етілді.

**Цехтардың қала өміріндегі рөлі.** Цех мүшелері бірлесіп мерекелер өткізіп отырды. Егер шебер өліп қалса, оның жанұясына көмек көрсетілді. Цех қала күзетінде тұрды, соғыс кезінде оны қорғауда бөлек бір жасақ ретінде қатынасты. Цехтың өз гербі, туы, өз шіркеуі, кейде тіпті өз зираты да болды. Алғашқыда өндірісті дамытуға қызмет ет-

кен цехтар XIV–XV ғасырлардан оған кедергі жасай бастады. Қалаларда шеберлер санының артуы олардың арасындағы бәсекені де күшейте түсті. Еуропада цехтардың да жіктелуі болды, зергерлік, шұға тоқу және басқа да бай цехтар таралды. Бұл процесс **Флоренция, Лондон, Бристоль, Париж, Базель** сияқты ірі қалаларда басталды.



58-сурет. Ортағасырлық қолөнерші.

Қолөнершілер көмекші шебердің шеберлер қатарына қосылуына кедергі жасады. Мұның нәтижесінде 10–12 жыл бойы шеберлікке ауыса алмаған көмекші шеберлердің «**бауырластық**» қоғамдарын құру, өздерінің құқықтарын білдіру, 14–16 сағаттық жұмыс уақытын қысқыртып, еңбек жағдайларын жақсарту үшін күресін күшейтті. Деректерде жазылғанындай, XIV–XV ғасырларда **Флоренцияда, Перуджада, Сиена мен Кельнде** қала кедейлерінің көтерілістері болып өтті.



#### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Еуропадағы қолөнердің ауыл шаруашылығынан бөлініп шығу себептерін айырып айтыңдар.
2. Сеніңше, қалалардың пайда болу себебі неде?
3. Қос танапты егістің үш танапты егістен айырмашылығын қалай түсіндіре аласыңдар?
4. Еуропадағы жаңа қалалар қалай құрылды?
5. Қолөнершілік цехы қандай міндеттерді орындап отырды?
6. Цехтардың қала өміріндегі рөлі қандай болды?

## § 16. ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ТАУАРЛЫ ӨНДІРІСТІҢ ДАМУЫ. БАЗАРЛАР МЕН ЖӘРМЕҢКЕЛЕР

**Тауарлы шаруашылықтың пайда болуы.** Цехтар үнемі бақылап отырса да, қолөнершілердің саудаға жасаған бұйымдарының саны көбейді. Мұның нәтижесінде шикізат пен

ауыл шаруашылық өнімдеріне деген сұраныс та асты. Сонымен бірге, жетілдірілген өнімнің молаюына ірі жер иелері мен шаруалардың ынталылығы аса берді. Өз өнімдерін сатып, қолөнершілік заттарын алуға құштар болған сатып алушылардың саны көбейді. Ірі қалалар тек айналасындағы облыстармен ғана емес, шет елдермен де саудалық қатынастарын орнатты. Алғашқы орта ғасырлардағы натуралды шаруашылық өз орнын тауар шаруашылығына босата бастады.



### Есінде сақта!

**Тауарлы шаруашылық** — өнімді базарға сату немесе айырбастау үшін істеп шығаратын шаруашылық.

Сауданың жандануы жолдарды жақсартуға мұқтаж болды. Францияда король жарлығына сәйкес ең басты жолдарға тас төселе бастады, өзендер үстіне ағаш пен тастан көпірлер құрылды.

**Шығыс елдерімен сауда жасау.** Сирияға, Иран, Мысыр, Орта Азияға барып келген еуропалық көпестер шығыстық базарларда жібек маталар, зергерлік әшекей бұйымдар, дәмдеуіштер сатып алды. Батыс және Шығыс елдері арасындағы байланыстарды нығайтуда Қытайдан басталып, Орта Азия арқылы өткен Ұлы Жібек жолының маңызы орасан зор болды. Ол керуен жолы Жерорта теңізінің шығыс жағалауына дейін барып жетті.

Батыс Еуропада XIII–XV ғасырларда: Испания, Италия, Оңтүстік Францияны теңіз арқылы Византия және Азия елдерімен байланыстырған **Левант жолы**; солтүстікте Лондон, Брюгге, Любек, Новгород қалаларын Балтық теңізі арқылы байланыстырған **Солтүстік** сауда жолы әрекет етті.

Солтүстік сауда жолын бойлап орналасқан Германияның 70-тен астам қаласы **Ганза одағына** кірді.

Левант жолындағы **Венеция** мен **Генуя** күшті теңіз флотын құрып, олардың саудадағы бәсекелесі кейде соғыстарға айналып кететін.

**Көпестер мен базарлар.** Қалалықтар пайда табу үшін мал сатуды, кімге қарыз беруді, ақшаны ойдағыдай жұмсауды жақсы білді. Тыным білмейтін көпестер баю мақсатымен алыс әрі қауіпті сапарларға шығып тұрды.

Италиялық көпестер Жерорта теңізі жағалаулары бойында өздерінің сауда орындарын – **факториялар** жүйесін жасады. Олардың көбі генуялықтар және венециялықтар болды. Теңіздегі ол республикалардың жақсы саудалық және әскери флоттары болды. Олардың кемелері Таяу Шығыстан Еуропаға қымбат заттар: жібек маталар, шыны ыдыс-аяқ, дәм-татымдықтар және басқа да нәрселер алып келетін.

Венециялық көпестер – **Марко Поло** әулетінің өкілдері XIII ғасырда монғол хандарының Азияның ішіндегі сарайына барып жетті. Марко Полоның өзі 25 жылға созылған саяхатының 17 жылын Қытайды басып алған монғол ханы **Хубилайдың** сарайында қызмет етуге арнап, еуропалықтар арасында бірінші болып сол сиқырлы өлкелерді кітабында суреттеп баяндаған болатын. Еуропалықтар тек XIX ғасырда ғана теңізді кесіп өтіп, **Марко Поло** XIII ғасырда саяхат жасаған елдерді өз көзімен көрді. Марко Полоның кітабында жазылған Шығыс елдерінің аңызға айналған байлықтары 200 жылдан кейін генуялық теңізші **Христофор Колумбты** таңқалдырғаны сонша, ол қалай да болмасын Үндістанның бай жағалауларына жетуге асықты.



59-сурет.  
Марко Поло.

Еуропаның көптеген қалаларында алғашқы кезде базарлар аптаның 1–2 күні болатын. Тұрақты базарлар тек қана ірі қалаларда кездесетін.

Тауар айырбастау мен сауданың өсуі қалаларда базарлардың көптеп құрылуын талап етті. Мәселен, Лондондағы бірінші жабулы базар **Блекуэлхолл** 1397 жылы салынды. Базарлар белгілі бір заттар немесе өнімдер сатуға мамандырылды.

**Банкілер, жәрменкелер мен биржалар.** Тұңғыш банкілер XIV–XV ғасырларда Италияның басты қалаларында пайда болды.



**Есінде сақта!**

**Банк** — итальян тілінің «банко» — орындық, айырбастаушы дүкеніндегі үстел деген сөзінен шыққан.

Жәрменкелер тауар айырбастаудың кеңеюіне септігін тигізді. Оларды дамыту үшін билеушілер түрлі жеңілдіктер (соның ішінде, жол салығын уақытша төлемеуге мүмкіндік) берді. Жәрменкелер сауда орны болып қана қоймай, халық сейілдері мен мерекелері өткізілетін орталықтар да болып тұрды. Онда кезбе артистер музыка орындап, өлең айтты, сахналық ойын-сауық көрсетті. Айналадағы ауылдардан келген халық үшін осынау ойын-сауықтар, фейерверктер жылына бір рет-ақ болатын көңіл көтеруші шара болып саналды.



**Есінде сақта!**

**Жәрменке** — көтерме сауда орны, түрлі елдердің көпестері қатынасатын, тауар сатуға және айырбастауға арналған жер.

Орта ғасырларда бәрінен әйгілі жәрменкелер Францияның солтүстік-шығысындағы **Шампань графтығында** (орталығы — Реймс қаласы) өткізіліп тұрды.

Сауданың дами түсуі нәтижесінде Еуропада әр түрлі елдердің көпестері жиналды да, ақша айырбастайтын орындар — **биржалар** пайда болды.



**Есінде сақта!**

**Биржа** сөзі Брюгге қаласындағы «**Бурсе**» қонақүйі жанындағы көпестер жиналатын жердің атынан шыққан.

Биржалар Брюггеде — 1409 жылы, Антверпенде — 1460 жылы, Лионда — 1462 жылда пайда болған.

Сөйтіп XI–XV ғасырларда қолөнер мен сауданың дамуымен байланысты Еуропада базарлар, банкілер, биржалар пайда болды.



### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Натуралды және тауарлы шаруашылықтардың арасындағы айырмашылықты түсіндіріп беріңдер.
2. Еуропадағы негізгі сауда жолдары туралы естеріңде не қалды?
3. Ортағасырлық қалалардың өмірінде базарлар мен жәрмеңкелердің маңызы қандай болды?
4. Биржа деген не, және ол қалай пайда болды?


## § 17. ОРТА АЗИЯДАҒЫ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛАЛАР. ҚОЛӨНЕР МЕН САУДА

**Ортағасырлық қалалар.** Шығыс елдері орта ғасырлардың дамыған кезеңіне әр түрлі уақытта көшті. Бұл жағдай әрбір елдегі өндірістің өрлеуі түрліше дәрежеде болғанымен айқындалады.

Алғашқы кезде әкімшілік орталығы немесе әскери қала болып құрылған ортағасырлық қалалар қолөнер мен сауданың дамуымен байланысты өте тез өсті.

Азиядағы ең үлкен қалалар: **Чаньянь, Лоянь, Ханьчжоу, Камакура, Киото, Осака, Дели, Бағдат, Бұхара, Самарқандтар** болды. Мұнда мектептер мен кітапханалар ашылды, ғалымдар, ақындар, суретшілер, музыканттар шығармашылықпен шұғылданды. Азиядағы қалалар мемлекеттің жерінде құрылды, сондықтан, еуропалық қалалардан айырмашылығы, олар феодалдарға қарсы күрес жүргізген жоқ.

Азияның ең ірі мемлекеттерінен бірі — Қытайда ортағасырлық қалалардың пайда болуы мен өсуі IX–XIII ға-



60-сурет. Дели.  
Оңтүстік мұнара.  
XIII ғасыр.

сырларға тура келеді. Қытайдағы қалалар императорға бағынышты болды.

Басқыншылық соғыстар қалалардың дамуына кедергі жасады. Мәселен, Үндістан және ондағы қалалар орта ғасырларда жатжұрттық басқыншылардың өте көп шабуылына ұшыраған болатын. Тынымсыз соғыстар Үндістан қалаларын дамытуға бөгет болды.


Жапониядағы ортағасырлық қалалар буддизмдік храмдардың маңында, байланыс орны мен жол үстінде, теңіз бойында, бекіністердің айналасында пайда болды. **Хейянь** қаласы 1177 жылы өрттің салдарынан қиратылды. Бұрынғы қалпына келтірілген соң бұл қала **Киото** деп аталып, елдің астанасына айналды. Көп жыл бойы **Киото** Жапонияның экономикалық, діни және мәдени орталығы болып келді.

**Қаланың өмірі.** Азиядағы қалалар да өздеріне тән даму жолын басып өтті. Қытайда XI ғасырда-ақ қала құру ісі жоғары деңгейге шыққан-ды. Император мен шонжарлар салтанатты сарайлар құрдырды. Елде ағаштың тапшы болғандығынан құрылыс ісінде қыш, кірпіш, тас кеңінен қолданылды.

Батыс Еуропамен салыстырғанда Қытайдың ірі қалаларында тұрмыстық қызмет көрсету ісі жөнге салынған еді. Халық қыш құбырлар арқылы ауыз сумен қамтамасыз етілді, қаланы қоқыс-қалдықтардан тазалау, өрт сөндіру істері ойдағыдай жүргізілді.

Азия қалаларының Еуропамен салыстырғандағы халқы едәуір көп болды. Мәселен, Қытайда орта ғасырларда-ақ халық тығыздығы өмір сүрді. XVI ғасырда **Пекинде** 1 млн, **Нанкинде** одан да көп адам тұрды. Иранның **Исфахан**, **Шераз** қалаларында 200 мыңнан астам адам жасады. Әмір Темір патшалығының астанасы — **Самарқант** XIV ғасырдың аяғы — XV ғасырдың басында өркен тауып, әлемге танылды. Ортағасырлық ақындар мен философтар Самарқантты «*сайқали ройи замин*», яғни жер жүзінің көркі, жарқыны деп бейнеледі. Шығыс дүниесінде **Бұхараның** да лайықты орны бар, ислам дінінің, сондай-ақ мәдениеттің, сауда мен қолөнердің орталықтарының бірі ретіндегі оның даңқы бүкіл әлемге жайылды.

**61-сурет.**  
Бұхара аркі.



Орта Азияның мұсылман елдеріндегі қалалар жалпылай жоспар бойынша құрылды: қаланың ортасында — **арк**, яғни қала әкімі тұратын орын, оған таяу жерде — **шахристан**, яғни халық тұратын думанды көше болды. Қаланың айналасында **рабат** болды, онда қолөнершілердің қыстақтары мен шағын базарлары орналасты. Шығыстың үй жасау ісіндегі негізгі құрылыс материалдары тас пен қыш болды. Билеушілер мен байлар өз сарайларын, үй-жайларын піскен қыштан, мәрмәрден, ал кедейлер — саз балшықтан құрды. Кедейлердің үйлері мықты да берік болмады, сондықтан оларды жиі-жиі жөндеуге тура келді. Сондай үйді мирасқа қалдырғанда, әдетінше, оны бұзып, орнына жаңасын салатын.

**Қолөнер.** Шығыстың қолөнершілері жібек маталардың, әшекей заттардың көбін шет елдерге сатуға арнап істеп шығарды.

Қолөнершілік цехтары Азия мен Солтүстік Африкада да қалалармен жарыса пайда болды. Алғашқы кезде Шығыстағы қала халқы салық төлеуден босатылды. Уақыт өткесін саудагерлер де түрлі салықтар төлей бастады. Араб халифатында, Жапонияда, Қытайда шеберлер мен саудагерлерден алынатын салықты цех ақсақалдары жинап отырды.

Қытайда әрбір шебер нақты бір цехтың мүшесі болуға тиісті еді. Қолөнердің ең маңызды салалары Қытайда өте жоғары дәрежеде дамыды. Мәселен, тек қытайлықтар



62-сурет. Жонка.


600–700 адам және ауыр жүк сыйдыра алатын үлкен кемелер – **жонкалар** құрастыра білді.

Ұлы Жібек жолының қиылысында орналасқан Орта Азия қалалары транзит (тасымалдау) сауда орталықтары болды. Шетелдік көпестер Самарқандтың қағазы мен матасын,

Ғыждуанның қыш құмыра бұйымдарын, сондай-ақ тамаша шеберлердің киім-кешегі мен матасын жоғары бағалайтын.

Орта ғасырларда зерлі және жібек маталарымен, жүннен тоқылған кілемдерімен ирандық шеберлердің атағы шықты. Иран көпестері болаттан жасалған құрал-саймандар, мыс пен күмістен істелген ыдыс-аяқ сатып алды.

**Сауда.** Араб халифаты, Тан империясы, Дели сұлтандығы сынды орталықтанған ірі мемлекеттердің тууы сауданы көп табыс көзіне айналдырды. Қиыр Шығыстан бастап Жерорта теңізіне дейін созылып жатқан аумақтағы сауда тек керуен жолдары арқылы жүргізілген емес. Араб, үнді, қытайлық көпестердің ондаған кемелері Парсы шығанағы мен Қызыл теңіз арқылы жүзіп жүрді. Африканың Азиямен экономика тұрғысынан салыстырғандағы артта қалғаны, ондағы



63-сурет. Азиядағы базар.

ғы үздіксіз соғыстар, континентті шикізат, тұз, алтын, піл сүйегі, дәмділіктер, сондай-ақ аздап құлдар көзіне айналдырды.

Азиядағы базарлар халықтың көптігімен, әрі у-шуымен көзге түсіп тұрды. Ортағасырлық базарлар көбінесе қала дарбазасына таяу жерде орналасты. Қаланың ішінде кішкене базарлар болды. Орта Азиядағы және Ирандағы ірі базарлар бірнеше сауда қатарларына бөлінді. Әрбір қатар белгілі түрдегі малмен айналысатын көпестерді яки белгілі бір кәсіппен шұғылданушы қолөнершілерді бірлестіретін. Бағдат, Ишбилия (Севилья) және Фарнота (Гранада – Испания) қалаларында алғашқы орта ғасырларда-ақ мердігерлік базарлар болды.

Шығыс базарларында қолөнершілердің шеберханалары, дүкендері де болды. Кейде көшпелі базарлар да ұйымдас-тырылды. Оған кезбе көпестер, жан-жақтағы ауыл-қыстақтардың өз өнімдерін сатуға мұқтаж болған халқы жиналатын.



### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Азия елдерінде ортағасырлық қалалардың пайда болу ерекшеліктерін айырып айтып беріңдер.
2. Естерінде Қытай қалалары туралы не қалды?
3. Жапония мен Иран қалалары жөнінде әңгімелеп беріңдер.
4. Қалаларда қолөнердің қайсы түрлері жақсы дамыды?
5. Азия қалаларына тән өзгешелігі неде?
6. Сендер Шығыс елдерінде жүргізілген базарлар мен сауда жөнінде не біліп алдыңдар?

## § 18. ОРТА ҒАСЫРДАҒЫ ХРИСТИАН ШІРКЕУІ

**Діннің Еуропаға жайылуы.** Ежелгі дүние тарихынан бізге мәлім, христиан діні Таяу Шығыста I ғасырда пайда болған. Христиандықтың тірегін құдай мен адам арасындағы үйлесімділікке, сұхбаттастыққа адал өмір сүру және сиыну арқылы жетуге болады деген сенім құрайды.

Христиан діні IV ғасырдан бастап герман тайпалары арасында да жайылды. Франктар королы Хлодвиг христиан дінін V ғасырдың аяғында қабылдаған болатын. Англия мен Ирландиядағы монастырьлардан жетіліп шыққан қажымас-талмас дін қызметкерлері Еуропаның ең алыс түпкірлеріне барып, ондағы халықтарды христиан дініне кіргізді.

Киев Русі мен Болгария X ғасырдың аяғында христиандықтың православиелік тармағын Византиядан қабылдады.



### Есінде сақта!

Христиан діні Еуропаға IV ғасырдан бастап XIV ғасырға дейін жайылды.

**Шіркеудің бөлінуі.** Рим империясының 395 жылғы Батыс Римге және Шығыс Римге бөлінуі шіркеудің де бөлінуіне әкелді. Франк корольның көмегімен Италияда 756 жылы Рим папалары мемлекеті — **Папа облысы** құрылды. Ал Византия шіркеуі бұрыннан мемлекетке басын иген, Константинополь патриархының басқаруындағы діни ұйым болып қалды.

Шығыс Еуропадағы болгарларды шоқындыру кезінде туған жанжал 1054 жылы христиан дінін ресми түрде: **батыс католик («бүкіл әлемдік»)** және **шығыс православиелік («нағыз дұрыс дін»)** шіркеулеріне бөлінуіне алып келді. XI ғасырдың орта шенінен бастап рим-католик және грек-православиелік шіркеулер дербес әрекет жасап келеді. Батыста діни уағыздар латын тілінде, ал шығыста — грек тілінде жүргізілді. Егер католик шіркеуі барша дін басыларының үйленуіне тыйым салған болса («**целебат**»), православиелік шіркеуде тек монахтар ғана жанұя құра алмады.

**Шіркеу мен мемлекет.** Еуропада V ғасырда жарыққа шыға бастаған феодалдық қатынастар шіркеуге де таралды. Егістік жерлердің үштен бір бөлігі храмдар мен монастырьлар қолына жиналды. Мемлекеттік салықтардан босатылған, ол жерлерде шіркеуден жерді жалға алған 100 мыңдаған тәуелді шаруа еңбек етті.

Бұдан басқа, христиан шіркеуі халыққа ұшыр (өнімнің 1/10) салығын төлетті. Халық соған қоса жас баланы шоқындырғаны, неке қиғаны, өлген адамға дұға оқығаны үшін де ақы төлеп отырды. Шіркеуге түскен пайданың талай бөлігі Рим папасының қазынасына жіберілді. Католик шіркеуі сондай-ақ күнәларды кешіру туралы жарлықтар — **индунгельциялар** (латынның «рақымшылық» деген сөзінен шыққан) сату есебіне де байып тұрды. Шіркеудің ашкөздігі адамның тек өткендегі күнәсын ғана емес, тіпті алда жасайтын күнәларын да белгілі бір ақша салып, кешіргенінде байқалды.

Еуропадағы шіркеу мемлекеттің маңызды бір ұйымына айналып, оның саяси-экономикалық ісіне араласты, сот міндетін атқарды. Шіркеу қолданған жазаның ең ауыры **интердикт** болды, яғни елде уақытша сиынуға және той-мереке өткізуге тыйым салынды.

Католик шіркеуі өзінің күш-қуатының шырқау шыңына **Иннокентий III** папаның (1198–1216) тұсында жетті. Оның: «*Ай өз сәулесін Күннен алғанындай, король өкіметі өз нұрын папалықтан алады*», — деген сөздері іс жүзінде қолданылды. Рим папасы герман, француз, ағылшын билеушілерін **интердикт** арқылы тәубаға келтіріп отырды. өз үкімін халыққа зорлап міндеттеген кезде папа дін басыларына сүйенді.

Тұңғыш монастырлар IV ғасырда құрылды. Дін бастықтары бос уақытында каллиграфиямен шұғылданды. Ал кейбіреулері жақын маңдағы мектептерде балаларды оқытты.

**Еретиктерге қарсы күрес.** Шіркеуге және оның іліміне қарсы адамдар **еретиктер** (гректің «діннен безгендер» деген сөзі) деп аталды. Олар салтанатпен өткізілетін шіркеу ғұрыптарын теріске шығарып, қарапайым шіркеу идеясын жақтады. Еретиктерге қарсы күресу үшін шіркеу соты — **инквизиция** (латынша — «тергеу») құрылды. Христиан шіркеуінің жауларын іздеп тауып, оларды жазалап отырған инквизиция **Григорий IX** (1227–1241) папаның заманында өз күшінің шырқау шыңына жетті.

Инквизицияның әрекеті әсіресе Испанияны орағытып, қоршап алды. Мұнда өлімге ұшыраған айыптыларды отқа өртеу — «**аутодафе**» (португал тілінде — «сенім» немесе «дін ісі») де қолданылды. Өлім жазасы барысын шіркеу мерекелік ойынсауыққа айналдырды, оған король мен сарай қызметкерлері, шонжарлар және қалың бұқараның өкілдері қатынасты.



64-сурет. Аутодафе.



### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Еуропада христиан діні ресми түрде қашаннан бастап мойындалды?
2. Католик шіркеуінің православиеліктен қандай айырмашылығы бар?
3. Орта ғасырлардағы шіркеудің рөлі қандай болды?

4. «Индульгенциямен сауда жасау» дегенді қалай түсінесіңдер?
5. Инквизиция деген не және ол кімге қызмет етті?

## § 19. КРЕСТ ЖОРЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ МАҚСАТЫ

**Крест жорықтары.** Крест жорықтары – Батыс Еуропа феодалдарының Таяу Шығыстағы басқыншылық және тонаушылық соғысы болды. Бұл жорықтар **1096–1270 жылдар** аралығында болып өтті. Католик шіркеуі крест жорықтарын **8 рет** ұйымдастырды. Шіркеудің мақсаты шығыстағы жерлерді басып алу арқылы өз ықпалын күшейту болды.

XI ғасырдың аяғындағы Шығыста құралып шыққан жағдай крест жорықтарын жүргізуге қолайлы болды. Түрік-сельжуктер Кіші Азияны түгелдей дерлік басып алған болатын. Ол жерден Батыс елдерінің зияратшыларын Палестинаның қасиетті орындарына, аңыздарға қарағанда, Иса пайғамбар жерленген Иерусалим қаласына апаратын жолдар өтетін. Ал **Иерусалим** бес ғасырдан бері дерлік мұсылмандар қолында еді. Жергілікті билеушілердің және халықтың зияратшыларға бөлген көңілі жаман болмаса да, XI ғасырдың аяғында басталған мұсылман билеушілерінің арасындағы соғыстар хри-



**65-сурет.** Урбан II папаның Клермон қаласында крест жорығына шақыруы.

тиандардың зиярат етулерін барған сайын қауіпті шараға айналдыра бастады.

Византия императоры Рим папасымен тіл табыса алмаса да, христиандар дұшпандарымен күресу үшін жауынгерлер сұрап, өз назарын Батысқа аударды. 1095 жылы Францияның Оңтүстігіндегі Клермон қаласында шіркеу жиналысына — соборға жиналған мыңдаған дін басылары, рыцарьлар және қалың халық алдында **Папа II Урбан** сөз сөйледі. Ол Иерусалимдегі «пайғамбардың табытын» мұсылмандардан азат етуге шақырды. Папа жорыққа шыққандардың барлығының күнәсын ке-

шіруге, өлгендердің рухын жұмаққа — «құдайдың тағына» түсіруге уәде берді. Сондай-ақ, **II Урбан** «қасиетті жердің» байлықтары мен құнарлылығын да ескертіп өтті. Палестинада *«сүт пен бал су болып ағатынын, Иерусалим жердің кіндігі, құнарлы жері бар жұмақтай өлке»* екенін айтты.

Халық тобыры осы сөздерді «Құдайдың еркі осы!», «Құдайдың тілейтіні де осы!» сияқты айқай-ұйқаймен қош алып, матадан «пұттын», яғни «крестің» бейнесін қырқып алып, өз киімдеріне тігіп алды. Сондықтан да жорыққа қатысушыларды «крестілер», ал жорықтардың өздерін «крест жорықтары» деп атады.



### Есінде сақта!

**Шіркеу жиыны** — III ғасырдан бастап христиан шіркеуінің теориялық және практикалық басқару мәселелерін шешу үшін шақырылатын жоғарғы дін басыларының құрылтайы.

Католик шіркеуі жорыққа қатынасқандарға біраз жеңілдіктер беруін, мәселен, шаруаларды қарыздарынан босатуды, олардың жанұяларын өзінің қорғауына алуын жариялады.

**Крест жорықтарына қатысушылардың мақсаты мен міндеттері.** Шаруалар крест жорықтарына қатысу арқылы өзде-



**66-сурет.** Крест жорықтарына қатысушылар.

рінің ауыр тұрмысынан құтылып, Шығыста мал-дәулетке және бақытты өмірге жетуге үміттенді. Крестілердің көпшілігін әдеттегідей рыцарьлар құрады, олар көбінесе онша бай болмаған жанұялардан шыққан болатын. Майорат жүйесіне, яғни мирастың жанұяның тұңғыш ұлына қалдырылатына бола, кенже ұлдары ата-аналарынан қалған мирастың үлкен бөлігіне дәмеленбесе де болатын еді.

Осындай жағдайда рыцарьлар өздеріне атақ-абырой және байлық тілеп, жолға шықты. Шығысқа қарай жорыққа герцогтар, графтар, тіпті корольдар мен императорлар да аттанды. Олардың өз алдына қойған мақсаты жаңа жер иеліктерін алу және ондағы тұрғындарды бағындыру болды. Сондай-ақ, крест жорығына қатысу олардың абырой-беделін асыратын еді.

Жорыққа әскерлер мен көпестер де шықты, олар Шығыс тауарларымен сауда жасау арқылы тез байып кетеміз деп ойлады. Крест жорықтарына қатысушылар тек пайданы ойлады десек қате болар. Нақты табыс олардың бойында, «пайғамбардың табытын» мұсылмандардан азат ету – қасиетті іс екендігіне сеніммен бірге бейнеленді.



#### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Крест жорықтары дегеніміз не? Олардың шығу себептерін көрсетіндер.
2. Крест жорықтарын жүргізу үшін Таяу Шығыста қаншама қолайлы жағдай туды?
3. Католик шіркеуі неліктен крест жорықтарын ұйымдастырушыға айналды?
4. Рим папасы II Урбан крест жорықтарына қатынасқандарға қандай уәде берді?

## § 20. АЛҒАШҚЫ КРЕСТ ЖОРЫҚТАРЫ

**Бірінші крест жорығы.** Бірінші крест жорығына қатысу үшін Францияның, Италия мен Германияның түрлі облыстарынан келген рыцарьлар жиналды. Олар жақсы қаруланған, қажетті азықпен, ақшамен жабдықталған еді. Император I **Алексей** Византия астанасы Константинопольде

1096 жылдың күзінен бастап жинала бастаған рыцарьларға вассалдық сертін қабылдады. Оның мағынасы бойынша Таяу Шығыста құрылмақ болған христиан мемлекеттері Византияға саяси тұрғыдан тәуелді болуға тиіс еді.

Жорық Сирия мен Палестинада крестілердің өз мемлекеттерін құрумен бітті. Олардың ішіндегі **Иерусалим корольдығы** крестілердің басты мемлекеті болды. Крестілер **Иерусалимді** басып алған кезде тек жоме (собор) мешітінің өзінде-ақ 10 мың мұсылманды өлтірді. Яһудилер өз синагогасында (храмында) өртеніп кетті. Қырғын кезінде көптеп әйелдер мен балалар да қаза тапты. Рыцарь қалалықтың үйіне баса-көктеп кіріп, оның есігіне өзінің қалқанын ілді; бұл — үй бүкіл мүлкімен жаңа қожайынға қарайтындығы жөнінде белгі еді.



67-сурет. Арабтардың рыцарьлармен ұрысы.



68-сурет. Крестілердің Иерусалимді қоршап алуы.

**Таяу Шығыстағы крестілер.** Еуропадан келе жатқан рыцарьлар легі христиандарға жаулап алынған жерлерді 200 жыл бойы дерлік өзінде қалдыруға мүмкіндік берді.

Крестілер Таяу Шығыста жергілікті шаруаларды басыбайлылыққа түсірді. Жаңа қожайындар өнімнің 1/3 бөлігін салыққа ала бастады. Оған қосымша халық корольға, христиан шіркеуіне де салық төлеуге міндетті болды. Мұның нәтижесінде жергілікті халық басқыншыларды жек көрді және оларға қарсы талай көтеріліс жасады. Крестілер арасындағы өзара қырқыстар, айналадағы мұсылман билеушілердің қысымы да барған сайын күшейе түсті. Батыс феодалдары жат, өзіне жау елде үнемі қауіп-қатерде болды.

**Діншіл рыцарьлар ордендері.** Палестинада ұйымдастырылған діни-рыцарьлық ордендердің монахтар ордендерінен айырмашылығы әдетте үлкен болды. Егер Батыста қарапайым монахтардың ең басты жұмысы ғибадат және еңбек етуден тұрса, діни-рыцарьлық орден мүшелерінің негізгі міндетіне соғысу жатты. Олар некелеспеуге, кедейлікте жасауға, шіркеуге сөзсіз бағынуға және көрге кіргенше қарумен христиан дінінің дұшпандарына қарсы күресуге ант берген болатын.

Алғашқы кезде діни-рыцарьлық орден **госпитальерлер** ордені болды. Иерусалимге крет жорықтары басталғаннан алдын ол әулие **Иоанн Иерусалимский** атындағы госпиталь болатын, онда ауру және кедей зияратшыларға жәрдем көрсетілді. Госпитальда қызмет етіп отырған монах-жолдас-тардан кейінірек орден құрылады.

Кейде оны **иониттер** ордені деп атады. Мұсылмандар Палестинаны қайтарып алған соң, орден әуелі Родос аралына, ал бірнеше ғасыр өткесін Малтаға көшіп, жайғасты.

Екінші рыцарьлық орден, алғашқы кезде Иерусалимге келе жатқан зияратшыларды қорғау үшін құрылған **тамплиерлер** (храмовниктер, «храм» – ғибадат деген сөзден шыққан) ордені деп аталды. Ол орден Иерусалимдегі рыцарьлар жайғасқан төбешіктің атымен аталды.

Өздерінің жауынгерлік ерлігімен әрі іскерлігімен орден мүшелері көзге түсіп тұрды. Тамплиерлер садақа мен сыйлық алудан тыс, өсімқорлықпен де шұғылданды. Еуро-

пада олардың байлығы жөніндегі аңыз-әңгімелер таралды. Байлық XIV ғасырдың басында орденнің тыйымға салынуына әкелді.

Үлкен үшінші діни-рыцарьлық орден Әулие Биби Мариямға бағышталды. Ондағы рыцарьлардың көбі германиялық болғаны үшін оны **Неміс** (латынша – **Тевтон**) ордені деп атады. Орден Палестинада ұзақ тұрған жоқ.

**Екінші және үшінші крест жорықтары.** Мұсылман билеушілері крестілерді шығыстан әрі оңтүстік жақтан қыспаққа алуда еді. Олармен күресу үшін Еуропа феодалдары екінші крест жорығын жасады. Екінші крест жорығы 1147–1149 жылдары болды. Оған Францияның королі өз әскерімен қатысты. Бірақ бұл жорық сәтсіз аяқталды.



69-сурет. Госпитальер. 70-сурет. Тамплиер. 71-сурет. Тевтон рыцары.

Көп ұзамай мұсылмандар күшті мемлекет құрды. Египеттің билеушісі **Саладин Аюби** 1187 жылы крестілерді Иерусалимнен қуып шықты. Бұл оқиға Еуропада 3-ші крест жорығын (1189–1192) ұйымдастыруға әкелді. Дегенмен, Германия императоры, Франция королі, Англия королі қатынасқан осы жорық та сәтсіз бітті.



#### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Алғашқы крест жорықтары және олардың нәтижесі туралы әңгімелендер.
2. Картадан негізін крестілер салған мемлекеттерді тауып көрсетіндер.

3. Таяу Шығыс халқы крестілерге қарсы неліктен көтеріліс жасады?
4. Діни-рыцарьлық ордендер қандай мақсатпен құрылды?
5. Еуропада 3-ші крест жорығын ұйымдастыруға не түрткі болды?

## § 21. БҰДАН КЕЙІНГІ КРЕСТ ЖОРЫҚТАРЫ: НӘТИЖЕСІ, САЛДАРЫ ЖӘНЕ АЯҚТАЛУЫ

**Төртінші крест жорығы (1202–1204).** XII ғасырдың аяғында **Иннокентий III** папа жаңа крест жорығын ұйымдастыруға кірісті.



72-сурет. Крестілердің Венеция көпестерімен кездесуі.

Крестілер Палестинаға теңіз арқылы өтпек болып, Византиямен келісім жасап, 85 мың күміс маркаға тең ақша төлеуге міндеттенді. Келісілген ақшаның 1/3 бөлігін дерлік төлей алмаған крестілер жорықтың басынан-ақ саудадағы ең басты бәсекелесі — Византияға қарсы ұрыс бастауға мәжбүр болды. Соғыс бастау үшін інісінің қолынан тақтан құлатылып, көзі ойылған **Исаак II Ангелдің** тақ пен тәжді қайтарғысы келгені сылтау болды.

Төртінші крест жорығына қатынасқан рыцарьлар әскері Константинопольдің түбінен шықты. 1204 жылы крестілер Константинопольге тік шабуыл жасады. Жиырма мыңдық әскер жарты миллион халқы бар қаланы басып алды. Іргесі салынғаннан бері Константинополь қаласы бірінші рет дұшпанның олжасына айналды.

**Латын империясы (1204–1261).** Латындар (византиялықтар крестілерді осылайша атайтын) Византияның қираған үйіндісіне Шығыстағы Романия мемлекетін құрды (оны қазіргі тарихшылар Латын империясы деп атайды).

Романияның бірінші императоры етіп крестілер жолбасшыларының бірі – Фландрия графы **Болдуин** сайланды. Қызықтысы сол, **Болдуин** өзін Византия императорлары өкіметінің заңды ізбасары деп, ал Романияны – Византияның жалғасы деп санады.

Жергілікті гректердің табанды қарсылығы арқасында латындар Византия жерлерін түгелдей бағындыра алмады. Латын империясының өзі де көп ұзамай бірнеше ұсақ князьдықтарға бөлінді.

Латындар басып алынған аймақтарда өздерінің тәртіптерін орната бастады. Бұл мемлекетте де Батыс Еуропадағыдай рыцарьлар бекіністері бой көтерді. Константинополь патриархы тағына католик дін қызметшісі отырды, шаруалар жеке басымен рыцарьларға тәуелді болып қалды. Византияны жаулап алған рыцарьлардың көбі елдеріне қайтып келді. Латын империясында қалған рыцарьлар өздерінің темірдей еркі және ұйымшылдығы арқасында билікті қолында ұстап тұрды. Константинополь сарайының бүкіл Еуропаға жайылған даңқы сол рыцарьлар көрсеткен ерліктің арқасында жер жарған болатын. Олар әсіресе рыцарьлық намыс, адалдық ережелерін сақтауда үлгі болды.

**Византияның тіктелуі.** Латындарды тез арада қуып жібереміз, деген византиялықтардың арманы босқа кетпеді. Бағындырылған халық крестілерді жек көрді, ал латындар бір-бірімен келісе алмады.

Бір күні никеялықтардың әскери бөлімшесі латындарды «қорқыту» үшін Константинопольге келді. Ол кезде латындардың әскері никеялықтарға қарсы теңізден шабуылдауға кетіп, қаланы қорғаусыз қалдырған еді. Константинопольдегі гректер никеялықтар әскерінің жақындағанын естіп, қуанышын жасырмайды. Олардың жәрдемімен никеялықтар қалаға кіріп, астананы оңай ғана басып алды. Артына тез қайтқан латындар қаланы қолдан жібергенін түсінді. Никеялықтармен күресте жеңілген латындарға кемелеріне шы-



**74-сурет.** Крестілердің Константинопольге кіріп келуі.

ғып, Еуропаға оралудан басқа шарасы қалмады. Никея императоры **Михаил VIII Палеолог** 1261 жылғы 15 август күні Константинопольге салтанатты түрде кіріп келді. Византия империясы осылайша қайта қалпына келтірілді. Византия енді дүниенің ең күшті елінен онша үлкен болмаған грек еліне айналып қалды.

**Крест жорықтарының аяқталуы мен салдары.** XIII ғасырда жүргізілген бірнеше крест жорықтары Таяу Шығыстағы жағдайды өзгерте алмады. Франция королы **IX Людовиктің** 1269–1270 жылдары жүргізген сегізінші жорығы соңғы жорық болды. Көп ұзамай крестілердің Шығыстағы иеліктері біртіндеп мұсылмандардың қолына қайтты.

Крест жорықтары аяқталуының негізгі себебі Батыс Еуропа елдерінің ішінде XIII ғасырдың аяғынан басталған өзгерістер болды. Өндірістік күштер өсті. Ормандар оталып, егістік жерлерге айналдырылды. Ауыл халқының жері жоқ бір бөлігі өсіп келе жатқан қалаларға көшті. Король өкіметінің күшеюі, елді орталықтандыру саясаты рыцарьларға король әскерінің құрамында қызмет етуге мүмкіндік берді. Көпестер тыныш жолмен сауда жүргізудің зор артықшылығы бар екеніне тағы бір рет көз жеткізді.

Крест жорықтары өзінің негізгі мақсатына, яғни Шығыста күшті христиан мемлекеттерін құру мақсатына жете алмады. Оған қатысқан 100 мыңдаған адам қаза тапты, мол қаржылық зиян шекті.

Дегенмен, Еуропа феодалдары Шығыстың шарықтаған мәдениетімен танысып, тұрмыс салтын күрт өзгертті. Еуропа елдерінде салықтарды өнімнен емес, ақшалай алу өсе бастады. Кейбір феодалдар басыбайлы шаруаларды төлем есебіне еркіне босата бастады.



#### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. 4-крест жорығының барысы жөнінде әңгімелеп беріңдер.
2. Латын империясы қалайша құрылды?
3. Соңғы крест жорықтары қашан болып өтті?
4. Крест жорықтарының нәтижесі мен салдарын айтып беріңдер.

## IV ТАРАУ. БАТЫС ЕУРОПАДА ОРТАЛЫҚТАНҒАН МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ҚҰРЫЛУЫ

### § 22. ФРАНЦИЯДА ОРТАЛЫҚТАНҒАН МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚҰРЫЛУЫ

**Король өкіметі.** Крестілер Сирия шөлінде мұсылмандармен күресіп жатқанда Франция ауыр заманды бастан кешіріп отырған еді. Бұрынғы Батыс Франк корольдығы біріне-бірі тәуелсіз үлкенді-кішілі ондаған князьдықтарға бөлініп кетті. Князьдықтар мирасқа қалдырылғанда тағы да бөлінетін, әулеттік некелердің нәтижесінде қолдан-қолға өтетін. Корольдің жеке меншік иеліктері (домені) солтүстікте Парижден — оңтүстікте Орлеанға дейін орналасқан еді. **Нормандия, Бургундия, Бретань, Аквитания** герцогтарының әрбірінің корольға қарағанда жері де, халқы да көбірек еді. **Анжу, Тулуза, Блуа** графтарының күш-құдіреті де корольдікінен кем түспеді. Ал король доменінде оған бас имеген феодалдар берік бекіністер құрып, жайғасып алған болатын.



74-сурет. Нормандиядағы д'Е қаласы.



#### **Есінде сақта!**

**Домен** (латын тілінде «доминиум» — иелік) — король, герцог, граф, барондардың тәуелді шаруалардың еңбегін пайдаланып, өндеп отырған жер иеліктері.

Король **VI Людовик** (1108—1137) өз доменінде тәртіп орнатуға әрекет жасады. Ол Бурж және Санс қалаларын өз иелігіне қосып алды. Король өз дегенін істейтін барондардың бекіністерін бұзып, оларды бағындырды. **VI Людовиктің** ісі оңға айналып, ұлын Аквитания герцогының жалғыз мұрагеріне үйлендіруге қол жеткізді.

**Облыстар арасындағы еңбек бөлінісі.** X—XI ғасырдан бастап Францияда ауыл шаруашылығы, қолөнер мен сауданың өсуі байқалады. XII ғасырда игерілген жаңа жерлерде шаруалар тәуелділігі жойылып, салықтардың бір бөлігі ақшалай төленетін болды. Мұның нәтижесінде шаруалар өндірілген өнімнің белгілі бөлігін сату үшін базарға шығара бастады. Франциядағы феодалдар өз жерлерін мұралық жалға бере бастады. Бұл шара шаруаның жерге деген қатынасын дұрыс жағына өзгертті.

Облыстар арасындағы еңбек бөлінісі күшейе түсті. **Нормандия** — темір, тұз өндіруге, ат және қара мал өсіруге, **Шампань** мен **Бургундия** — шарап жасауға, зығыр талшығынан бөз тоқуға, **Фландрия** — жүннен мата істеп шығаруға мамандандырылды. Көпестер ол өнімдерді Шампань жәрменкесіне алып барды. Нәтижесінде, осы өнімдер бүкіл елге таралды. **Париж** бүкіл солтүстік-шығыстық Францияның қолөнері мен саудасының ең үлкен орталығы болып қалды. Еңбек бөлінісінің өсуі арқасында облыстардың жекеленуі аяқталды. Сауда оларды бір-бірімен байланыстырып қойды. Облыстар арасындағы экономикалық байланыстарды дамыту мұқтажы феодалдық бытыраңқылықтың жойылуын керек қылды.



### Есінде сақта!

**Облыстар арасындағы еңбек бөлінісі** — әрбір облыстың өндірістің не ол, не бұл саласына мамандандырылуы.

**Елді біріктіру үшін күрес.** Қалалардың өсуіне байланысты жаңа қоғамдық тапқа жататын адамдардың — **қалалықтардың** саны көбейе түсті. Ал қалалықтар табы феодалдардың озбырлығына шек қоя алатын, күшті король өкіметінің жақтаушысы болды. Корольды сонымен бірге ұсақ және орта феодалдар қолдады. Олар графтар мен герцогтардың қыспағынан арылу жолында өз армандарын күшті король өкіметімен байланыстырды. Осындай жағдайда орталықтандыру процесіне қарсы тек ірі діни және зиялы феодалдар ғана шықты.

Франция королі **II Филипп** Англия королі **Иоанн**мен бірлесіп, ағылшындардың **Нормандия**дағы жер иеліктерін қайтарып алу үшін күрес бастады. «**Ағылшын тәжінің маржаны**» деп саналатын **Нормандия** XIII ғасырдың басында қайтарып алынды. Көп ұзамай елдің оңтүстігіндегі **Тулуза графтығы** да король иеліктеріне қайтарылды. Нәтижесінде, король Франциядағы ең күшті феодалға айналып қалды. Корольдың жер иеліктерінің кеңеюі жалпы мемлекеттік басқару ұйымдарын: Король кеңесін, Жоғарғы сотын және Қаржылық басқармасын құрумен аяқталды. Король **IX Людовик** өз иеліктерінде феодалдардың өзара қырқысқан соғыстарына тыйым салды. Корольдың соқтырған алтын және күміс теңгелері Францияның барша облыстарында өту құқығын алды. Герцогтар мен графтардың соғып шығарған 40 түрлі ақшасы бірте-бірте ығыстырылды. Бұл шара сауданы жеңілдетті.

Сөйтіп Франция орталықтанған мемлекетке айналды. Король өкіметі елдің бүкіл аумағын өзіне бойсұндырды.



**Есіңде сақта!**

**Орталықтанған король өкіметі** — елдің бүкіл аумағы корольдің бірыңғай өкіметіне бағынуы.



**Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Шаруаның жерге деген қатынасын дұрыс жағына өзгерткен қандай шара?
2. Франциядағы облыстар арасындағы еңбек бөлінісі туралы әңгімелендер.
3. Король өкіметінің күшеюіне себепкер болған факторларды айырып айтыңдар.

## § 23. БАС ШТАТТАР. СОСЛОВИЕЛІК МОНАРХИЯНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ

**Филипп IV және Папа.** Францияның орталықтандырылуын жалғастырған Филипп IV (1285–1314) өз билігін жүргізудің басында Шампань графтығын, Лион облысы мен қаласын король доменіне қосып алды. Оның кейінгі әрекеті



75-сурет. Авиньондегі папаның ордасы.

елдің солтүстік-батысында ірі сауда-қолөнершілік қалаларын бірлестірген Фландрияны алуға қаратылды.

IV Филипп Еуропадағы билеушілерден бірінші болып үлкен жерге иелік етіп отырған шіркеуден салық төлеуді талап етті.

Рим папасы **VIII Бонифаций** (1294–1303) дін басыларынан Франция короліне салық төлеуден бас тартудан тыс, IV Филипптен Фландрияға қарсы соғысты тоқтатуды талап етті. Франция королінің Папаның еркіне бойсұнбағанына жауап ретінде, **VIII Бонифаций** IV Филипптің шіркеуден аласталғанын салтанатты түрде жариялауға дайындала бастады.

**Бас штаттар.** Мұның жауабына Франция королі 1302 жылы үш сословие өкілдерін: дін басыларды, дворяндар мен қалалықтарды шақырып, оларға папамен байланысты қактығысты талқылауды ұсынды. Бас штаттар папаның Францияның ішкі істеріне араласуын қаралады.



### Есінде сақта!

**Бас штаттар** («жалпы сословиелер») – Франциядағы жоғарғы таптық-өкілдік мекеме (1302–1789).

**Дворяндар** (аксүйек шонжарлар) – феодалдар тобының айрықша құқығы бар бөлігі. Артықшылықтар мирасқа қалдырылып, ұрпақтан-ұрпаққа өтті.

Кең жұртшылықтың көмегіне сүйене отырып, IV Филипп папаға қарсы әрекет бастады. Корольға **анафема** (лағынет) жариялау үшін белгіленген күн қарсаңында Италияның солтүстігіндегі **Анани** қаласында орналасқан папаның сарайына **Филипп** әскерлерінің бір тобы бастырып кіреді. Олар есенгіреп қалған папаға, тұтқынға алынғанын, сот алдында жауап беру үшін Францияға жіберілетінін айтады. Бірақ ананиліктер VIII Бонифицийді құтқарып қалады. Көп өтпей папа өзінің тағдырына көне алмай, есінен танып, қаза болады.

Тез арада IV Филипп толық жеңіске жетті. Франция архиепископы папа етіп сайланды. Ал ол Италиядан Фран-

цияның оңтүстігіндегі — **Авиньон** қаласына қашып кетуге ұйғарды. Авиньон француз корольның иелігіне кірмесе де, оның мұндағы ықпалы, әрине, күшті болатын. Замандастары: христиан дүниесінің бастығы француз корольның адал қызметшісіне айналды, деп жазады. Папалардың Римге оралуына 70 жыл дерлік қажет болды. Бұл жылдарға (1309—1377) Рим шіркеуі тарихында «**папалардың Авиньон тұтқыны**» деп ат қойды.

**Ұлы магистрдің қарғысы.** IV Филипптің бастаған «**тамплиерлер ісі**» де Еуропада үлкен дау-дамайға себеп болды.

1307 жылы орденнің көптеген мүшелері және ұлы магистрі тұтқынға алынды. Орденнің шексіз байлықтары жөніндегі қауесеттер оның басына бәле болды. «Авиньон папасынан» рұқсат алынып, тамплиерлердің мал-дәулеті тәркіленді. Олардың көбін азаптап қинап, отқа өртеді. Ұлы магистр 1314 жылы өлім жазасына кесілді. Оның өлімінен бір ай өткен соң папа да, ал он айдан кейін IV Филипп те қайтыс болды. IV Филипптің қарғысқа ұшырағаны, оның мирасқорларын келешекте одан да жаман оқиғалар тосып жатқаны туралы қауесеттер елде кеңінен жайылды.

Сөйтіп XIV ғасырда Францияда сословиелік монархия, яғни сословиелер өкілдеріне сүйеніп, орталықтанған мемлекет қалыптаса бастады.



#### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Филипп IV Рим папасымен келісе алмаушылыққа неліктен түсіп қалды?
2. Францияны біріктіруде король кімге сүйенді?
3. Бас штаттар деген не және оны қай мақсатпен шақырып отырды?
4. Сословиелік монархия деген не?
5. «Папалардың Авиньон тұтқыны» туралы әңгімелендер.
6. «Тамплиерлер ісі» не үшін ұйымдастырылды?

## § 24. ЖҮЗЖЫЛДЫҚ СОҒЫСТЫҢ БАСТАЛУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛҒАШҚЫ КЕЗЕҢІ. ЖАКЕРИЯ



76-сурет. Жүзжылдық соғыс жауынгері.

**Жүзжылдық соғыс және оның кезендері. Соғыстың себептері.** Англия мен Францияның арасында XIV ғасырдың 30-жылдары басталған соғыс (1337–1453) үздік-создық жүз жылдан астам уақытқа созылып, тарихта «**жүзжылдық соғыс**» деп аталды.

IV Филипп өлгеннен кейін көп ұзамай тақтан үміт етуші еркек ұрпақ қалмады. X ғасырдан бері жалғасып келе жатқан Капетингтердің мұрагері етіп Валуалар әулетін таныды. Алайда ағылшындар королі **III Эдуард**, яғни IV Филипптің қызынан туған немересі, барша валуаларға қарағанда таққа отыруға өзінің көбірек құқығы бар екенін жариялады.

Ағылшын королінің талабын қабылдамау үшін француз құқықтанушылары **Хлодвиг** заманындағы «**Сали ақиқатынан**», мұрагерлік құқығы бойынша, жердің әйел адамға өтуіне болмайтыны туралы заңды табады. Құқықтанушылар осы заңға сүйеніп, корольдық та жерге иелік етудің бір түрі болып табылады, демек IV Филипптің қызы Францияның тағына отыру құқығын өз ұлына III Эдуардқа бере алмайды, деген ұйғарымға келеді.

Мұрагерлік жөнінен талас қару күшімен шешіле бастады. Франция королі 1337 жылы ағылшындардың елдің оңтүстік-батысындағы Аквитания жерлерін өз қарамағына алғанын жариялады. Мұның жауабына Эдуард III Францияға қарсы соғыс бастады.

**Соғыстың барысы.** Англия мен Франция арасындағы соғыс тез арада жалпыеуропалық проблемаға айналды. Шотландия мен Кастилия Францияны, ал Португалия – Англияны қолдап-қуаттады.

Рыцарьлар Еуропаның барлық түпкірлерінен келіп, не ағылшындарға немесе француздарға қызмет етуге кірісті. Ағылшындар 1340 жылы Францияның теңіз флотын жеңіп,

құрлықта шабуылға кірісті. Алғашқы ірі шайқас 1346 жылы **Креси** маңында болды, онда франциялықтар жеңіліске ұшырады. Ағылшын әскерлерінің тәртіптілігі, сан жағынан басым болуы, ұқыпты дайындалғандығы соғыстың бастапқы кезеңінде-ақ Англияның үстемдігін жабдықтады.



77-сурет. Пуатье маңындағы соғыс.

Ерікті шаруалардан құралған атқыштар жасағы да жеңіске келтірген факторлардың бірі болды. Ағылшын жауынгерлері корольдан жалақы алып отырған әскери қолбасшылардың бұйрықтарын мүлтіксіз орындайтын. Ал француз әскерлері рыцарьлардан тұратын жеке-жеке жасақтардан құралды, сондықтан әрбір рыцарь тәуелсіз әрекет етті. Олардың бірыңғай басқаруы және әскери тәртібі болмады.

1356 жылы Францияның сан жағынан екі есе үлкен әскері шахзада **Эдуардтың** жасағының ізіне түсіп, Пуатье маңында оған жетіп алды.

Оның өзін өткізіп жібергені үшін **Эдуард** француздарға, барша олжа мен тұтқындарды, қолға түсірілген бекіністер мен қорғадардың бәрін беруге дайын екендігін білдірді. Бірақ Франция королы шахзададан өз орынбасарларымен бірге тұтқынға түсіп, қамауға алынуға көнуін талап етті. Ақырында, Эдуардтың соғысудан басқа амалы жоқтығына көзі жетті.

Француздардың соғыс барысында әлі де келісілмеген әрекет жасауы, олардың ең таңдаулы рыцарьларының жойылып кетуіне себеп болды. Франция король **Иоанн Сакский** және оның ұлы **Филипп** тұтқынға түсті. Соғыстан кейін ағылшындарға олардың Франциядағы көптеген жер иеліктері қайтарылды. Ал соғыс француздарға қауіп төндіріп тұрушы сипат ала бастады.

**Жакерия көтерілісі.** Жүзжылдық соғыс барысында салықтардан әсіресе шаруалар көп азап шекті. Әйтсе де қожайындар былай дейтін: «*Байғұс Жактың мойны жуан, не салсаң да көтере береді*». Қарапайым шаруаға қатысты қолданылатын **Жак** лақабы кейініректе көтерілістің атауына айналды.

Францияның Бове округында 1358 жылғы май айында басталған шаруалар көтерілісі тарихта **Жакерия** деген атымен мәлім. Көрші облыстарға да таралған ол көтеріліске

100 мыңға тарта адам қатынасты. Көтерілісшілердің ұраны «**дворяндардың бірін қалдырмастан қыру**» болды. Бұған олардың шаруаларға келтірген ауыр езгісі себеп болды. Көтерілісшілер феодалдардың қамалдарын қиратты, салық құжаттарын, тізімдерін өртеді. Сонда да әділ корольға сенген шаруалар өз туларына корольдың гербіндегі ақ лалагүлдің бейнесін түсірді. Көп ұзамай феодалдар бірлесіп, **Гильом Каль** басшылығындағы көтерілісті басты. Көтерілістің әлсін-әлі қайталануынан үрейі ұшқан феодалдардың ақша төлету арқылы шаруаларды жеке басының тәуелділігінен босатуды жеделдетті. Шаруалар көтерілістен кейін өз шаруашылығын неғұрлым ойдағыдай өркендету үшін мүмкіндік алды.



### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Жүзжылдық соғыс және оның кезеңдері туралы әңгімелендер.
2. Жүзжылдық соғыстың себептерін айырып айтындар.
3. Франция әскерлерінің соғыстың бірінші кезеңінде-ақ ұшыраған жеңілісінің себебі не?
4. Жакерия көтерілісін, оның жеңіліске ұшырағаны себептерін және салдарын айтып беріңдер.

## § 25. СОҒЫСТЫҢ КЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕРІ. ФРАНЦИЯНЫ БІРІКТІРУДІҢ АЯҚТАЛУЫ



78-сурет. Карл V  
Мудрый.

**Жүзжылдық соғыстың жалғасы.** Англияның Францияға ұсынған 1360 жылғы бітім шарты бойынша, елдегі жердің 1/3 ағылшындарға ауысты. Франция королі **V Карл** әскери реформа жүргізіп, күшті зеңбірекшілер жасақтарын және соғыс флотын құруға кірісті. Бірыңғай қолбасшылық енгізіп, оның өкілеттілігін кеңейтті. Осы лауазымға тағайындалған **Дьюгеклан** ірі шайқастарға қатыспай-ақ, кішірек шайқастар арқылы барша жерлерді дерлік

ағылшындардан азат етті. Бірақ соғыстағы жеңістер көпке созылған жоқ.


Ағылшындар король сарайындағы келіспеушілікті пайдаланып, 1415 жылдың күзінде өз әскерлерін Нормандияға түсірді. **Азенкур** соғысында француз әскерлері тағы да талқанданды. Елдің жартысы Англияның қолына өтті, шіркеу мен дін басылар корольдің өкіметін мойындамады. Бургундия герцогы да ағылшындар жағына шығып кетті. Оның көмегімен ағылшындар Париж қаласын басып алды.

1420 жылы жасалған келісім — шартына сәйкес, Англия королі бірлескен Англия мен Францияның королі болады деп көрсетілді. Француз королінің баласы биліктен айрылды. Жүзжылдық соғыстың сипаты өзгеріп, ағылшын әскерлерімен күреске қалың бұқара көтерілді.

**Орлеан қызы.** Ағылшын әскерлері Орлеанға шешуші шабуылға әзірлік көріп жатқан бір кезде Карлдың қабылдауына қарапайым шаруаның қызы, 16 жасар **Жанна Д'Арк** келіп, оны француздардың сөзсіз жеңіске жететініне көндіреді. Жаннаға рыцарьлар жасағы берілді, ол Орлеанға көмекке аттанып жатқан әскерге қосылды. Бірнеше күннен кейін ағылшындар құрған бекіністер талқандалып, қала қоршаудан босатылды. Осы оқиғадан кейін Жаннаны «**Орлеан қызы**» деп атай бастады. Оның ерлігінен рухтанған француздар басқыншыларға қарсы күресін барлық жерде бастады.

Француз корольдары таққа отырғызылып келген қала — **Реймсте** Карлдың тәж киюге мүмкіндігі пайда болды. Карл VII (1422—1461) Францияның королі болып қалған соң, оның елдегі және Еуропадағы абырой-беделі асты.

Жанна Д'Арктың даңқы король сарайы қызметкерлерінің қызғанышын тудырды. 1430 жылы **Компьен** қаласының түбінде болған шайқаста бургундықтар Жаннаны тұтқынға алып, ағылшындарға сатты. Франция королі ба-



79-сурет. Жанна Д'Арк VII Карлдың тәж кию рәсімінде.

тыр қызды құтқару үшін ештеме істемеді. Шіркеу соты ер-жүрек қызды өлім жазасына кесті. 1431 жылы 30 майда Руан қаласы алаңында Жанна Д'Аркты отқа өртеді.

**Соғыстың аяқталуы.** Жаннаның ерлігі француздардың отаншылдық сезімін күшейтіп, азаттық соғыста кенет бұрылыс жасады. Ағылшындардың бірінен соң бірі өткен жеңілістері 1453 жылы келісім-шартын жасаумен аяқталды. Олардың қолында бір ғана **Кале** порты қалды.

Бұл жеңіс король өкіметін күшейтті. Корольдің тұрақты әскері құрыла бастады. Салықтардың уақтылы жиналуы арқасында мемлекеттің табысы молайды.

**Орталықтандырудың аяқталуы.** VII Карл өлгеннен кейін таққа отырған ұлы **Людовик XI** (1461–1483) өз саясатын **Бретань** және **Анжу** герцогтарын бағындырудан бастады. Мұның жауабына ірі феодалдар «**Қоғам бақыты одағын**» құрды. Людовик оның бастығы – **Карл Бургундский**ге қарсы табысты соғыс жүргізіп, Бургундияның батыс бөлігін Францияға қосып алды.

Францияның оңтүстігіндегі **Прованс облысы** Марсель портымен бірге 1481 жылы корольдің қарамағына көшті. Францияның орталықтандырылуы Людовиктің мұрагері – **VIII Карлдың** Бретань герцогының қызына – **Аннаға** үйленуімен аяқталды.

XV ғасырдың аяғына таман бүкіл Франция бір орталыққа түгелдей бағындырылды. Францияның орталықтандырылған мемлекетке айналуы елдегі шаруашылықтың өркен табуына мүмкіндік туғызды.



### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Картадан Францияның XI–XIV ғасырлардағы жерлерін тауып көрсетіңдер.
2. Анық (кемінде үш) мысалға сүйеніп, Францияның XV ғасырда, XI ғасырмен салыстырып қарағанда, күшті ел болғанын дәлелдеп беріңдер.
3. 1420 жылғы шарт бойынша Францияда қандай өзгерістер туды?
4. Халық-азаттық қозғалыстың және Жанна Д'Арктың жүзжылдық соғыс кезінде алған орнын бағаландар.

## § 26. АНГЛИЯДА ОРТАЛЫҚТАНҒАН МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚҰРЫЛУЫ


**Нормандар басқыншылығы.** Англиядағы король өкіметінің әлсіздігі оны даниялықтардың тонаушылық аясына айналдырды. Англ-сакстар бұған қарсы XI ғасырдың 40-жылдарында көтеріліс көтергенде, оларға Францияның солтүстігінде орналасқан Нормандияның герцогы жәрдемге келді. Алайда көп ұзамай ол көмектің риясыз екендігі анықталды.



80-сурет. Гастингс шайқасы.

Нормандия герцогы **Вильгельмнің** әскерлері 1066 жылы Англияға келіп түсті. **Гастингс** шайқасында нормандардың салт атты рыцарьлары ағылшындардың жаяу әскерлерін қоршап алды. Англия королы **Гарольд** және оның жасағы теңсіз шайқаста қаза тапты. Нормандия герцогы король тағын иемденіп, **Вильгельм I** деп аталды.

**Феодалдық қоғамның біржолата орнауы.** Вильгельм жергілікті феодалдар — англ-сакстардың жерлерін тартып алып, рыцарьларына бөліп берді. Сол кезде ұсақ әрі орташа жер иелері өз меншіктерін сақтап қалды. Елді өз тізгінінде ұстап тұру үшін күшті король өкіметі қажет болды. Вильгельм феодалдардың бәрін корольға адалдыққа ант беруге мәжбүрледі.



82-сурет. Лондон.  
Тауэр бекінісі.

Корольдың аса ірі жер иеленушіге айналуы, сондай-ақ, иеліктерінің түрлі облыстары жерлерін барондарға тарту етуі Франциядағыдай тәуелсіз графтықтардың құрылуына бөгет жасады. Нормандияны жаулап алуы Англияда феодалдардың шаруаларды езуін күшейтті.

Нормандиялықтар өз өкіметін нығайту мақсатымен Англия бойында көптеген қорғандар құрдырды. Олардың ең әйгілісі — Лондондағы **Тауэр**, ол қазір де бар. Англ-сакстардың көтеріліске жиі шығу қаупі барондардың король айналасында бірігіп топтасуына әкелді. Жаулап алынған елдің экономикалық қуатын білу үшін Вильгельм Еуропада тұңғыш рет Англияның барлық жеріне және халқына санақ жүргізді. Санақ жүргізушілердің сұрақтарына тек шындықты айту, жауап беру жөнінен ант бергізу халық ортасында тізім парақтарының «**Үрейлі сот кітабы**» деген ат алуына себеп болды.

Барондардың халыққа жеткізген езгісіне шек қою үшін графтықтарда англ-сакстардың жергілікті соты сақталып қалды. Ел графтықтарға бөлінді, олардың әрқайсысына корольдың өкілі — **шериф** тағайындалды.

Шаруалар көтерілісі Англияда XII—XIII ғасырларда күшейді. Олардың бір бөлігі өз мырзаларынан қашып, ормандарда жасады. Қашқындар бірігіп, феодалдарға, епископтарға, шенеуніктерге, король судьяларына шабуыл жасады. XIV ғасырда халықтың ауызекі шығармашылығының сүйікті қаһарманына айналған **Робин Гуд** байлардың қас жауы, езілген еңбекшіл халықтың қорғаушысы болып бейнеленді.

**Генрих II король** (1154–1189) тұсында Англияда қаржылық және әскери реформалар жүргізілді. Барондарға әскери қызмет орнына қазынаға «қалқан қаржысын» төлеуге рұқсат етілді. Бұл – корольға тұрақты жалдамалы әскер құруға мүмкіндік берді.


«**Ұлы азаттық хартиясы**». **Иоанн** билеген кезде (1199–1216) көтерілістер кең етек жайды. Өз күшіне сенген король күнәкар болып саналған барондардың иеліктерін тартып алды, вассалдарынан көп төлем талап етті. Бұл ақыр аяғында бәрін корольға қарсы етіп қойды.

Барондар рыцарьлар мен қалалықтардың көмегіне сүйеніп, 1215 жылдың көктемінде бүлік шығарды. Астана Лондон тұрғындары көтерілісшілерге қала қақпаларын ашып берді. Король «**Ұлы азаттық хартиясы**» деп атаған құжатқа қол қоюға мәжбүр болды.

Хартияның негізгі баптары барондар мен дін басылардың мүддесін қорғады. Король шіркеудің еркін сайлауларға іззет көрсетуі, вассалдардан әдеттегіден көбірек төлем алмауы, барондарды қамамауы және жер иеліктерінен айырмауы туралы шарттарын қабылдады.

Жарлық 63 баптан тұрды, рыцарьлар мен шаруаларға да бірсыпыра жеңілдіктер берді. Мәселен, олардан белгіленнен көбірек қызмет пен төлем алуға тыйым салынды. Құжатта ерікті кісілерді корольдың лауазымды адамдары озбырлығынан және қосымша айыппұл төлетуден қорғауға уәде берілді. Алайда ол уәде іс жүзінде сақталмады.

**Англия парламенті.** Англиядағы бірінші парламент 1265 жылы шақырылды. Оның құрамына барондардан басқа, дін басылар, әр графтықтан екі рыцарь, әр ірі қаладан екі өкіл кірді. XIV ғасырда парламент екіге — **лордтар палатасы** мен **қауымдар палатасына** бөлінді. Лордтар палатасында корольдың арнап шақырған шонжарлары, епископтар, аббаттар кеңесті. Ал қауымдар палатасына рыцарьлар мен қалалықтар өкілдері қатынасты.



82-сурет. Робин Гуд.



**83-сурет.**  
Вестминстер сарайы, қазіргі Ұлы Британия парламенті жайғасқан ғимарат.



### Есінде сақта!

**Парламент** — француздың «парле» — «сөйлеу» деген сөзінен шыққан.

XIV ғасырдан бастап парламент салықтарды бекітуден басқа, заң шығаруға және қабылдауға қатысу құқығын да қолға түсірді.




### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Нормандияны жаулап алуы Англияға қандай әсер еткенін түсіндіріп беріңдер.
2. Англия мен Франциядағы феодалдық қоғамдардың құрылу өзгешеліктерін салыстырып, айырмашылықтарын анықтаңдар.
3. «Ұлы азаттық хартиясы» дегенді сен қалай түсінесің?
4. Англияның парламенті туралы әңгімелендер.

## § 27. XIV–XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ АНГЛИЯ

**Жүзжылдық соғыс кезіндегі Англия.** Жүзжылдық соғыс Англияның экономикасына да үлкен зиян келтірді. Король **II Ричард** (1377–1399) елде 1377 жылы жеке бас салығын күшке енгізді. 1380 жылы жеке бас салығы 3 есе асырылды. Салық жинауда етілген қиянат Англия халқының ашу-ызасын туғызды.




84-сурет. Уот Тайлер көтерілісі.

Кедей дін басылар мен монахтар ортасынан халық уағыздаушылары өсіп шықты. Халық арасында ерекше сүйіспеншілікке бөленген **Джон Боллдың** өз уағыздарында: «*Адам Ата жер жыртып, Хауа Ана жіп иірген кезде дворянин болған кім?*», — деп, ыза жазғырып айтқан сөздері ауыл-қыстақтарда қайта-қайта айтылатын. Джон Болл барлық адам тең, ал жер сонда еңбек ететін адамға тиісті екенін осылайша дәлелдейтін. Оны архиепископтың бұйрығы бойынша тұтқынға алды.

**Уот Тайлер көтерілісі.** Көтеріліс 1381 жылдың май айында салық жинаушылардың әділетсіздігіне бола басталып, тез арада Англияның көп бөлігін қамтыды. Көтерілісшілер тарапынан азат етілген Джон Болл оған басшылық еткендердің бірі болды. Шаруалардан құралған көтерілісшілер қаңылтыршы Уот Тайлердің басшылығымен астанаға қарай аттанды. Лондондықтар көтерілісшілерге қала қақпақтарын ашып берді. Олар король кеңесшілерінің, танымал шонжарлардың үйлерін өртеді. Айыпты деп табылған шонжарларды дарға асып, өлтіре бастады.

Жас король II Ричард көтерілісшілермен келіссөз бастауға мәжбүр болды. Кездесу кезінде қабылданған «**Мейл Энд**» бағдарламасына сәйкес, король шаруалардың жеке бас тәуелділігін жоюға, еркін сауда жүргізуге рұқсат беруге, жер салығын азайтуға ризалығын берді. Корольмен кездескеннен кейін көтерілісшілердің көбі үйлеріне кетіп қалды. Дегенмен олардың кедей бөлігі бұған қанағат етпей, Лондонда қалып қояды да, корольмен жаңа келіссөз жүргізу үшін



85-сурет. Генрих VII  
Тюдор.

Смитфилдке барады. Жаңадан жазылған бағдарламада феодалдар тартып алған жайлаулар мен ормандарды қайтару, храмдардың жерін тәркілеп, шаруаларға бөліп беру, халықтың тең құқықтығын қамтамасыз ету сияқты талаптар бар еді.

Кездесу кезінде Уот Тайлер король кеңесшілерінің біреуімен таласып қалып, төбелесте жараланады да қаза табады. Абыржып қалған шаруаларға, сендердің барша талаптарың орындалады, деп уәде беріп, оларды қаланы тастап кетуге көндіреді. Бірақ көтерілісшілердің артынан жіберілген жасақ олардан аяусыз кек алады.

Көтеріліс сәтсіз аяқталғанымен, оның ықпалымен Англияда шаруалардың еңбекті міндеттері (барщина) жойылды. Тәуелді шаруалар XV ғасырдың ішінде ақысын төлеп, азаттыққа қол жеткізді. Салықтар ретке салынды.

**XV ғасырдағы Англия.** Жүзжылдық соғыстан кейінгі Англияның тарихында «**қызыл және ақ гүлдер**» (1455—1485) делінген соғыс болып өтті. Онда халықтың  $\frac{1}{4}$  бөлігі, ал ақсүйек феодал шонжарлар — барондардың бәрі дерлік қырылып кетті. Тақ үшін Йорктерге қарсы Босфорт маңында болған шешуші соғыста (1485 жыл) **Ланкастерлер** үйі жеңіп шығып, өзі құптаған **Генрих Тюдорды** Англия тағына отырғызды.

**Генрих VII Тюдор** (1485—1509) заманында король өкіметі едәуір күшейді. Корольдің бұйрығы бойынша, соғыстарда қырылып кеткен нормандиялық шонжарлардың орнына лордтар палатасына енген, жаңа англ-сакс шонжарлары оның сенімін ақтауға ұмтылды. Қауымдар палатасына шақырылған рыцарьлар мен қалалықтар да корольдің енгізген заңдарын бекіте отырып, оған жаңа салықтар жинауда көмектесіп отырды.



### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Жүзжылдық соғыс кезеңіндегі Англияның экономикалық жағдайы туралы не айта аласыңдар?

2. Уот Тайлердің көтерілісі және оның маңызы жайлы әңгімелендер.
3. «Қызыл және ақ гүлдер» соғысы туралы естерінде не қалды?
4. Генрих VII Тюдор Англияда қандай саясат жүргізді?

## § 28. XII–XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ГЕРМАНИЯ

**Елдің шаруашылығы.** XII ғасырда Германияда өндіргіш күштері өсе бастады. Ну ормандар оталды, батпақтар құрғатылып, егістік жерлерге айналдырыла бастады. Еңбек құралдарының жетілуі астық өнімділігін асырды. Дәнді дақылдардан басқа май шығару, бағбаншылық, жүзім өсірушілік дамыды.

Ауыл шаруашылығының дамуы қалалардың пайда болуымен тікелей байланысты болды. **Кельн, Вормс, Франкфурт, Ульм, Нюрнберг, Аусбург** қалалары қолөнер мен сауданың ірі орталықтарына айналды. Германия қалалары көршілес Франция, Нидерландия, Италия, Венгрия, Балқан түбегі елдерімен тығыз сауда жүргізді. Неміс қолөнершілері істеп шығарған шұға мен бөз, металдан жасалған құрал-сайман, бұйымдар басқа өлкелерде де жоғары бағаланды.

**Саяси даму.** Штауфендер әулетінің ең мәшһүр өкілдерінен бірі — **Фридрих I Барбаросса** (1152—1190) болды. Бастапқыда Фридрих өзінің басқыншылық жоспарын крест жорықтары арқылы байып кеткен Италия қалаларына қаратады. Оның мақсаты Италияны өз облыстарының біріне айналдыру болды.

Бұған Милан мен Ломбардияның бірнеше қалалары ғана қарсы шықты. 1158 жылы Ронкаль жазығында шақырылған сейм (кеңес) императордың Италиядағы өкіметін шектелмеген деп мойындады. I Фридрихтің Болоньядан шақыртқан ең білгір құқықтанушылары оған қызметке түсіп, заңдар жина-



86-сурет. Фридрих I Барбаросса.

ғын құрастырған болатын. Бұл заңдар жинағында Фридрих I «жердегі тірі заң» деп табылды.

Құралып шыққан жағдайда Ломбардия қалалары Милан басшылығымен 1162 жылы басқыншыларға қарсы көтеріліс көтерді. Оны басу барысында Милан халқы сегіз күн ішінде қаланы тастап кетуге міндетті деп көрсетілді. Милан XII ғасырдың 60–70 жылдарында қайта қалпына келіп, жаңа соғысқа әзірлік көре бастады. 1176 жылы **Леньяно** соғысында Лига әскерлері император рыцарьларының күлін көкке ұшырды. Сонда **Фридрих I** Солтүстік Италиядағы қалаларға **коммуна** – еркін болу құқығын беруге мәжбүр болды.



87-сурет. Иннокентий III папа.

**Иннокентий III** папа Германияның саясатына өз ықпалын тигізген Рим папасы болды. Ол бәріне дерлік ұмыт болған Барбароссаның 18 жасар немересін әуелде герман князьдарына король деп мойындатуға қол жеткізді. Оның адал қызметкер болып қалуын дәмеленген папа арадан сегіз жыл өткесін **II Фридрихті** император деп жариялады.

«**Ерекше император**». II Фридрих басқарған кезде герман князьдары өздерін бос ұстай бастайды, ал мұның өзі кейініректе билеушілердің елге басшылық етуіне елеулі кедергі жасайды.

**II Фридрих** император болып, билеген уақыттың 20 жылдан астамын Италияда, Сицилия корольдығында өткізді. Оның сарайында араб, византиялық және яһуди ғалымдары жиналатын. Фридрихтің өзі араб және грек тілдерін білді, латын және итальян тілдерінде шығармалар жазды. Оның Палермодағы сарайы араб халифтарының сарайын еске түсіретін. Император Шығыс музыкасы мен билерінің, әдебиеті мен поэзиясының, шығыстық сәулет өнерінің қадірлеушісі болды. Шығыс билеушілерінің кейбірімен достасып жүрді.

Император елді аралаған кезде үстінде отырған піл айдаушылары мен жауынгерлері бар пілдер оған ере жүрді. Пілдер артынан түйелерді, жолбарыстар, арыстандар, барыс-

тарды жетелеп жүрді. Халықта осынау шеру күшті әсер қалдыратын. II Фридрихтің кеңсесіндегі құжаттардың әсемдігі сонша болды, оған бүкіл Еуропаның әуесі келді. II Фридрихтің «**Құстармен аң аулау**» туралы жазған туындысы оның бұл саланы жетік білетін адам болғанын дәлелдеп, қазіргі күнге дейін сақталып келуде. Император бірнеше мектептің және **Неапольдағы** университеттің негіздеушісі болып табылады. Бұл университет шіркеудің немесе қала кеңесінің тарапынан емес, императордың бұйрығымен ашылған бірінші университет болды.



88-сурет. Фридрих II.

Замандастары II Фридрихтің әдеттен тыс қабылеті мен ерік-жігеріне таң қалып, оған «Әлемнің қайраты» деген ат қойған болатын.

II Фридрих өлгеннен кейін папалар жақтаушылары штауфендер әулетінің барша өкілдерін жоюға кірісті.

1254–1273 жылдардағы Германияда император мүлде сайланбады. Князьдар 1273 жылы жиналып, таққа **Рудольф Габсбургты** отырғызды. Бірақ тақта көп жыл бойы отыру үшін Габсбургтарға **Люксембургтер** әулетімен күресуге тура келді. Сөйтіп Габсбургтың 369-жылдық императорлық билігі тек 1437 жылда-ақ басталды.



### Есінде сақта!

Германияда Саксониялықтар, Франкониялықтар, Штауфендер, Люксембургтер, Габсбургтар әулеттері биледі.

**XIV–XV ғасырлардағы Германияның қалалары.** Неміс князьдары — кресті рыцарьлардың Балтық маңына жасаған басқыны Германияның солтүстігіндегі қалалардың өсуіне жол ашты. Бұл қалалар XIV ғасырдың ортасына қарай **Ганза одағына** бірлесті. Одақ тек экономикалық мәселелермен, немесе саудамен айналысып қоймай, XIV ғасыр-

дың 70-жылдары Солтүстік теңіздегі саудадағы бәсекелесі – Дания корольдығына күшті тойтарыс берді.

Ганза одағынан басқа, Германияның оңтүстігі мен батыс бөлігіндегі қалалар да XIII–XV ғасырларда жақсы өсті. Дунайдың жағалауын бойлай орналасып, 90 қаланы бірлестірген **Швабия одағы** Италия қалаларымен тығыз байланыста болды. **Аусбург**, **Ульм** мен **Нюренберг** қалалары шұға мен бөз шығаруда, металдан бұйым, қару-жарак жасауда жетекші орынға ие болды.



### Есінде сақта!

Германия қалалары Ганза және Швабия одақтарына бірікті.

Батыстағы, Рейн өзені бойында орналасқан **Кельн**, **Вормс**, **Страсбург** қалаларында металл шығару, шұға тоқу дамыды. Бұл қалалар Нидерландия, Франция, Италиямен сауда жүргізді.



### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. XI–XV ғасырлардағы Германияда шаруашылық қалай дамыды?
2. Картаға Германияның қалаларын түсіріп, олар туралы әңгімелендер.
3. Фридрих I Барбаросса өзінен кейін қандай әсер қалдырды?
4. Рим папаларының Германияға тигізген ықпалын айттып беріндер.
5. Фридрих II қандай саясат жүргізді?

## § 29. ЕУРОПАНЫҒ XI–XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ МӘДЕНИЕТІ. БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ

**Дүние жөніндегі ортағасырлық түсінік.** Ортағасырлық адамдардың дүние жөніндегі түсінігі дінмен тығыз байланысты болды. Олар осы жердегі ауыр тағдырына бола өлгеннен кейін жаннатта «шынайы» өмірге бөленетініне сенді.


Бұл заманғы адамдар үшін уақыттың мәнін таң, күн, кеш, түн сияқты ұғымдар құрады. Адамның өмірі тек қана жыл маусымдарының — қыс, көктем, жаз бен күздің алмасуымен белгіленді. Сонымен бірге халық өзінің әдет-ғұрыптарын, салт-дәстүрлері мен ырымдарын сақтап келді.

Адам өмірінің орташа ұзақтығы көп болмады, 40 жастан кейін олар өздерін қарт деп санады. Балалар арасындағы өлім-жітім көп болды.

Қалалар мен сауданың дамуына байланысты адамдардың дүниені көруге мүмкіндігі пайда болды. Ал крест жорықтары еуропалықтарға әлемге кішкене терезе ашып берді. Саяхатшылар алыс елдерде жасайтын халықтардың әдет-ғұрыптары мен мәдениеті туралы қызықты мағлұмат әкеле бастады.

Солардың бірі — венециялық көпес әрі саяхатшы **Марко Поло** болды. Ол өзінің «*Марко Поло кітабында*» Қиыр Шығыс пен Қытайда 1271—1295 жылдары ішінде бастан кешкен-көргендерін әңгімелейді.

**Білімнің дамуы.** Батыс Еуропаның мәдениеті XII—XIII ғасырдан бастап дами түсті. Қалалардың өсуі, қолөнер мен сауданың өрлеуі, Византияның, Араб халифатының мәдениетімен танысу еуропалықтардың дүниетанымын, білім өрісін кеңейтті. Қалаларда жеке меншікті және қала кеңесі қаржысымен қызмет ететін мектептердің саны өсе барды. Шіркеулік мектептерге қарағанда, осындай мектеп оқушылары дүнияуи білімдерді кеңірек әрі тереңірек меңгеріп алды. Ірі қалаларда XII ғасырда тұңғыш жоғары мектептер — **университеттер** ашыла бастады. Мәселен, **Болонья** мен **Парижде** ашылған бірінші университеттер өз заманына лайықты, жоғары білім беріп отырды. Ең ірі университет



**89-сурет.** Париж университетінде философиядан дәріс оқылуда. Ортағасырлық миниатюра.



**90-сурет.** Оксфорд университеті.

Парижде болды. Оның негіздеушісі король үйіне жақын дін қызметкері **Робер де Сорбон** болды. Корольдан арнаулы жарлық алған университеттер мүлде тәуелсіз болды.

XIII–XV ғасырларда университеттер Еуропаның барша дерлік елдерінде болды. Оларды папалар, епископтар, императорлар мен корольдар, князьдар мен қалалар ұйымдастырды.



### Есінде сақта!

**Университет** (латынның «университас» — «кешен, бірлік» деген сөзінен шыққан) — ғылымның әртүрлі бағыттары бойынша мамандар дайындайтын жоғары оқу орны. Алғашқы университеттер XII–XIII ғасырларда Италияда (Неаполь, Болонья), Испанияда (Севилья, Валенсия), Францияда (Париж, Тулуза), Англияда (Оксфорд, Кембридж) құрылды.

**Магистрлер және школярлар** қауымдастықтары. Университет — бұл оқытушы мен оқушылар қоғамы. Университетті оқытушы — **магистр** басқарды. Оның көптеп артықшылары болды, және ол жергілікті әкімге бағынбады. Егер онымен келіспей қалып, кейбір мәселенің шешілуі қиынға соқса, **магистр мен школярлар** (студенттер) басқа жерге кетіп қалатын. Көптеген жағдайда олардан кешірім сұрайтын, өйткені ол кезде қалай да болса қала өзіндік университетке ие болуды құрмет деп есептеді.

Атақты оқытушылардың лекцияларына (дәрістеріне) школярлар Еуропаның барлық түпкірлерінен келіп тұрды. Кейде Парижде 30 мыңға жуық студент жиналатын. Студенттердің оқуын бірдей топқа жататын школярлар одағы басқарды. Бағы бар студенттер қазіргі жатақханаға ұқсас **коллегия**ларда тұрды. Париждегі ең ескі коллегиялардың бірі — **Сорбоннаның** аты кейінірек қалпынша университеттің атына айналды. Англия мен Франциядағы коллегиялар жаңа оқу орындары — **колледж**дердің негізін қалады.

Оқыту **факультет**терде жүргізілді, олардың әрқайсысын декан басқарды. Қауымдастық басында сайланған ректор немесе үкімет тағайындаған **канцлер** отырды.

Мектептер мен университеттерді дамыту барысында кітапқа деген сұраныс күшейді. Алғашқы орта ғасырларда кітап тапшы, әрі қымбат бағалы нәрсе болып саналды. Кітаптың парақтары **пергаментке** (арнайы өңделген бұзау терісі) жазылған. Кітаптардың XII ғасырдан монахтар қолымен емес, қалаларда ашылған арнайы шеберхана шеберлерінің қолымен істелгеніне байланысты олар арзандай бастады. Қағаздың XIV ғасырдан бастап кеңінен қолданылуы шығарылған кітаптардың санын одан әрі көбейтті.

Әуел баста қағазды ескі-құсқы нәрседен дайындады. Неміс инженері **Иоганн Гуттенберг** 1445 жылы кітап бастыру станогын ойлап тапты. Оның ашқан жаңалығы кітаптың көптеп таралуына әкелді.

**Ғылымның дамуы.** Оксфорд университетінің профессоры **Роджер Бэкон** (XIII ғасыр) білімдегі жетістіктерге тек қана ғылыми бақылаулар және тәжірибелер жолымен жетуге болатынын дәлелдеді. Оның өзі оптика, физика, химия пәндеріне қатысты тәжірибелер жүргізді. Р. Бэкон өздігінен жүзетін кеме, сүңгуір қайық, ауада ұшатын аппарат құруға болатынын айтты. Оның қиыншылық пен қауіп-қатерге толы өмірі шіркеудің қудалауымен өтті. Ол көп жыл бойы абақтыда да отырды.



91-сурет. Роджер Бэкон.

Орта ғасырларда астрономия мен алхимия жақсы дамыды. Жұлдызшы-астрономдар аспан денелерінің қозғалысын үйреніп, келешекті алдын ала болжауға тырысты. Корольдар, қолбасшылар, көпестер мен саяхатшылар қандай болмасын іске кірісер алдында сөзсіз олармен ақылдасты. Алхимиктер кез келген металды алтынға айналдыра алатын «сиқырлы тасты» іздеумен болды. Тәжірибелер жаңа химиялық қоспалар, қышқылдар, минералды бояулар алуға мүмкіндік берді. Астрологтар мен алхимиктер өз ізденістері барысында химиялық пешті, тазалайтын, айдайтын және сүзетін аспап-құралдарды ойлап тапты.




### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Ортағасырлық адамдардың дүние жөніндегі түсінігі қандай болды?

2. Сеніңше, орта ғасырдағы адамдар неліктен ұзақ өмір сүрмеді?
3. Балалар мектептерде нені үйренді?
4. Университеттер туралы естеріңде қалғанын айтып беріңдер.
5. Тәжірибеге сүйенген білімнің дамуына не түрткі болды?

## § 30. БАТЫС ЕУРОПАНЫҢ ӨНЕРІ МЕН ӘДЕБИЕТІ. ГУМАНИЗМ ИДЕЯСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

**Сәулет өнері.** Алғашқы кезде үйлер мен бекіністер ағаштан салынды. XI ғасырға таман Батыс Еуропада құрылыс саласы да дами бастады. Құрылыста тас кеңінен пайдаланылды. Одан алғашқы храмдар мен монастырьлар бой көтерді. Ал құрылыс тастары болмаған Англия мен Польшадағы храмдар мен сарайлар күйдірілген кірпіштен құрыла бастады. Франция, Италия, Германияның сәулет өнерінде әуелде роман **стилі** басым болды.



92-сурет. Германия.  
Лаах монастыры.  
XI ғасыр.

Роман стиліндегі храм – қабырғасы қалың, биік мұнарасы бар, терезесі тар, алып әрі ұзын ғимарат. Сыртқы көрінісінен ол бекіністі еске түсіретін. Оның өзгешелігі сол, терезенің үстінгі жағы, храмға кіре берістегі ішкі күмбездер жарты шеңбер тәріздес аркалармен безендірілді. Германиядағы **Лаах** монастырында жайғасқан шіркеу (XI ғасыр) – роман стилінің жарқын үлгісі.

Дәстүрге сәйкес, қаланың ортасында ең көркем әрі алып ғимарат – шіркеу құрылды. Оның төңірегіндегі ғимараттар **готика стилінде** салынып, ол сәулет өнеріндегі роман стилін ығыстырып шығарды. Өзінің биіктігімен осындай стилмен құрылған ғимараттар көзге түсіп тұрды. Биік әрі сүйір күмбездер

дер алып та ауыр күмбездің орнын басты. Готика стиліндегі ең мәшһүр ғимараттар Париждегі **Әулие Мария храмы**, **Руан**, **Реймс** және **Шартр** (Франция) храмдары, Италиядағы **Милан** храмы болды.



### Есінде сақта!

**Роман стилі** — Батыс Еуропаның өнерінде X ғасырдан бастап XII—XIII ғасырларға дейін басым болған көркем стиль. Ол заманғы өнерде Батыс Еуропаның мәдениеті мен сәулет өнері Ежелгі Римнің стилі мен элемент негіздерін кеңінен пайдаланды. **Готика стилі** — Еуропа елдерінің ортағасырлық өнерінде басым болған көркемдік стиль. Готика XII ғасырдың ортасында Солтүстік Францияда пайда болды. XIII ғасырдың бірінші жартысында өте жақсы дамыды.

Орта ғасырларда **Византияның**, **арабтардың** да сәулет өнері өзінен кейін ғажайып ғимараттар қалдырды. Венециядағы **Әулие Марк храмы** мен **Доджилер сарайы** византиялық стилімен құрылған болатын. Испанияның Севилья қаласындағы мешіт пен **Аль-Касар бекінісі**, Гранададағы **Аль-Хамро** сарайлары араб сәулет өнерінің асыл қазынасы болып саналады.

**Мүсін өнері.** Оның дамуы сәулет өнерімен тікелей байланысты болды. Шіркеулер мен монастырьлардың ғимараттары құдайдың, әулиелердің, корольдардың мүсіндерімен безендірілді. Шіркеу мүсіндерге ең басты тапсырысшы болғандықтан, оларды жасауда діни тақырып басым болды. Дегенмен, мүсіншілердің өздері қалың бұқара ортасынан шыққандықтан олардың туындыларында адамның ең жақсы қасиеттері бейнелеп көрсетілді. Мәселен, жиі-жиі көзге түсетін Әулие Биби Мариям мүсіндері (Еуропада оны «**Мадонна**» деп атады)



**93-сурет.** Франция. Реймс храмындағы Әулие Биби Мариям мүсіні.

өз ішінде ананың балаға деген сүйіспеншілігін нақтылы түрде көрсетті.

Антикалық дәуірдегі мүсіндер адам денесінің сұлулығын дәріптеді, ал ортағасырлық мүсіншілер сыртқы сұлулық арқылы өз кейіпкерлерінің ой-пікірін, сезім-түйсіктерін көрсетуге ұмтылды.



94-сурет. Париж. Шартр храмы. Витраж. Мария шақалағымен бірге. XII ғасыр.

**Бейнелеу өнері.** Роман стилімен салынған храмдардың қабырғалары мен төбесін діни тақырыптағы суреттер безеп тұрды. Готикалық сәулет өнеріндегі шіркеулердің терезелері ортасында сурет салуға арналған арнайы орын да болды. Сондықтан терезеге кәдімгі шынының орнына **витраж** — мөлдір түсті шыны сынықтарынан құрастырылған сурет немесе бөлек әшекей қондыратын.

Кітаптар безеу үшін бейнелеу өнерінің жаңа бағыты — **кітап миниатюрасы** ойлап табылды. Онда орта ғасырлар адамы өмірінің барлық жағы бейнеленді. Витражда, миниатюрада шаруалар мен қолөнершілердің еңбек үстіндегі жағдайы жиі-жиі көрсетілді.



### Есінде сақта!

**Миниатюра** (француздың «**миниатюре**» және латынның «**миниум**» деген сөздерінен шыққан) — бейнелеу өнерінің көркемдік стилі жағынан өте әсем, кішкене көлемді туындысы. Ортағасырлық қолжазбаларды әдемілеуге арналған нәзік те тамаша суреттер.

**Табиғатқа және адамға деген қызығушылықтың тууы.** Жаңа мәдениет қайраткерлері адамды зерттеуді өздерінің ең басты міндеті деп түсінді. Сондықтан оларды **гуманистер** деп атады. Қайта өрлеу дәуірінің, яғни Гуманизм мә-

дениетінің көрнекті үлгілері адамды әлемнің келелі ортасына қойып, оның жасампаздық әрекетіндегі даналығын мойындауға шақырды.

Ал Қайта өрлеу сөзі (французша «Ренессанс») жаңа мәдениеттің антикалық дәуірмен байланыстылығын білдіреді. Шығысқа қарай крест жорықтары, содан кейінгі Левантпен сауда мен мәдениет саласында жүргізілген үздіксіз байланыстар, италиялықтарға көне грек қолжазбаларымен, антик өнері мен архитектурасының жәдігерліктерімен танысуға мүмкіндік берді.

**Қайта өрлеу мәдениеті орталықтары.** Бұл кезеңде Италиядағы Флоренция қаласы көрнекті орында болды. Саудадан түскен пайда оны Еуропада ең бай қалалардың біріне айналдырды. Қала әкімдері жиналған байлықтың есебіне архитектуралық кешендер құрдырды, мүсін жасау және бейнелеу өнерлерін жетілдірді.




95-сурет. Флоренция.

Сөйтіп Флоренция XV ғасырда Италия мәдениетінің ірі орталығына айналды. Ең мәшһүр суретшілер, мүсіншілер, архитекторлар Флоренциядан шықты, ал қала әкімдері жемісті еңбек ету үшін оларға қолайлы жағдай жасап отырды.

Мәдениет орталықтарынан тағы бірі **Венеция** болды. Қалада кітап басып шығару көбейді. Венецияда шығарылған антикалық дәуір авторларының және гуманистердің туындылары бүкіл Еуропаға таралды.

**Алғашқы гуманизм.** Қайта өрлеу мен гуманизмнің алғашқы кезеңінің Еуропадағы тұңғыш өкілі **Франческо Петрарка** ақын (1304–1374) болды. «*Өлеңдер кітабы*» және «*Поэзиялық жазбалар*» сынды өзінің лирикалық өлеңдер жинағымен ақын жаңа Еуропаның мәдениетін жаратқан негіздеушілердің бірі болды.



96-сурет. Франческо Петрарка.

Оның достары мен жалғастырушылары – **Бокаччо** мен **Салютатидің** шығармашылығы XV ғасырдың басында *алғашқы гуманизм* кезеңін аяқтады.

**Джованни Бокаччоның** (1313–1375) бүкіл өмірі Флоренция мен Неаполь қалаларымен байланысты өтті. «**Декамерон**» туындысының авторы ретінде ол жаңа стиль бойынша жазылған новеллалардың (әңгімелердің) басын бастады. Оның кітабы көпшілікке ұнады, көптеген тілге аударылды. Гуманистік идеяларды жинақтап қорытқан «**Декамерон**» туындысында адамның ең жақсы қасиеттері өз көрінісін тапты.

**Колюччо Салютати** (1331–1406) Флоренцияда жасап, жоғары лауазымды мемлекеттік қазмет атқарды. Өзінің көптеген хаттарында, сөз сөйлеуінде ол Петрарка мен Бокаччоның гуманистік идеяларын одан әрі жетілдірді. Жоғары идеясы бар, білімді адам тәрбиелеуде әлеуметтік пәндердің – философияның, риторика мен тарихтың, педагогика мен этиканың маңызы өте зор болады, деп тұжырдды Салютати.



#### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Сәулет өнеріндегі роман стилінің готика стилінен қандай айырмашылығы болды?
2. Бейнелеу және мүсін жасау өнері туралы әңгімелендер.
3. Гуманистер дегеніміз кім?
4. Қайта өрлеу дәуірі дегенде нені түсінесіңдер.
5. Қайта өрлеу мәдениетінің орталықтары жөнінде айттып беріңдер.

## V ТАРАУ. ДАМЫҒАН ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ОРЫС КНЯЗЬДЫҚТАРЫ

### § 31. РУСЬТЕГІ ФЕОДАЛДЫҚ БЫТЫ- РАҢҚЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ САЛДАРЫ

**Феодалдық бытыраңқылық.** Орыс князьдықтары бытыраңқы және бір-бірімен қантөгіс күрес жүргізген күйде еді. Бұдан пайдаланып қалқан қыпшақтардың шабуылдары жағдайды одан әрі шиеленестіріп, кейбір князьдардың қыпшақтармен одақтасып, көрші князьдарға қарсы жорықтар жасаған жағдайлар да болып тұрды.

Ақыры князьдардың көбі осынау жағдайдан шығу, өзара қырқыстарға шек қою туралы ойлана бастады. Киев князы **Ярослав Данышпанның ұлы – Владимир Мономахтың** 1097 жылы Любеч қаласындағы князьдардың бірінші съезін шақыруы да негізінен сол өзара соғыстарға шек қоюға молжалданған болатын. Жиналыстың *«әркім өз жеріне қожалық етсін»* деген шешімі өзге князьдықтарға қарсы басқындардың тоқтатылуын назарда ұстаған еді.



97-сурет. Любечтегі съезд. Владимир Мономахтың Киевтің Святополк князымен кездесуі.

Сол бір кезде Киев князының беделі төмендеді. Ол бұрынғысынша орыс жерлерін өз ұлдарына қалауынша

бөліп беру құқығынан таюға мәжбүр болды. Сөйтіп Киев Русі саяси бытыранқылық сатысына көшті.

XII ғасырдың ортасында өзара қырқыстар күшейді. Русьте ол кезде тәуелсіз 15 князьдық болды. Батухан басқыншылығы қарсаңында олардың саны 50-ге жетті.

**Новгород республикасы.** Новгород — Киевпен байланысын үзген бірінші князьдық болды. XI ғасырда құрылған Новгород кейініректе тек Орыс жерінде ғана емес, Еуропада да ірі қолөнер мен сауданың орталығына айналды.

Дәстүр бойынша, XI ғасырда Новгородтың князы орнына Киев князының тұңғыш ұлы отырды. Бірақ көп жыл өткесін жергілікті боярлардың ықпалы күшейді де, олар князь билігіне шек қоя бастады. Сөйтіп Новгород — боярлар республикасына айнала бастады.

Новгородтықтардың 1136 жылғы вечесі Мономахтың немересін **Всеволод Мстиславичті** князьдық тағынан шеттетіп, оны зынданға тастауға үкім шығарды. Нақ сол кезден қала біржолата феодалдық республикаға айналды. Новгородтың саяси өміріндегі басты орын халық вечесі сайлаған қала әкімінің, сайланатын «қала думасының» және епископтардың қолына көшті.



98-сурет. Мәскеу. Юрий Долгорукий құрметіне орнатылған мүсін.

**Владимир-Суздаль князьдығы. Мәскеу.** Жергілікті боярлардың орталық өкіметке қарсы жүргізген күресі XII—XIII ғасырларда **Киев, Галич-Волынь, Владимир-Суздаль** князьдықтарында да байқалды. Владимир Мономахтың ұлы — **Юрий Долгорукий** XII ғасырда Волга мен Ока өзендері алабындағы жерлерді басқаратын еді. Бұл князьдықта XI—XIII ғасырларда **Ростов, Суздаль, Ярославль, Владимир** сияқты қалалардың негізі салынды. Князь Долгорукийдің Киев үстінен жеткен жеңісінің құрметіне құрылған, **Кучково** қорғаны кейінірек Мәскеу деп аталды. Юрий Долгорукийдің ұрпақтары Владимир

князьдығын **Иван Грозный** заманына дейін басқарды.

Владимир-Суздаль князьдығы мен Мәскеу қаласы XIV ғасырда Орыс жерлерін біріктіру үшін негіз болды.

**Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Русьтегі феодалдық бытыранқылықтың себебі мен салдарын айтып берідер.
2. Русьте қандай князьдықтар пайда болды?
3. Новгород князьдығы туралы әңгімелендер.
4. Мәскеу қаласы қалайша құрылды?

## § 32. ОРЫСТАРДЫҢ ЖАТЖҰРТТЫҚ БАСҚЫНШЫЛАРҒА ҚАРСЫ КҮРЕСІ



99-сурет. Монғолдардың Орыс жерлерін жаулап алуы.

**Монғолдардың Орыс жерлерін жаулап алуы. Шыңғысхан** Орта Азияны және Иранның солтүстігін басып алғаннан кейін 1223 жылы монғол әскерлері орыс жерлеріне де баса-көктеп кірді. Олар әскери қулық жасап, салт атты жасақтардың қозғалуы үшін қолайлы болған алаңға орыс әскерлерін шақырып, соңғы соғыста жермен-жексен қылды.

Шыңғысханның немересі **Батухан** 1237–1242 жылдары басқыншылық соғыстарын Шығыс Еуропада жүргізді. Оның әскерлері әуелі Орыс князьдықтарын, бұдан кейін Польшаны, жартылай Сербияны және Болгарияны жаулап алды.

Русьтегі феодалдық бытыранқылық монғолдарға қолайлылық келтірді, ұзаққа созылған қоршаудан кейін 1240 жылы Киев басып алынды.

Басып алынған жаңа жерлерде Батухан **Алтын Орда** хандығын құрды. Оның алғашқы астанасы **Сарай Бату**

Волга өзенінің төменгі ағысында, қазіргі Астрахань қаласының маңында болды.



100-сурет. Александр Ярославич.

Бағындырылған халықтың салық пен төлемдерді тезірек төлей бастауы үшін **Батухан** орыс князьдарына біршама қайырымдылық көрсетті. **Ярослав** «князьдар ақсақалы» деп атанып, Владимир князьдығын басқаруға жарлық алған болатын.

Князьдар ортасында басқыншылардың талабын орындағысы келмейтіндер, олардың орнатқан тәртіптерін орындаудан бас тартқандар да табылды.

Монғолдар басқыны орыс мемлекетінің экономикасы мен мәдениетінің өрлеуіне қайшы әсер етті, дамуын тежеді.

**Орыстардың неміс және швед басқыншыларына қарсы күресі.** Неміс феодалдары XIII ғасырдың басында Балтық маңында жасайтын **эст** және **лит** тайпаларымен күресіп отырды. Рим папасының крест жорықтары деп жарияланған ол соғыстардың мақсаты, соның ішінде, жергілікті халыққа католик дінін қабылдату да болды. Неміс рыцарьлары эст жерлерін иемденіп алған соң, Новгород-Псков шекарасына жақындады. Неміс феодалдарынан кейін швед феодалдары да белсенділік көрсетті. Олар 1240 жылы Нева өзені бойындағы Новгород жерлеріне бастырып кірді.

Осындай жағдайда Новгород князы **Александр Ярославич** 1240 жылдың 15 шілдесінде Нева өзені жағалауындағы соғыста шведтерді жеңіліске ұшыратты. Бұл жеңістің құрметіне Александрға **Невский** деген ат қойды.

Неміс рыцарьлары да Новгород-Псков князьдығының монғолдар назарынан тыс қалған бай жерлеріне көз алайта бастады. Немістер әскері 1240 жылы Псковты басып алды. Сол жылғы қыстыгүні неміс рыцарьлары Новгород шекарасына жақындады. Бұндай жағдайда Новгородты қорғау үшін тағы да Александр Невский басшылық етті. Суздаль князы әскерлерінің жәрдемімен ол Псковты және оның айналасындағы жерлерді азат етті. Шешуші шайқас

1242 жылғы 5 апрельде **Чуд көлінде** болып, Александр Невский басшылындағы орыстар неміс рыцарьлары үстінен жарқын жеңіске жетті. Бұл шайқас Русь тарихында «Мұз қырғыны» деп аталды.



### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Монғолдардың Русьті жаулап алуы және оның салдары туралы әңгімелеп беріңдер.
2. Батухан орыс жерлерін қайсы жылы басып алды?
3. Новгород князы Александр Ярославич кімге қарсы күрес жүргізді?

## § 33. РУСЬТІҢ МОНҒОЛДАР ЕЗГІСІНЕН АЗАТ БОЛУЫ

**Орталықтандыру факторлары.** Монғолдар басқынының нәтижесінде Орыс жерлері көп шығынға ұшыраса да, экономиканың дамуы әсте тоқтап қалған жоқ. Орыс қалаларында қолөнер мен сауданың жандануы, әртүрлі облыстар арасындағы байланыстардың күшеюі, ауыл шаруашылығындағы өзгерістер — бұлардың бәрі Русь жерлерін біріктіруге септігін тигізді.

Сыртқы дұшпандарға, ең алдымен Алтын Орда хандығының езгісіне, қарсы күрес жүргізудің қажеттілігі де елдің бірігуіне жан-жақты әсер етті.

**Орыс жерлерінің бірігуі.** XIV ғасырдың басында, одан бір ғасыр алдын Владимир князьдығының шеті болып есептелген, **Тверь** және **Мәскеу** қалалары орыс жерінің жаңа орталықтары ретінде өсе бастады.

Алтын Орда ханының жарлығымен Русь жерлерінен салық жинау мәселесінде Тверь және Мәскеу князьдары арасында қатты күрес жүреді де, ақыры, князьдардың бірсыпырасы монғолдар қолынан қаза тапты. Бұл күрес тек князь **Иван Калита** (1325—1340) тұсында біржолата Мәскеудің пайдасына шешілді.




101-сурет. Орыс князы Дмитрий Донской.

Мәскеу князьдары XIV ғасырдың ортасына қарай біраз күш жинады. Ондай күшпен енді тіпті Алтын Ордаға қарсы күресуге де мүмкін болды.

Алтын Орда да XIV ғасырдың ортасында саяси тартыстар кезеңіне түсіп қалды. Бұл кезең 20 жылға созылды.

Мәскеу князы **Дмитрий Иванович** (1359–1389) 1378 жылы Волга өзені бойында монғолдарға қарсы соғыста бірінші жеңіске жеткен болатын.

1380 жылдың сентябрь айында князь Дмитрий әскерлері Дон өзені жағасындағы **Куликово майданында** Алтын Орданың түменбасы **Мамайдың** басшылығындағы әскерін жеңіліске ұшыратты. Жеңістің құрметіне Мәскеу князы Донской деген ардақты атаққа ие болды. Бірақ арадан екі жыл өткесін Тоқтамысхан Мәскеу үстінен билігін тағы да орнатып, орыс княздарын баж-жасақ төлеуге мәжбүр етті.



102-сурет. Әмір Темір ескерткіші.

**Сайыпқыран Әмір Темірдің** Алтын Ордадан үстем болуы, оның 1391 жылғы **Құндызшадағы**, 1395 жылғы **Тарак** өзені бойындағы жеңістері Русь жерлерін және Шығыс Еуропа халықтарын монғолдар езгісінен азат етуде шешуші фактор болды.

Ақыр аяғында, 1480 жылы **Иван III** князь тұсындағы Мәскеу Алтын Ордаға баж-жасақ төлеуден бас тартты. Сөйтіп орыс жерлерінде ұзақ уақытқа созылған монғолдар үстемдігі аяқталды.



### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. XIV ғасырдың басында орыс жерлерінің жаңа орталықтары ретінде қай қалалар өсе бастады?
2. Алтын Ордаға қарсы күресу үшін Мәскеу князьдығында қандай қолайлы жағдай пайда болды?
3. Куликово шайқасының маңызы қандай болды?
4. Әмір Темірдің орыс жерлерін монғолдар езгісінен азат етуге қосқан үлесі туралы әңгімелендер.

## VI ТАРАУ. XI–XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ АЗИЯ, АМЕРИКА ЖӘНЕ АФРИКА МЕМЛЕКЕТТЕРІ

### § 34. СЕЛЬЖУКТЕР ЖӘНЕ ТҮРІК- УСМАНДАР МЕМЛЕКЕТТЕРІ

**Сельжуктер мемлекеті.** Орта Азияда негізін **Сельжукбек** қалаған әулеттің басшылығындағы оғыз тайпаларының Алдыңғы Азияға жасаған ірі әскери жорықтары XI ғасырдан бастап күшейді. Ішкі қайшылықтардан әлсіреген Шығыс Рим империясы түрік тайпалары шабуылдарына қарсылық көрсете алмады. Ал Византияның жалдамалы әскерін 1071 жылы Сельжуктер сұлтаны **Алып Арыстан**ның әскерлері **Мансикерт** шайқасында жермен-жексен қылды. Император **Роман IV Диоген** соғыста тұтқынға алынды. Бұл жеңілістен кейін, византиялықтардың қарсылық көрсете алмай-ақ қалғандығына бола, сансыз көп түрік тайпалары Кіші Азияға қарай бет алды.



#### Есінде сақта!

**Сельжуктер мемлекеті** – Таяу және Орта Шығыста, жартылай Мауароуннахрда сельжуктер әулеті басқарған мемлекет (1038–1308). Сельжуктер мемлекетінің негізін Сельжуктің немересі Тоғрылбек салды.

**Әлеуметтік құрылыс.** Оғыздар ол кезде рулық қауымның күрегені және жаңа қоғамдық қарым-қатынастың пайда болуы сатысында өмір сүрді. XI ғасырда Кіші Азияны түгелдей дерлік басып алған оғыздар өздерінің бірнеше әмірліктерін құрды. Әмірліктер сельжуктер әулетінің билігін ресми түрде мойындаса да, іс жүзінде өз меншіктерін тәуелсіз басқарып отырды.

Көшпенді түрік тайпалары отырықшы тұрмыс салтына көшуді нақ осы кезде бастады. Отырықшылыққа көше жатқан түріктер, өлкенің байырғы халқы сияқты, егіншілік және қолөнершілікпен шұғылдана бастады. Бұл процесс

XII–XIII ғасырларда Сельжуктердің де феодалдық мемлекетінің біржолата қалыптасуына әкеліп соқты.

Елде қалыптасқан ірі жер иемдігі мен салықтар жүйесі Шығыстағы ислам мемлекеттерінікінен ерекшеленген жоқ дерлік. Маңызды жағы сол, жеке меншіктегі жерлермен салыстырғанда мемлекеттің жері біршама көп болды. Мемлекеттік жердің көп бөлігі **икто** түрінде ақсүйектер мен әскерилерге атқарған қызметі үшін сыйға берілді. Икто әуелде мирасқа қалдыруға болатын меншік емес еді, оны тек қызмет мерзімі ішінде пайдалану шартымен ғана берді.

Түрік тайпаларының жергілікті халыққа біртіндеп сіңісіп кетуі жаңа этностың — **түрік халқының** пайда болуына әкеп соқты. Бұл процесс әсіресе XIII ғасырдың 20–30 жылдары күшейді. Бірақ монғолдардың 1243 жылғы шапқыншылығы мемлекеттің кейінгі дамуына қайшы әсер етті. XIV ғасырдың басына таман Кіші Азиядағы Сельжуктер мемлекеті түгелдей бөлшектеніп кетті.



103-сурет. Түрік-усман жауынгері.

**Усмандар мемлекетінің құрылуы.** Усмандар билігі Кіші Азияның солтүстік-батыс аймағында құрылған еді. Византиямен көршілес болу оның кейінгі дамуына қолайлы жағдай туғызды. Барған сайын әлсіреп бара жатқан империяға жүргізілген жауынгерлік әрекеттері билік жерлерін кеңейтуге жағдай жасады. Кең көлемді басқын Усмандар әскеріне басқа тайпалардан да жауынгерлердің келіп қосылуын қамтамасыз етті.

Әулеттің негіздеушісі **Усман** тұсында (1299–1326) бірнеше жорық ұйымдастырылды, **Бурса** қаласы мен оның төңірегі басып алынды. Оның ұлы **Орхон** Византиядағы **Никея** мен **Никомедия** қалаларын алып, Қара теңіздің жағасына шықты. Алғашқы кезде биліктің басқару жүйесі өте оңай болды. Мысалға, би деген атақ Усман мен Орхонға тайпа бастықтары жиналысында берілді. Ал билердің басты міндетіне түрік тайпалары қарулы күштерін жабдық-

тау, көрші елдерді басып алу жатты. Биліктің күшеюі оның басқару жүйесіне де өзгеріс енгізді. Орхон басқарған кезде бірінші рет **уәзір** лауазымы ұйымдастырылды. Теңге ақша соғылды, мемлекеттің жері әкімшілік бірліктерге бөлінді. Орхон әскери реформа жүргізіп, әскерлерін жаяу және атты жасақтарға («**мусаллам**»), арнаулы әскери бірліктерге айналдырды.



### Есінде сақта!

**Усмандар мемлекеті** – Кіші Азияда, Шығыс Еуропа, Таяу Шығыс пен Солтүстік Африкада, жартылай Кавказ бен Қырымда Усмандар әулеті басқарған мемлекет (1299–1922). Оның негіздеушісі – Усман I.

**Балқан түбегіне шабуылдар.** Усмандар шабуылына дейін Балқан түбегінде **Византия, Сербия, Болгария, Босния** сияқты ірі мемлекеттер болды.

Алайда саяси бытыраңқылық әрі ішкі қайшылықтар ол елдердің түріктер шапқылығына қарсы бірігуіне мүмкіндік бермеді.

Балқанға алқашқы шабуылдар 1353–1357 жылдары басталды. Оның негізгі бөлігін түріктер кейінгі отыз жыл ішінде алды. Осы соғыстарда өзінің тез жетілген жеңістерімен Түрік сұлтаны **Баязиттің** (1389–1402) даңқы шығып, оған **Йылдырым** (Тегеуірінді) деген ат қойды. Сұлтанның **Константинопольді** қоршап алуы Еуропаның үрейін ұшырды.

Ол кезде **Әмір Темір** Кіші Азияда Баязитке қарсы күрес бастады. 1402 жылдың жаздыгүні **Анкара** шайқасында Сайыпқыранның әскерлері Баязиттің ләшкерлерін жеңді. Бұл оқиға түріктердің **Константинопольді** басып алуына жол бермей, Византияға тағы да 50 жыл өмір сүруге мүмкіндік берді.

**Константинопольдің құлауы.** Усмандар сұлтаны **II Мехмет** (1451–1481) жүз мыңдық әскерімен Константинопольді қоршап алды.



**104-сурет.** Баязит Йылдырым және Әмір Темірдің Анкарадағы соғысы. Ортағасырлық араб миниатюрасы.

1453 жылдың 29 майында түріктер Константинополь қаласын алды. Усмандар **Стамбул** деп атаған Константинопольге өз астанасын көшірді.

Еуропа мен Азияны байланыстырып тұрған сауда жолдарына қадағалау ісі Византия астанасын басып алғаннан кейін түріктер қолына ауысты. Ауқымды жаулаушылық соғыстары **Усмандар империясының** пайда болуымен аяқталды.

**Түрік-усмандар жеңістерінің алғышарттары.** Түрік-усмандарының күш-қуаты жақсы қаруланған атты және жаяу әскердің, жетекшілік қабілеті бар сұлтандардың, билеушіге адал янычарлардан құралған әскердің бар болуында еді.

Усмандар атты әскерін күшейтуге ерекше ықылас салатын. Әскердің әр жауынгеріне пайда келтіруші жер иемдігі — **тұмар** берілді. Бұл жер тек түріктерге және тек әскерилерге қызмет атқарған кезде сыйлап берілді. Нәтижесінде, атты жауынгерлердің саны 150 мыңға жетті.

Сұлтанның Еуропадағы ең жақсы жаяулар әскері де болды. XIV ғасырдың ортасынан бастап тұтқынға алынған, ден саулығы мықты әрі қуатты христиан балаларынан сұлтанның дербес гвардиясының жауынгерлері тәрбиеленді. Жылдар өткен соң олар өз тілі мен дінін ұмытқан, өз билеушісіне барынша берілген **янычар**ларға айналды. Түрік-усмандар сұлтаны соғысқа әрдайым өзінің адал жауынгерлерімен кірісті. Жанұясы, байлығы, жеке меншігі жоқ жауынгерлер сұлтан үшін жанын да аямайтын. Олар соғыс кезіндегі жеңістерге көп үлес қосты. Түрік әскерлерінің даңқын шығарған қолбасшылар мен жауынгерлердің көпшілігі Янычарлар ортасынан шыққан болатын.

**Мәдениеті.** Усмандар қоғамында XV ғасырдың аяғында мәдениеттің түрлі салалары өрледі. Елде ақын әйел **Мехри хатун** және ақын **Мулла Махмұт** сынды дарыны бар бірнеше ақындар жетіліп шықты. Түріктердің сәулет өнері әртүрлі елдерден әкелінген шебер-құрылысшылардың тәжірибесін пайдаланып, өсе бастады. Ұлты грек болған **Қожа Сионның** (1490—1588) құрған ғажайып архитектура жәдігерліктері оны бүкіл әлемге танытты. Ол 300-ден астам ғимарат: мешіттер, медреселер, сарайлар, бұрқақтар, моншалар мен көпірлер құрылысына басшылық қылды.

Пәннің түрлі салаларының ішінде әсіресе географияның өркендеуі ерекше назар аударуға лайықты. Түріктің теңіз саяхатшысы **Пири Райстің** туындылары, оның Жерорта, Қара және Эгей теңіздері атласы — «**Баһрия**» дүниені танып білуде үлкен табыс болды. **Эвлия Чалабидің** көп томды «**Саяхатнама**» туындысында, **Қожа Халифаның** «**Жаханнама**» шығармасында араб және еуропалық дереккөздеріне сүйеніп, дүниенің әр түрлі елдері суреттелген.



### Сұрақтар мен тапсырмалар:


1. Кіші Азиядағы сельжуктер мемлекеті қашан құрылды?
2. Түрік-усмандарының әлеуметтік құрылысы туралы естерінде не қалды?
3. Усмандар мемлекеті қашан құрылды?
4. Түріктердің Балқан түбегіне жасаған шабуылдарын айтыңдар.
5. Византия империясының құлауының себебі не?
6. Усмандар мемлекетінің күш-қуатын қандай алғышарттар белгіледі?
7. Усмандар мәдениетінің маңызды жағы не?

## § 35. МОНҒОЛДАР МЕМЛЕКЕТІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ШАБУЫЛДАРЫ

**Әлеуметтік құрылыс.** Монғол тайпалары ежелден Оңтүстік Сібір, Манчжурия мен Монғолстан жерлерінде мекендеді. Олардың көбі көшпенді шаруашылықпен шұғылданды, ал орманда жасаған кейбір рулар аң және балық аулаумен күнелтті.

Монғолдардың көне әдет-ғұрыптары, соның ішінде құн алу, діни көзқарасында арғы аталар рухына сиыну, шамандық дін ұстану сияқты салт-дәстүрлері жақсы сақталып келді.

Дегенмен, XII ғасырдың екінші жартысынан бастап монғолдардың әлеуметтік қарым-қатынасында жаңа құбылыс — мүліктік жіктелу күшейе түсті. Рулық қауым көшпенді-



105-сурет. Монғолдардың тұрмыс салты.

лердің бөлек шаруашылықтарына — **айыл**дарға бөлініп, әр айыл енді өзінің мал-дәулетінің иесіне айналды. Рулық тайпаларда байлар тобы, болашақ монғол шонжарлары қалыптаса бастады. Көптеген ру бастықтары — *нойондар* өз тумаластарынан сарбаз тандап алып, әскери жасақтар құрды. Мүліктік жіктелу жағдайында өмірдің өзі-ақ оларды әскери-тайпалық одақтар құруға мәжбүр етті. Оларға **хандар** басшылық етті. Күшті тайпалар одағы өздеріне бағынышты болған көршілерден баж төлемін алып отырды.



### Есінде сақта!

**Шамандық** — алғашқы дін ұстанудың бір түрі. Жауыз әрі жақсы рухтарға, олардың адамның өміріне әсер көрсететініне сену шамандықтың негізін құрайды.

Мұндай тайпалық одақтар өз жиналысында — құрылтайында: соғысқа, келісім жасауға, одақ құруға, хан сайлауға тиесілі маңызды мәселелерді шешіп отырды.



106-сурет. Шыңғысхан.

**Шыңғысхан мемлекеті.** XIII ғасырдың басында монғол тайпалары арасындағы өзара соғыста **Темучин** (115—1227) жеңіп шықты. 1206 жылы Онон өзені бойында болған құрылтайда ол ұлы деп жарияланды. Бас шаман қалың жұрт алдында Темучинге **Шыңғысхан** деген ат қойды. «Шыңғыс» сөзі «күшті», «күдіретті», «таза» деген мағыналарды білдіреді.

Елді орталықтандыру мақсатында Шыңғысхан **Қаракұрым** қаласын өз мемлекетінің астанасына айналдырды. Монғолдар өз әскерін күшейтуге зор ықылас салды. Бейбітшілік кезінде шаруашылықпен айналысқан монғолдар соғыс басталысымен-ақ ондық саптан тұратын тұрақты әскерге айналатын еді. Жауынгерлерді жүзбасы, мыңбасы, түменбасылар басқарды. Көшпенділердің негізгі қызмет түрі болып тонаушылық шапқындары есептелді.

**Монғолдар әскері.** Соғысқа дайындалу үшін көшпенділер әскеріне көп уақыттың қажеті де болмады. Монғолдардың тұрмыс салтының өзі-ақ кез келген сәтте атқа мініп, жолға аттануға бейім еді. Монғолдар көшпелі киіз үйлерде жасады. Әскери жорыққа дайындалу немесе көшу кезінде киіз үйді орнату үшін ең болмағанда бір сағат, ал оны жинап, түйеге тиеу үшін тіпті одан да аз уақыт жұмсалатын.



107-сурет. Монғолдар әскері.

Монғолдардың сүйікті қаруы садақ болды. Шебер мерген садақпен өз дұшпанын жүздеген метрден нысанаға алатын. Жауынгерлердің көбі найзамен және қылышпен қаруланды. Әр көшпелінің күнделікті өмірде де, соғыс кезінде де, әрине, арқаны болуға тиіс еді. Көрші елдерді жаулап алу барысында Шыңғысхан әскерлері дуал бұзатын арнаулы қондырғы — сақпанды пайдалануды меңгерді.

Көшпенділер әскері әдетте үш бөлімге: ортаға және екі қанатқа — бөлінді. Соғыс басталғанда орталық бөлім өтірік артқа қашып шегінетін, ал жау оның ізіне түсе бастағанда, қанаттардан соққыға ұшырайтын, шегініп жатқандар да тоқтап, шайқасқа кірісетін. Негізгі әскерден басқа, Шыңғысханның қол астында «**кешік**» деп аталатын арнайы гвардиясы да болды. Кешік төтенше жағдай үшін әрдайым жауынгерлік күйінде ұсталып тұрды.

Соғысқа шеберлікпен басшылық ету, күшті әрі тәртіпті атты әскердің болуы, көрші елдердегі саяси бытыраңқылық — бұлардың бәрі монғолдарға жеңіс келтіретін.

**Басқыншылық жорықтары.** Шыңғысхан 1211 жылы Солтүстік Қытайға қарсы соғыс бастады. Елдің түгелдей басып алынуы оның ұрпақтары заманында аяқталды.

Жетісу мен Шығыс Түркістанға қарсы басталған 1218 жылғы шабуылдар 1219–1221 жылдары Хорезмшахтар мемлекетіне жайылды. Ауғанстан мен Шығыс Иранды басып алып, Кавказ арқылы 1223 жылы Дешті Қыпшаққа шықты. Калка өзені бойында қыпшақтарға одақтас ретінде жәрдемге келген орыс жауынгерлері жеңіліске ұшырады.

1224 жылы Шыңғысхан басып алынған жерлерді өзінің ұлдарына: **Жошы**, **Шығатай**, **Ақтай** мен **Толы** ұлыстарына бөліп берді. Ақтайды тақ мұрагері етіп тағайындады.



### Есінде сақта!

**Ұлыс** (монғол тілінен — мемлекет, халық, адамдар) — монғолдардың басып алған жерлерінен Шыңғысхан ұрпақтарына бөліп берген мүлік. Кейініректе ұлыстар тәуелсіз мемлекеттерге айналып, билеушіге тек атағына бола-ақ бағынды.



### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Монғол тайпалары мекендеген жерлерді сұлбалы картаға түсіріндер.
2. Монғолдардың негізгі қызмет түріне не жатты?
3. Шыңғысхан мемлекеті қалайша пайда болды?
4. Монғол әскерлерінің құрылысы туралы әңгімелендер.
5. Өзбекстан тарихынан алған білімдеріне сүйене отырып, монғолдардың Хорезмшахтар мемлекетіне қарай жасаған жорықтары туралы әңгіме айтындар.

## § 36. АЛТЫН ОРДА ХАНДЫҒЫ



**108-сурет.** Алтын Орда ханының қабылдауында.

**Жаңа басқын.** Монғолдардың 1235 жылы болып өткен құрылтайы Русь пен Солтүстік Кавказ жерлерін басып алу туралы шешім қабылдады. Жиналмақ болған әскерге **Батухан** жетекшілік қылады деп жарияланды. Ұлыстардан он әскерден біреуін ажыратуға, Батуханға жәрдемге Шыңғысханның қолбасшыларынан **Субутай Баһардурды** беруге келісілген болды. Бату мен Субутай 1237 жылғы күздігүні орыс жерлеріне шабуыл бастап, әуелде **Рязаньды** басып алды. Русьтегі саяси бы-

тыраңқылық монғолдарға жеткілікті дәрежеде қарсылық көрсетуге тіпті мүмкіндік бермегендіктен, 1238–1240 жылдары **Владимир, Суздаль, Киев, Галич, Волынь** және басқа қалалар басып алынды.

1243 жылы Ақтайдың өлімімен байланысты Батухан Волга маңындағы далаға оралды. Сөйтіп Батухан жаулап алған Волга маңы, Қара теңіз жағалауы, Солтүстік Кавказ бен Молдавия жерлерінде орыстың жазба дереккөзінде **Алтын Орда** деп атанған **Жошы ұлысы** құрылды.



### Есінде сақта!

**Алтын Орда, Жошы ұлысы** – XIII ғасырдың 40-жылдары басында негізін Жошыханның ұлы Батухан (1236–1255) салған мемлекет.

**Басқару жүйесі.** Алтын Ордаға Батухан мен оның ұрпақтары басшылық етті. Маңызды мәселе шешу үшін құрылтай шақырылды. Атқарушы биліктің бастығы **бек** болды, кеңсе жұмыстарын **уәзір** жүргізді. Оның жетекшілігіндегі кеңсе салық, қаржы, сауда істеріне жауапты болды. Русьтегі князьдардың бәрі Алтын Ордадан басқару жарлығын алды. Владимир князы **Ярослав** бұлардың «ұлығы» деп танылды. Жаулап алынған жерлер 10 мың атты әскерді сапқа тұрғыза алатын түмендерге бөлінді.

Алғашқы кезде бағындырылған жерде монғолдар өздерінің дәстүрлі басқару жүйесін орнатты. Басып алынған далалар Батуның ұлдарына беріліп, олардың **суырғал** мүлкіне айналды. Саны алдын ала белгіленген жауынгерлер ханның әскеріне жөнелтілді, оған халықтан жиналған салықтың бір бөлігі де берілді.

Алтын Орда XIV ғасырға келіп үлкен төрт облысқа бөлінді. Әр облыс **ұлыс** деп аталды. Облыстың **ұлысбегі** әскерге басшылық етуден басқа, сонымен бірге өзіне тиесілі жерде басқаруға жататын мәселелердің бәрін де шешіп отырды. Алтын Орданың әскерін бектербегі басқарды. Оны көшпенді шонжарлардың бастығы деп есептеді, сондықтан оның беделі кейде ханнікінен де жоғары болды. Бұл айырым жағдайларда қантөгіс оқиғаларға да келтіретін.

Алтын Орда хандығындағы мемлекеттік басқару жүйесінің дамуы лауазымды қызметкерлердің күшке енуіне әкелді.



### Есінде сақта!

**Суырғал** (монғол тілінен — *сый, сыйлық*) — мемлекетке ерекше еңбегі сіңген қызметкерлерге я қолбасшыларға билеуші берген мал-дәулет, жер-су. Суырғал ретінде берілген жерді ұрпақтан-ұрпаққа мирасқа қалдыруға мүмкін болды.

**Салықтар.** Халықты ондық тізіміне бөлу мақсатымен монғолдар халық санағын өткізді. Ол шара 1248 жылы оңтүстік князьдықтардан басталып, 1257 жылы солтүстік князьдықтарға да жетті. Халық санағының аяғында елдің халқы «шығым» делінетін үлкен төлемге тартылды. Оның үстіне халықтан шұғыл жиналатын салық — **талап** та алынды. Егер соғыс бастау үшін ханға қаржы керек болып қалса, ол орыс князьдарына талап жіберіп отырды; шығынды қаншалықты мейірімсіз жинаса, оны да соншалықты аяусыз алды. Салық пен баж жиналуын **басқақтар** — арналып тағайындалған монғол төрешілері қадағалап отырды.

Орыс князьдары Алтын Орданың күш-қуатын дұрыс ұғып, басқыншылармен тыныш өмір сүруге тырысты. Бұл



**109-сурет.** Орыс қыстағынан салық жиналуын қадағалау үшін басқақтың келуі.

шара құралып шыққан жағдайда князьдар үшін өз халқын сақтап қалуға, оларды құлдыққа алып кетпеуіне бір ғана жол болды. Владимир князы Ярослав бастап берген бейбітшілік саясатын кейініректе оның ұлы Александр Невский жалғастырды. Князь Александр Алтын Ордаға бірнеше рет баруға лайық деп табылды. Ол Монғолстанда да болып, жергілікті шонжарлардың құрметіне бөленді. Бұл шаралардың бәрі кейінірек орыс жерлерінен баж төлемін жинау ісін монғол басқақтарының мақұлдаусыз князьдардың біріне тапсыруға әкелді.



**110-сурет.** Князь Александр Алтын Орда ханының қабылдауында.

**Сыртқы саясат.** Сыртқы саясат істерімен хан, оған жақын кеңесшілер, сондай-ақ бектербегі шұғылданды. Алтын Орда ұзақ уақыт бойы Шығыс Еуропаның күшті бір мемлекеті болып келгендіктен, көп елдің тағдыры оған байлынысты еді. Сондықтан Еуропа корольдары, Рим папалары, Византия императорлары, Түрік сұлтандары хан сарайымен достық қатынаста болуға ұмтылды.

Ал Иранда тәуелсіз мемлекет құрған **Хулағид** пен оның ұрпақтары Кавказ артына қожалық ету мақсатында Алтын Ордамен бәсекелесе бастады. Осы екі монғолдық мемлекеттің әскерлері толып жатқан соғыстарда қақтығысып қалғанда, біресе онысының, біресе мұнысының жолы болып шықты. Бұндай шайқастардың бірінде 1266 жылы Батуханның інісі Беркехан да мерт болды. Хулағид ұлысына қарсы жүргізілген күресінде Алтын Орда Мысыр сұлтандарымен одақ құрды.

Алтын Орда жауынгерлері Балқан түбегіне, Литва мен Польшаға шабуылдар жасады. Олардың мақсаты жаулап алуға емес, көршілес жерлерді тонауға және Орданы басқарып отырған шонжарларды байытуға қаратылған еді.

**XIV–XV ғасырлардағы Алтын Орда.** XIV ғасырдың бірінші жартысында Алтын Орда мемлекеті өзінің күшеюатының шырқау шыңына жетті. Бұл процесс **Өзбекханның** (1312–1342) және оның ұлы **Жәнібектің** (1342–1357)

есімімен байланысты. Алтын Ордаға қуат беріп, нығайтқан факторлардың бірі ислам дінін қабылдау болды. Өзбекхан 1314 жылы ислам дінін мемлекеттік дін деп жариялады. Оған қарсылық көрсетпек болған шонжарларды, тіпті олардың туған-туысқандарын да аяусыз қырып жойды.

Монғолдар империясының негіздеушісі Шыңғысхан діни сенімдердің бәріне бірдей көзқараста болуын өсиет еткен болатын. Оның ұрпақтары өсиетті орындауға тырысты. Алтын Орданың астанасы – **Сарай** қаласында түрлі дін храмдары құрылды. Бірақ монғолдардың көбі шамандыққа беріліп, отқа табынушылар болып қалды.

Өзбекхан мен Жәнібек тұсында Алтын Ордадағы қалалар гүлденіп өсті. Олар экономика мен мәдениеттің орталықтарына айналды. **Сарай Бату** мен **Сарай Берке** жер жүзіндегі ең ірі қалалар қатарына енді.

Жәнібек өлгеннен кейін Алтын Орданың тағы үшін күрес басталды. Шеткі өлкелер тәуелсіздікке қол жеткізе бастады. XIV ғасырдың аяғында **Тоқтамысхан** оны тағы да он бес жылға біріктірді. Сонда да мемлекеттің тарихының аянышты кезеңдері дәл осы билеушісімен тікелей байланысты болды. Бұған Тоқтамыстың Мауароуннахр билеушісі Әмір Темірмен бәсекелесі себеп болды. Әмір Темір Жошы ұлысына қарсы үш жорық жасады. Тоқтамыстың 1395 жылы Солтүстік Кавказда Әмір Темірден ұшыраған жеңілісі Сарай Бату, Сарай Берке, Астрахань қалаларының ойрандалуына себеп болды. Содан кейін сауда жолдары оңтүстікке қарай жылжыды. Әмір Темірдің жорықтары Алтын Орданы әбден әлсіретті. Алтын Орда XV ғасырдың бірінші жартысынан бастап бірнеше хандықтарға бөлінді. Бұлардың ішінде ең үлкендері **Қырым, Казан, Сібір, Қазақ хандықтары** және **Ноғай Ордасы** болды.



#### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Алтын Орда хандығы қалайша құрылды?
2. Алтын Орданың басқару жүйесі жайлы әңгімелендер.
3. Алтын Орда хандығында қандай салықтар және міндеткерліктер енгізілді?
4. Орыс князьдары Алтын Ордамен келімішіл саясатын неліктен жүргізді?

5. Алтын Орданың жүргізген сыртқы саясаты жөнінде айтып беріңдер.
6. Алтын Орда хандығының Әмір Темірден жеңіліске ұшырауы қандай салдарға келтірді?

## § 37. XIII–XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚЫТАЙ

**Экономиканың дамуы.** Сун әулетінің (960–1279) Қытайдағы билік басына келуі ұзақ уақытқа созылған саяси бытыранқылыққа және өзара соғыстарға шек қойды. Нәтижесінде, елдің шаруашылығын дамытуға жақсы жағдай туды. X ғасырдан суды біршама биігірек шығарушы қондырғылар кең пайдалана бастады. Шығырлықты пайдалану егістік жерлердің көлемін көбейтуге мүмкіндік берді. Су диірменнің жәрдемімен күрішті тазалау, май алу, үн шығару барған сайын кең қолданылды.

Орта ғасырлардың дамыған кезеңінде Қытайда императорға, әскери шонжарларға, лауазымды қызметкерлерге тиесілі мемлекеттік жерлер азайып, жер иелерінің жеке меншіктегі жерлері барған сайын көбейді. Жеке меншікті жерлер, сонымен бірге, жаңадан игеріліп жатқан тың жерлердің және тау етегіндегі аймақтардың есебінен де көбейіп тұрды. Қарыздарын төлеуге шамасы жоқ кедейлердің жерлерін тартып алу да ірі меншік иелеріне жерлерін көбейтуге қызмет етті. Сөйтіп XI ғасырдың басында егістік жердің жартысы жер иеленушілердің қолына көшті. Бұл жерлерде негізінен жалдамалы шаруалар істеді.

Қытайда көптеген ерікті шаруалардың 30–40 му жері болды, мемлекет бұл тапты мейлінше қолдауға ұмтылды. Қытайлық шаруалар өздері жетілдіріп өсірген өнімнен жылына екі рет мемлекетке салық төлеп отырды. Жер салығын салымен немесе бидаймен төлесе, жібек құртын баққан жанұялар матамен де төледі.

**Қалалар мен қолөнер.** Кайфин, Ченду мен Учан қалалары Қытайдағы ірі қолөнер мен сауданың орталықтары болды. Қытайдың сауда саласында су жолдарының маңызы ерекше болды. Көптеген қалалар теңіз немесе өзен бо-

йында, судағы және құрлықтағы сауда жолдары қиылысқан жерде пайда болды.

Қалалардың өсуі қолөнердің жедел дамуын жабдықтады. Қытайда қолөнердің әсіресе дәстүрлі түрі — құмыра, шыны бұйым жасап шығару дамыды. Қытай қалаларында көптеген дүкен мен шеберхана орналасқан болатын.

Қытайдың оңтүстік облыстарында қолөнерші-тоқы-машылар жібек маталардың ондаған түрін дайындады. Жібектен сюзане — **панно** тоқу XII ғасырда ойлап табылып, кең жайылды. Қытайда мақта шаруашылығы кең таралды, одан мата істеп шығару да XIV ғасырда дами бастады.



### Есінде сақта!

Азия мақтасының отаны-Үндістан. Ол жерден мақта Орта Азияға әкелінді, мақта ұрығын Қытайға әуел баста еліміздің саудагерлері алып келген болатын.

Қытай қолөнершілері міндетті түрде цех мүшесі болуға тиіс еді. Еуропадағы цехтар сияқты, мұндағы цехтар да шәкірттер мен көмекші шеберлердің санын, олардың еңбектегі жағдайларын, дайын қолөнер бұйымдарының сатылуын, өнер сырларының сақталуын қатаң бақылап отырды.

**Монғолдардың жаулап алуы.** Алғашқы кезде Қытайдың солтүстігінде құрылған монғолдар мемлекеті **Хубилай** хандығы тұсында (1259—1294) елдің орталық және оңтүстік аймақтарына өз ықпалын тигізді. 1279 жылы Қытай түгелдей бағындырылып, жаңа монғол әулетінің атымен — **Юань** (1279—1368) деп аталды. Монғолдар Қытайдағы жерлерін шаруаларымен қоса бөлісіп алды. Алайда егіншіліктегі шаруашылық жүргізу әдістері және салықтар бұрынғысынша қалды.

Монғолдар заманындағы алымдардың өсуі тек шаруалар мен қолөнершілерді ғана емес, тіпті көпестерді де күйзеліске ұшыратты. Үнемі өсіп бара жатқан шығынның орнын толтыру үшін өкімет қосымша қағаз ақша шығара бастады. Ал бұл өз жайында ақшаның құнсыздануына, астықтың және қолөнершілік бұйымдарының қымбаттануына әкеп соқты.

Елді басқарған кезде Хубилай қытайша әдіс қолданса да, жергілікті лауазымды қызметкерлер орнынан бас тартты. Мемлекет қызметкерлері арасында түрлі халық өкілдерін кездестіруге болатын еді. Мәселен, венециялық саяхатшы әрі көпес Марко Поло Хубилайхан сарайында жоғары лауазымды қызметке орналасты.



**111-сурет.** Еуропалық көпестер Хубилай кабылдауында.

**Мин әулетінің басқаруы.** Монғол империясының күйзелісінен бастап, XIV ғасырдың ортасында Қытайда да халық-азаттық қозғалысы күшейді. Хенан мен Шандун облыстарында 1351 жылы басталған шаруалар көтерілісі тез арада бүкіл елді қамтыды. Көтеріліске монах **Чжу Юань-Чжан** басшылық етті. Сонымен, 1368 жылы монғолдардан құтылған Қытайда негізін **Юань Чжан** салған **Мин империясы** әрекет ете бастады.



**Есінде сақта!**

1368 жылы Қытайда негізін Юань Чжан қалаған Мин империясы құрылды.

Мин әскерлері монғолдарды қуып шығып, астанасын **Қарақұрымды** алып, өртеп жіберді. Сөйтіп көшпенділердің Қытайға шабуылдарына шек қойылды. Мұнда оқ-дәрі мен зеңбіректің кеңінен пайдаланылуы қытайлықтарға көп пайда келтірді.

Елдің шаруашылығын бұрынғы қалпына келтіру үшін қолөнершілер мен көпестерден алынатын төлемдер азайтылды, құлдар босату туралы заң қабылданды. Қолмен суару қондырғылар, каналдар, бөгеттер, су қоймалары қайта жөнделді. Егістік жерлер кеңейіп, халық саны да өсе бастады.

**XV ғасырдағы Қытай.** Елде ірі жер иелерінің билігінің нығаюмен байланысты, монғолдар шапқыншылығы-



**112-сурет.** Қытай императоры Юань Чжан.

ның салдарын жою үшін шаруаларға, қолөнершілер мен көпестерге берілген артықшылықтар мен жеңілдіктер де жойылды. Шаруаларға үлестіріп берілген мемлекеттік жерлер тартып алынды, қолөнершілер мен көпестерден алынатын салықтар көбейтірілді.

XV ғасырдың басында Мин әулетінің Әмір Темір сұлтанымен жасаған қарым-қатынасы бұзылды. Тек қана Әмір Темірдің кенеттен қаза табуы Қытайға қарай жорықтың жүзеге аспағанына себеп болды. Ал мұның өзі



113-сурет. Чжан Хе.

1406 жылы Қытайға әуелі Вьетнамды, кейінірек Монғолстанды басып алуға жол ашты.

Елдің экономикасының өркендеуі **Чжан Хе** басшылығындағы әскери теңіз флотының әрекетінде байқалды. Құрамында 62 кемесі, 30 мың жауынгері бар әскери экспедиция 1405—1433 жылдары Зонд архипелагына, Шри Ланка мен Үндістанға 7 рет жорық жасады. Оның кемелері Ормуз (Парсы) шығанағына және Шығыс Африканың жағасына дейін барды. Өзі мұсылман болған Чжан Хе Меккеге зиярат қылды. Бұл экспедициялар Қытайдың абырой-беделін асырып, сыртқы саудасын кеңейтіруге мүмкіндік берді. Қытай императорлары 1415—1420 жылдары өз елшілерін Самарқандтағы **Ұлықбек** сарайына да жіберіп отырды. Дегенмен, Темурилер мемлекетінің мәртебесі биік болғандығынан Қытайдың қысымы оған әсер ете алмады.

XV ғасырдың ортасында басталған экономикалық дағдарыс Қытайдың ішкі дамуына да, сыртқы саясатына да теріс ықпалын тигізді.



### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Елдегі шаруашылықтың өрлеуінің себебі не?
2. Монғолдардың Қытайды жаулап алуы және Юань әулетінің басқаруы қалай жүзеге асырылды?
3. Мин әулетінің басқару жүйесі қандай болды?
4. Чжан Хе дегеніміз кім еді? Оның қызметі туралы әңгімелеп беріңдер.

## § 38. ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ЖАПОНИЯ

**Әлеуметтік қатынастар.** Жапониядағы мүліктік қатынастары XI–XII ғасырларда үзілді-кесілді қалыптасқан болатын. Ол кезге таман жер иелерінің иемді жерлері – **сеендер** пайда болды. Мұндай жерлер мирасқа қалдырылды, барша салықтардан босатылды. Жер иеленушілер өз жерін кедейлерге жалға беріп отырды.

Жапониядағы ірі жер иелері белгілі топтарға бөлінді. Олардың ішінде ең беделдісі – **ханке** деп аталды. Ханкелердің өзіндік вассалдары – **риокалар** да болды. Ал әскери бөлімнің жауынгерлері **самурайлар** деп аталды. Самурайлардың қожайындары оларға әскери қызметі үшін иемді жер беріп отырды. Жылдар өткен соң жапондық самурайлар, Еуропадағы рыцарьлар сияқтыдай, бөлек тапқа – ұсақ дворяндарға айналды. Жері жоқ жауынгерлер соғыста түскен олжаның немесе сеньорлары берген сыйлықтың есебіне күн көрді.

**Елдің саяси құрылысы.** Басқа елдерден айырмашылығы, Жапонияда ерекше саяси құрылыс қалыптасты. Елді XII ғасырдан **микадо** – император басқарды. Ол елдегі барша жерлердің қожасы болып саналды. Ал жер иеленушілер оның қызметкерлері мен орынбасарларына айналды. Сондықтан жер-жердегі орынбасарлардың тәуелсіз басқаруға деген ұмтылысы толып жатқан жағдайда елді саяси бытыраңқылыққа әкеп соқтыратын.

Императордың өкіметі әлсіреген соң, көп ұзамай нағыз билік елде ең күшті, әрі меншігі көп адамның, әскери қолбасшының – **сегунның** қолына өтті. Алғашқы сегундықты XII ғасырдың аяғында жергілікті меншік иелерінің бірі – **Минамото** орнатты. Ол самурайлардан тұратын әскерімен қарсыластарын жеңіп, императордың астанасын



114-сурет. Минамото.



115-сурет. Жапон жауынгерлері.

— **Киото** қаласын қолға түсірді. **Минамото** өз мемлекетін **Камакура**дағы қорған-сарайында отырып басқарды. Сөйтіп Жапонияда қосөкіметтілік пайда болды.

Елдегі шаруалардың ахуалы өте ауыр болды. Әсіресе салықтардың көбеюі халықты өте-мөте қинады. Деректерде жазылуынша, жапон ауыл-қыстақтарында XIV—XV ғасырларда ашаршылық жиі қайталанып тұрды. Ашаршылық көбінесе түрлі жұқпалы аурулар эпидемиясының жайылуымен және көптеп адамның

өлуімен аяқталатын.

**Жапониядағы қалалардың дамуы.** Орта ғасырлардағы Жапонияда қалалар өсіп, ондағы қолөнер мен сауда жақсы дамыды. Жапондар қытайлықтардан жібек, металл, лак істеп шығаруды үйренді. Елде ерте заманнан бері мыс, темір, алтын мен күміс қазып шығарылды. Жапондық шеберлер сол металдардан ғажайып қару-жарақ жасай білді. Өздерінің қару-жарақтарының сапасымен қару-жарақ жасаушылардың даңқы шықты. Деректерде жазылуынша, 1483 жылы көпестер шетелге 67 мың қылыш алып келген. Жапондар шынысы, желпуіші, сүйектен, қымбат бағалы тастан жасалып, кейін лакпен сырланған өнер туындылары, мақта мен жібектен тоқылған матасы да шетелде жоғары бағаланды. Жапондар Кореямен, Қытай, Вьетнам, Тайланд, Филиппинмен қызу сауда жүргізді. Елде **Сакаи**, **Хього**, **Хаката**, **Нагасаки** сияқты халқы тығыз орналасқан ірі портты қалалар болды.



#### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Жапониядағы жаңа құрылыс XI—XII ғасырларда қалайша қалыптаса бастады?
2. Жапонияның басқару жүйесі Азияның басқа елдерінікінен несімен ерекшеленді?
3. Сегун деген атақтың мағынасын түсіндіріңдер.
4. Жапониядағы қалалар қалай дамыды?

## § 39. ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ КОРЕЯ

«**Таңғы салқын**» мемлекеті. Чосон (корей тілінен «Таңғы салқын») мемлекеті корейлердің алғашқы ерте заман мемлекеті болды. Бұл мемлекеттің негіздеушісі болып аңыздық **Тангун** саналады. Тангун Пхеньянда б.ж.с. дейінгі 2333 жылы **Чосон корольдығының** негізін салды да, ол корольдық б.ж.с. алдыңғы II ғасырға дейін билік етті. Корейлер Тангун заманын корей халқының жарыққа шыққан кезеңі деп есептейді.



116-сурет. Чосонның аңыздық негіздеушісі Тангун.

Өзара соғыстар, қытайлықтармен болған шайқастар б.ж.с. алдыңғы I ғасырда Ежелгі Чосонның үш корольдыққа — **Пекче**, **Силла** және **Когурио**ға бөлінуіне әкелді.

**Үш корольдық кезеңі. Когурио мемлекеті** құрылған кезең туралы тарихшы-ғалымдар бір пікірге келісе алмады. Бұл мемлекет IV–V ғасырларда Корея түбегінің солтүстік бөлігінде, көрші Ляодун түбегінде орналасқан ірі мемлекет еді. Өзінің жауынгерлігімен Когурио әскерлері көзге түсті. Олар көршілес аумақтарды біртіндеп жаулап алды. Б.з. 313 жылы Когурио қытайлықтарды да өз жерінен түгелдей ығыстырып, дамулы әрі күшті мемлекетке айналды. Ол кезде егіншілік, металл балқыту және өңдеу, тоқымашылық, қолөнер мен сауда жақсы дамыды. Кейінірек Когурионың орнына **Пархе мемлекеті** құрылды. **Пархе корольдығы** IX ғасырдың бірінші жартысында шырқау шыңына жетті. Корольдық Жапониямен елшілік қатынастарын орнатты. Көшпелі кидандардың X ғасырда жасаған соққысынан кейін мемлекет бөлшектеніп кетті.

Корея түбегінің оңтүстік бөлігінде III–IV ғасырларда **Пекче** мемлекеті пайда болды. Пекче корольдығы IV ғасырда орталықтанған мемлекетке айналды. Алғашқы будда бейнелері Жапонияға Пекче корольдығы тұсында жетіп келді. Орта ғасырларда пекчелік дәрігерлер, қолөнершілер мен ғалымдар қазіргі Жапонияның әлеуметтік-мәдени өмірінің

негізін қалыптастыруға аса зор үлес қосты. Тіпті, пекчелік ғалым **Ван Ин** Жапония тағына мұрагер болған шахзаданың ұстазы да болған. Пекче әулетінен шыққан билеушілердің арқасында Кореяға қытайдың жазуы мен иероглифтері, будда діні де кірді.

**Силла корольдығы** Корея түбегінің оңтүстік-шығысында орналасты. Алғашқы Үш корольдықтың ішінде Силла корольдығы ең әлсіз және нашар дамыған мемлекет еді. Силла корольдығы 668 жылы Қытайдағы Тан әулетімен одақ құрып, Корея түбегін өз өкіметіне бағындырып, бірлестірді де, Корея тағы да бірыңғай мемлекетке айналды. Кореядағы жер иемдігі қатынастарының қалыптасуында елдің бірігуінің маңызы зор болды. Өзара соғыстарға шек қою,



117-сурет.

Пулгукса храмы.

көрші елдермен орнаған бейбітшілік елдің өндірістік күштерін дамытуға жол берді.

VIII ғасырдың ортасында Силла корольдығының алтын ғасыры басталды. Ол кезде корольдық өрлеуінің шырқау шыңына жетті. Білім беру саласы гүлденді, корейлердің алғашқы ұлттық университетінің

негізі салынып, онда әсем қытай әдебиетіне үйретті. Будда храмы деп есептелетін — **Пулгукса** құрылды.

**Корио корольдығы.** Корио әулетінің (918—1392) негізін Ләскербасы **Ван Гон** салды. Бұл мемлекеттің астанасы — **Сонак** (қазіргі Кореядағы Кесон) қаласы болды. Корея деген ат Корио атынан шыққан. Ван Гон өз алдына Корио корольдығына Қытайдың солтүстік-шығысында жоғалтқан жерін қайтарып алу міндетін қойды. Алайда оның бұл ісі жүзеге аспай қалды.

Кейінгі жылдары Корио корольдығы өзара соғыстардан әлсіреді. Бұдан пайдаланып қалған монғолдар 1231 жылы оны басып алып, 1368 жылға дейін өз үстемдігін жүргізді.

**Чосон корольдығы.** Корио корольдығы қытай басқыншыларын елден қуып шаққан соң, оның қолбасшыларынан бірі **Ли Сон Ге** 1392 жылы Корионың соңғы билеушісін тақтан құлатып, жаңа **Ли әулетін** (1392—1910) құрды. Ол биле-

ген кезде ел тағы Чосон деп аталды. Мемлекеттің астанасы Кегионнан Хансон (қазіргі Сеул) қаласына көшірілді. Чосон корольдығы XV ғасырдың ортасында экономика мен мәдениет тұрғысынан жақсы дамыды.



118-сурет.  
Сечжон Ұлы.

**Сечжон Ұлы тұсында** (1418–1450) корей мәдениеті мен өнері гүлденіп дамыды. Сечжон король елдің ақылды да күшті билеушісі болды. Ол басқарған кезде білім мен ғылым салалары, ауыл шаруашылығы үлкен табыстарға жетті. Ол салық жүйесіне өзгерістер енгізіп, мемлекеттік басқаруды жетілдірді. Король Сечжонның қатысуымен жаңа күнтізбе

жасалды, жаңбыр жаууын алдын ала білдіретін аспап, жел соғуының жылдамдығы мен бағытын анықтайтын қондырғы, күн және су сағаты, жұлдыздар картасы жаратылды. Сечжон Ұлы басшылығындағы ғалымдар корей әліпбиін жарыққа шығарды.



#### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Ежелгі Чосон корольдығы нешінші жылы әрекет етті?
2. Үш корольдық кезеңі туралы естеріңде не қалды?
3. Корио корольдығының негізін кім салды?
4. Сечжон Ұлы тұсында жетілген табыстар туралы айттып беріңдер.

## § 40. ОРТА ҒАСЫРЛАРДЫҢ ДАМУЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ ҮНДІСТАН

**Дели сұлтандығының құрылуы.** Түрік және ауған тайпаларының Үндістанның солтүстік жерлеріне жасаған шабуылдары әсіресе XI–XII ғасырларда неғұрлым күшейді. Мұсылмандар басып алған облыстарда 1206 жылы астанасы Дели деп аталған сұлтандық пайда болды. Дели сұлтандығының тұңғыш билеушісі — **Құтбиддин Айбақтың** әскерінің тірегін түркі тайпаларынан түзілген атты жауынгерлер құрады. Сұлтан облыстық орынбасарлар орнына өзінің әскерлері мен қолбасшыларын тағайындады.



### Есінде сақта!

Дели сұлтандығы 1206–1526 жылдары әрекет етті.

Егер Үндістанды жаулап алу барысында жергілікті меншік иелерінің белгілі бір бөлігі құрып бітсе, басқа бөлігі жер-мүліктерін тастап, елден шығып кетті. Ал ірі жер иеленушілердің тағы бір бөлігі сұлтан билігін мойындап, оған қызмет етуге ауысты. Сұлтан олардың көмегімен жергілікті халықтан салық жинады, оны ыркында ұстау үшін де жер иелеріне сүйенді. XII–XIII ғасырлар ішінде Дели сұлтандығының барша аймақтарында мұсылмандар өкіметі біржолата орнады. Сұлтан Құтбиддин Айбақтың өлімінен кейін таққа **Шамсиддин Елтұтмыс** (1211–1236) отырды. Ол басқарған кезде Пенджаб, Синд және Бенгалия бағынды.

**Жерге иелік ету.** Дели сұлтандығындағы жерлердің бәрі сұлтанның жері болды. Елдегі жерге иелік етудің негізгі түрі **икто** болды. Облыстық орынбасарлар салықтың 10–20 %-ын өзіне қалдыруға, ал мұның есебіне қажеті болғанда сұлтанға өзінің жасағын беруге тиісті болды.

Жерге иелік етудің тағы да бір түрі **холиса** деп аталды. **Холиса** негізінен қазынаға түсіп, мемлекеттің шығындарын қаптау және арнайы әскер ұстау үшін жұмсалды.

Жер-меншіктің белгілі бір бөлігі осындағы үнді феодалдар – жер иеленушілерге тиесілі болды. Дели сұлтандығында **вакуф** делінетін жерлер, сұлтан сыйға берген жерлер де болды.

**XIV–XV ғасырлардағы Дели сұлтандығы.** Елтұтмыс өлгеннен кейін елде тақ үшін күрес өрши түсті. Осы соғыстарда жеңіп шығып, таққа отырған **Алауддин Хилжи** реформалар жүргізіп, мемлекеттің қазынасына мол табыс келтірді. Күшті әскер құрып, бағынбаушы феодалдарды бойсұндырды. Бұл мемлекет уақытша болса да, өзінің қуатын бұрынғы қалпына келтіруге жәрдем берді. Дели сұлтандығының күшті әрі тәртіпті әскері болғандықтан, солтүстіктен жасалған монғолдар шапқыншылықтарына тойтарыс беруге мүмкіндігі болды.

1325 жылы таққа Хилжидің ұлы **Мұхаммед Тұғлық** отырды. Ол өзінің үстемдігін әкесінің көзі тірісінде тәуел-

сіздік жолына түскен князьдықтарды бағындырудан бастады. Өзін «Ескендір Зұлқарнайынның жалғастырушысы» деп аталған сұлтанның тұсында Үндістан түбегі түгелдей біріккен болатын. Сұлтанның салық саласында жүргізген реформасы болып өткен құрғақшылық салдарынан нәтижесіз аяқталды. Оның үстіне 7 жылға созылған құрғақшылық халық денінің қырылуына себепкер болды. Алтын мен күміс ақшалармен бірге тең айналымда болуын көздеп, Тоғлық тұсында соқтырылған мыс теңделері көп ұзамай олардың құнсыздануына, сондай-ақ Тоғлықтың екі реформасының нәтижесіз аяқталғанына әкеліп соқты.

Бұдан кейінгі билеуші **Ферузхан Тұғлықтың** заманында салықтар азайтылды, мемлекеттік жерлер шаруаларға жалға берілді. Ол басқарған кезде, оның ойдағыдай басшылығымен жүзеге асқан ауыл шаруашылығы мен қолөнершіліктің өркендеуі, сұлтанның халық ортасында оның қамқоршысы ретіндегі даңқын шығарды. Сонда да елдегі XIV ғасырда басталған саяси бытыраңқылық тұсында кейбір князьдардың тәуелсіздікке деген ұмтылысы күшейді.

Дели сұлтандығының кейінгі сұлтаны **Махмұт** 1398–1399 жылдары Әмір Темір әскерімен күресті. Бірақ тәжірибелі қолбасшы **Махмұттың** әскерлерін жеңіп, Дели қаласын басып алды. Сайыпқыран Самарқандқа көптеп үнді қолөнершілер мен архитекторлар алып, қайтып келді.


Содан кейін Үндістан ұсақ князьдықтарға бөлшектеніп кетті. Арадан он жыл өткесін таққа **Сейітгер** әулеті (1414–1451) отырды. Ауған тайпаларының сардары **Баһлул Лоди** (1451–1489) оны тақтан құлатты. Оның немересі **Ыбырайым Лоди Захириддин Бабырға** қарсы күрес жүргізді.



#### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Дели сұлтандығын кім және қашан құрды?
2. Үндістандағы жерге иелік етудің қандай түрі болғанын айтып беріңдер.
3. Дели сұлтандығында XIV ғасырда қандай реформалар болып өтті?
4. Сайыпқыран Әмір Темірдің Үндістанға жасаған жорығын естеріңе түсіріп, әңгімелендер.

## § 41. ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ АМЕРИКА



119-сурет. Үндістер өмірінен эпизод.

**Шаруашылықтың дамуы.** Ғалымдардың пікірінше, алғашқы адамдар Америка континентіне Солтүстік Азиядан қазіргі Беринг бұғазы арқылы Ұлы мұз дәуірінде, яғни осыдан 40 мың жыл бұрын көше бастаған және бұл процесс ұзақ уақытқа созылған. Сондықтан мұнда, еуропалықтардың осы жерге келгеніне дейін де, сансыз көп тайпа мен ұлт-ұлыстар қалыптасқан болатын.

Бұл тайпалардың көбі аң және балық аулаумен шұғылданды. Дегенмен Орталық және Оңтүстік Американың таулы және тау етегіндегі жерлерде егіншілік шаруашылығы пайда болып, тез дами түсті. Мұнда **кечуа, майя, олмек, толтектер** өмір сүрді. Олар тас балтамен орман ағаштарын кесті, бұтақтарын өртеп, күлін көң ретінде пайдаланды. Бұл жерде еуропалықтарға белгісіз болған жүгері, картоп, күнбағыс, помидор, какао, темекі өсірілді.

Американың үлкен бөлігінде қолға үйретілген үй хайуандар болған жоқ. Ат, сиыр, қой-ешкілдер континентке кейінірек Еуропадан әкелінді. Жергілікті адамдар малдан солтүстікте — итті, оңтүстікте — түйеге ұқсас ламаны бақты. Құстардан күрке мен үйректі ұстады.

Америкалық үндістер темір, соқа, дөңгелек, шақпақ дегеннің не екенін білген жоқ. Олардың еңбек және аңшы құралдары: тастан, жезден, ағаштан жасалатын. Халықтың дені рулық қауым болып өмір сүрді, тек қана егіншілік шаруашылығымен айналысқан майя, ацтек, кечуа тайпалары өз мемлекеттерін құрды.



### Есінде сақта!

Орта ғасырларда Америкада майя, ацтек, кечуа тайпалары өз мемлекеттерін құрды.

**Майя мемлекеті.** Майя халқы ежелден Орталық Американың *Юкатан түбегінде* (қазіргі Мексика) тау-шіліктермен қапталған тау алды жерлерін мекендеді. Біздің заманымыздың I мың жылдығында майяның алғашқы қала-мемлекеттері пайда болды. Олардың әрбірін «**ұлы кісі**» — билеуші басқарып, ол өзінің билігін мирасқа қалдырып отырды.



**120-сурет.**  
Чичен Ицдегі  
обсерватория.

Майялардың экономикалық-мәдени дамуы біздің заманымыздың басында оларға жазу жаратуға мүмкіндік берді. Абыздар қылқаламмен иероглифтер жазып, қолжазбаларды суреттермен безеді. Биік тас бағаналар мен храмдардың қабырғаларына ойып дұғалар, аңыздар, соғыс туралы әңгімелер, тарихи жылнамалар жазды.

Майялар өмірінде алған абыздардың орны маңызды болды. Олар қауым мүшелеріне егіншілік жұмыстарын орындау мерзімін белгілеп отырды. Майялар ертедегі халықтардың күнтізбелері ішінде бірден-бір дәл күнтізбе жасады. Математиканың дамуы күнтізбемен байланысты: майя «нөлді» үнділерден де бұрын пайдаланды. Елдің астанасында — **Чичен-Ице**де обсерватория құрылды. Мұнда абыздар планеталардың Күнді айналу уақытын есептеп шығарып, Күн мен Айдың тұтылуын алдын ала болжай білді.

Майя қауымшылары төбешіктер жасап, биік іргетасқа өздерінің сатылы пирамидаларын, сарайлар мен храмдарын салды. Сарайлар мен храмдардың терезелері болмады, жарық есік арқылы түсті. Қала көшелері тегіс әрі жатық етіп салынды.

**Ацтектер мемлекеті.** Орталық Америкадағы қазіргі Мексиканың аумағында орналасты. Бұл жерге солтүстіктен келген ацтектер XII ғасырда үлкен көл ортасындағы аралдарда **Теночтитлан** қаласының негізін салып, жасанды су бөгеттерін, храмдар мен сарайлар салды.

Ацтектерде жер тапшы болды, олар көлдің түбінен су өсімдіктерін және құнарлы лайды көтеріп, салдарда «жү-

зетін далалар» да түзді. Осынау өзгеше бір егістік жерден жылына бірнеше рет өнім алынды.

Ацтектер рулық қауым болып өмір сүрді. Қауым бастықтарын сайлады. Егістік жерлер қауым мүшелеріне үлесіріп берілді. Үстем тап өкілдерінен **тлатони** – қолбасшы сайланып, ол жоғарғы әмірші болып қоймай, басты абыздың міндетін де атқарды.



121-сурет. Орта ғасырдағы Теночтитлан қаласы.

Ацтек шаруашылығының негізі суарылатын егіншілік болды. Ең маңызды дақыл – жүгеріден мол өнім алынды.

Ацтектерде қолөнерінің құмырашылық, тоқымашылық, мыстан және алтыннан зергерлік бұйымдар жасау салалары жақсы дамыды. Сол бір мезгілде, металл дегеннің не екенін білмегендіктен, олар балта мен пышақты тастан жасай берді. Зергерлер қымбат бағалы тастар өңдеп, түймеленетін нақыштар (мозаика) жасады, сарайлар мен храмдардың қабырғаларын безеді. Ацтек қолөнершілері әсіресе өрнекті ыдыс-аяқ жасауға, ғажайып мата тоқуға, құс қауырсынынан тотықұстай түрленетін кілем тігуге шебер болды.

Құрылысшылар бөгеттер, каналдар, күйдірілмеген қыштан немесе тастан істелген бағандар үстінде үйлер құрды. Базарларда тауар айырбастаудың арқасында сауда жақсы өсті.

Ацтектер көрші майяның ашқан жаңалығына сүйеніп, өзінің күнтізбесін жаратты. Пиктографиялық жазу пайда болды. Ацтектердің діні көп құдайлық негізінде құрылған еді. Құдайлардың арасында ең беделдісі соғыс құдайы бол-

ды, оның құрметіне тіпті адамлар да құрбан етілді. Храм абыздары халықтың ішінде ерекше ізет-құрметке бөленді.



### Есінде сақта!

**Пиктографиялық жазу** (латынның «пиктус» – «суретті» және гректің «графо» – «жазамын, суретті жазу» деген сөздерінен шыққан) – мағлұматтың жалпылай мазмұнын есте сақталуы үшін сурет немесе суреттер тізбегі арқылы көрсету. Жазудың бұл түрі неолит дәуірінен мәлім болса да, бірден-бір тілдің жазу құралы болып саналмайды.

Астана Теночтитланда ақсүйектердің және қарапайым халықтың балаларын оқыту үшін жеке-жеке мектептер болды. Халық ортасынан шыққан балаларға арналған мектепте егіншілікке, қолөнеріне, әскери іске үйретті. Ал ақсүйектердің балаларына: тарих, құсни жазу, оқу, есептеу, астрономия, поэзия, шешендік өнері негіздерін оқытты. Теночтитлан қаласында әр жылы ұран, хикая жаза алатын ақын-жырлардың конкурстары болып тұрды, ондағы жеңімпаздарға жүлделер берілді.

**Инктер мемлекеті.** Инктердің мемлекеті Оңтүстік Америкадағы Анд таулары етегіндегі көгалда болды. *Кечуа* тілді тайпаларға жататын *инктер* XII–XIII ғасырларда Урумба өзені алабында **Куско** қаласының іргесін салды.

Инктер басқа тайпалардың жерін басып алып, өз үстемдігін Анд тауларынан бастап Тынық мұхитқа дейінгі кең байтақ жерге орнатты. Бұл мемлекетті **Ең жоғары Инка** басқарды. Оны «*Күн ұлы*», оның жердегі рәмізі деп санады. Халық, сонымен бірге, әр түрлі табиғат күштеріне, жер мен су құдайларына да табынды. Олар өз тәртіптері мен мә-



122-сурет.  
Ацтектердің суретті күнтізбесі.



123-сурет.  
Инк жауынгері.

дениетін басып алған жерлердегі халыққа берді. Нәтижесінде, бастапқыда тайпаның аты болған «инк» сөзі кейінірек жеңілдіктері бар үстем тап — барша ақсүйектерге ортақ жалпы атқа айналды.

Инктерге жатпайтын адамдар қауым болып жасады, үстем тап үшін жұмыс істеп отырды. Қауым шаруа жанұяларынан тұрды, олардың әрқайсысына біраз егістік жер бекітіп берілді. Қауымдар жетілдірілген өнімнің 2/3 бөлігін мемлекет пен храмдарға тапсырды. Елде құлдық ресми түрде болмаса да, қауым мүшелерін аяусыз істетті, өйткені олар құқықсыз еді дерлік.

Таулы жерлер егіншілік үшін қолайсыз болды. Сондықтан қауым еркектері құлама жарлардың баурайын ойып, тастар үстіне құнарлы топырақ септі. Жаңбыр ағысы бұл жерді шайып кетпеуі үшін оның айнала шетін тасты дуалмен бекітті. Инктердің негізгі егіндері картоп пен жүгері болды. Шаруалар сонымен бірге асқабақ, макта, ананас, банан өсірді. Өсірілген өнім үшке: бірінші бөлім абыздарға, екіншісі Ұлы Инкаға берілді, ал үшінші бөлім қауымға қалдырылды. Мемлекет қоймасында жиналған азық-түлік өнімдері әскерилер мен қызметкерлерге берілді. Соғыс, астық шықпай қалған жылдары немесе табиғи апат кезінде күйзелгендердің бәріне мемлекеттің қоймасынан жүгері дәні мен картоп таратылды.

Елде мал шаруашылығының орны да жоғары болды. Мұнда түйеге ұқсас лама мен альпакаларды тек еті мен жүніне бола бағып қана қоймай, жүк тасуға да пайдаланды. Инктердің қолөнері жақсы өрледі. Алтын, күміс қазып шығарылды, олардан заттар дайындау; құмыра жасау, зергерлік, мата, бояу, құрылыс салалары ерекше өркен тапты.

Астана **Кусконы** облыстармен байланыстыратын, жалпы ұзындығы 15 мың километрге созылған тасты жолдар, облыстар арасында пошта байланысы жөнге салынған. Шабармандар, хабарды алыс жерге жеткізіп отырды.

Ақсүйектердің балалары арнайы мектепте оқыды. Жазу болмағандықтан ру тәртібіне, заңдары мен ғұрыптарына тиесілі мағлұматты жаттап алатын. Инктердің өзіне тән **«түйіншекті хаты»** (кипу) болды, оның сырын тек абыздар ғана білді.

Инктердің математика, астрономия, география, медицина, ботаника және басқа да білім салаларында терең білімі болды. Олардың дәл күнтізбесі 12 айға бөлінді. Дәрігерлер адамның бас сүйегінде хирургиялық операция жасай білді.



124-сурет. Кипу — түйіншекті хат.



#### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Америкадағы байырғы халықтың қызмет түрін айттып беріңдер.
2. Майялардың тарихы мен мәдениеті жөнінде не білесіңдер?
3. Ацтектер дегеніміз кімдер? Олар туралы әңгімелендер.
4. Инктердің мемлекеті қашан және қай жерде пайда болды?

## § 42. ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ АФРИКА

**Африканың халқы мен шаруашылығы.** Халықтың көптеген бөлігі I мыңжылдықтың аяғына дейін сыртқы дүниеден оқшауланып өмір сүрді. Континенттің тропик ормандарын, шөл далаларын аңшылар мен терімшілер тайпалары мекендеді. Мысырды қоспағанда, Африканың аумағында кейбір шаруалар тамыр жемістерге жататын өсімдіктер өсірді. Саваннадағы жерлерді топырағы құнарлы жерге бейімделген темір тістері бар шапқымен баптады. Сахараның айналасын мекендеген көшпенді, жартылай көшпелі және отырықшы



125-сурет. Африкалық жауынгер.

тайпалар да мал шаруашылығымен айналысты. Сахараның оңтүстігіндегі **берберлер** мен **туарегтер**, Батыс Африкадағы **фулбе**, Шығыстағы **масайи**, **галла**, **сидамо**, **тигре** тайпалары мал шаруашылығымен шұғылданды.

**Африканың алғашқы мемлекеттері. Гана.** Мысыр, Арабстан, Үндістанмен жасалған саудаға байланысты Африканың шығысында өте көне заманда **Нубия** мен **Аксум** (қазіргі Эфиопия) мемлекеттері құрылған еді. Араб көпестері Жерорта теңізі жағалауынан Батыс Судан жерлеріне VII ғасырдан Африкада жоғары бағаланатын тұз және басқа да тауар әкеле бастады. Сауда жолдары қиылысқан жерлерде ұшар басы үшкір болған: **Анкар**, **Гана**, **Томбукту**, **Гао**, **Мали сияқты** ірі қорғандар пайда болды. Қорғандарда мұсылман көпестерінен басқа, негізінен жергілікті ақсүйектер де тұрды. Олар кейініректе пайда болған мемлекеттердің басқару ісін өз қолдарына алды. Орта ғасырларда Нигер және Сенегал өзендері алабында алғашқы мемлекеттер — **Гана**, **Мали**, **Сонгаилер** құрылды. Бұлардың ішінде ең біріншісі Батыс Судандағы Гана болды. Ол мемлекет VIII ғасырда пайда болып, X ғасырда дамудың шырқау шыңына жетті.



### Есінде сақта!

**Гана, Мали, Сонгаи, Аксумдар** — Африкада орта ғасырларда пайда болған алғашқы мемлекеттер.


Гананың пайда келтіретін көздерінің бірі саудадан түсетін баж төлемі болды. Баж салығының негізгі бөлігін шетелден келетін көпестер: арабтар, берберлер, яһудилер төледі. Дегенмен елдің басты байлығы алтын болды. Гана патшасы мен шонжарлары алтын мен тұз саудасынан көп пайда алып отырды.

Патшаның күшті әскері болды, ондағы 200 мың жауынгердің 40 мыңын садақшылар, ал қалған бөлігін атты әскерлер құрады. Өткен заманда араб көпестерінің, Гана патшасының бай қазынасы туралы көптеп аңыздар шығарылған болатын. Ал мұның өзі көршілес жауынгер тайпалардың ықыласын қоздыратын. Марокко сұлтаны **Әбу Бәкір** 1076 жылы үлкен әскерімен Гананы жаулап алып,

тонады. Осы оқиғадан кейін Гана патшасы Мароккоға бағынышты болып, баж-жасақ төлеуден басқа өз жауынгерлерімен бірге ислам дінін қабылдауға да мәжбүр болды. 1087 жылғы халық көтерілісі мароккандар үстемдігіне шек қойса да, Гана бәрібір бөлшектеніп кетті.

**Мали мемлекеті.** Мали мемлекет ретінде VIII ғасырда-ақ пайда болды. Гана мемлекетінің қуаты оның кейінгі дамуына кедергі жасады. XI ғасырда Мали халқы исламды қабылдады. Ал бұл өз жайында мұсылман көпестерінің елге көшіп келуін тездетті. Қолөнер мен сауданың өркендеуінің нәтижесінде Мали XIII ғасырда өзінің гүлдеуінің шырқау шыңына жетті. Оның билеушісі **Сундиата Кейт** (1230–1255) сансыз көп әрі күшті әскер құрды. Осы әскердің жәрдемімен **Сундиата** керуен жолдары өтетін жерлерді, алтын кендерін, сондай-ақ Гананың ертедегі жерлерін басып алды. Мали билеушісі жаулап алынған облыстарға өзінің туған-туысқандарын орынбасар етіп тағайындады. Ал орынбасарлар өз орнына қолбасшыларға, қызметкерлерге жер меншіктерін сыйға беріп отырды. Жергілікті халықтан салық алу да орынбасардың міндетіне жатты. Сөйтіп Мали тез арада бүкіл араб дүниесіне танымал болды. Оның билеушісі **I Мұса** 1324 жылы Меккеге қаж сапарын жасады. Сапар кезінде I Мұса өзімен бірге көп алтын алып, жолжөнекей оны жомарттықпен таратты. Онда 8 мың жауынгер мен 500 құл патшаға серіктес болды да, осынау ұзын керуен өзімен бірге 10–20 тонна алтын ала кетті деп шамаланады. Ол оқиғадан кейін көп жыл бойы араб дүниесіндегі алтынның бағасы төмен болды.

Мали астанасы — **Ниарада** және басқа да қалаларда зәулім сарайлар, мешіттер құрылды, қолөнер мен сауда өркендеді. Бірақ тайпалық шонжарлардың қоғам өміріндегі абырой-беделі сақталып қалды. Мали билеушілері өз жақындарының тәж бен таққа таласуынан шошып, көбінесе сарай қызметкерлерін, қолбасшыларын, тіпті жауынгерлерін



126-сурет. Мали билеушісі Мұса I.

де көрші тайпа өкілдерінен тағайындады. Ал билеушінің дербес гвардиясы құрдардан құрастырылды.

Мали халқының негізгі бөлігі ауылдарда жасады, олардың құрамына қауымдар, ал қауым құрамына өз жайында ірі патриархалдық жанұялар кірді. Қоғамда құлдарға деген көзқарас өзгеше болды: шетелден әкелінген құлдар қожасымен бірге бір жанұядай болып өмір сүрді. Бұл құлдардың перзенттері кейінірек ерікті адам болып қалатын.

Феодалдық бытыраңқылық, әулетаралық қайшылықтар Малидің XIV ғасырдың аяғындағы әлсіреуіне себеп болды. XV ғасырда Мали түгелдей күйзеліске ұшырап, бөлшектеніп кетті.



### Есінде сақта!

**Мали мемлекеті** VIII–XV ғ.ғ. өмір сүрді. XIII ғасырда Мали дамудың шырқау шыңына жетті. Өзара қырқыстардың нәтижесінде күйзеліске түгелдей ұшырап, бөлшектеніп кетті. Астанасы — **Ниара** қаласы.

**Сонгаи мемлекеті.** Сонгаи тайпалары Гана мен Малидің солтүстік-шығысындағы ірі сауда орталықтарының бірінде — Гао айналасында өмір сүрді. Алғашқы кезде, I мыңжылдықтың басында **Сонгаилер** құрған мемлекеттік бірлестік Малидің билігінде болды. Алайда Малидің әлсіреуі, ислам дінін қабылдаған Сонгаилер билеушісіне — **Алмиге** XIV ғасырдың аяғында оны жеңіп, астанасы Гао болған тәуелсіз мемлекет құруға мүмкіндік берді. XIV–XV ғасырларда **Сонгаи** мемлекеті едәуір күшейді. Ол өз үстемдігін Нигер өзені алабында толығымен орнатты.

Ел облыстарға бөлінді, оларды билеушіге жақын адамдар басқарды. Сонгаи табысының негізгі көзі транзит саудасы мен алтын кені болды. Халықтан алынған салықтар да үнемі асып отырды және қазынаны толтырудың бір факторы болды. Лауазымды қызметкерлерге сыйға берілген үлкен иемді жерде құлдар істеді. Замандар өткесін құлдар басыбайлы шаруаларға айнала бастады. Ал олардың ұрпақтары ұсақ жер-мүліктің ерікті иесіне айналып, мемлекетке тек салық төлеп отырды. Сонгаидің арнайы жалдамалы әскері де түзілген еді.


Бұдан кейінгі жылдарда болған өзара соғыстар мен қырқыстар мемлекетті әлсіретті. Бұдан пайдаланып қалған Марокко сұлтаны XVI ғасыр аяғында Сонгаиді басып алды.



### Есінде сақта!

**Сонгаи мемлекеті** XIV ғасырдың аяғынан бастап тәуелсіз әрекет жасады. Астанасы – Гао қаласы. Марокко сұлтаны оны XVI ғасырдың аяғында басып алды.

**Аксум мемлекеті.** Қазіргі Эфиопияның солтүстігінде ерте заманда Аксум мемлекеті пайда болып, оның өркендеуі IV–V ғасырларға тура келеді. Аксум билеушілері керуен жолдары орналасқан Арабстанның оңтүстік жағалауын, Шығыс Суданның бір бөлігін иемденіп алды. Бұл мемлекет әуелде Рим империясымен, кейінірек Византиямен жақын экономикалық және мәдени байланыста болды. Сондықтан Аксум билеушісі мен оның орынбасарлары христиан дінін қабылдаған.



**127-сурет.** Аксум патшалығы. Лалибели патшаның храмы.

VII ғасырда Араб халифатының ләшкерлері Аксум әскерлерін жеңіліске ұшыратып, Арабия түбегінің оңтүстігіндегі жерлерінен айырды. XI ғасырға таман Аксумдағы жағдай шиеленесіп, мемлекет бөлініп кетті.

Аңыздарға қарағанда, Аксумның бірінші билеушісі **Манелик** – **Сулейман** патшаның Мысыр ханшайымынан туған ұлы болған. Бұл жағдай Аксумның Арабстанмен байланыстары ертеден жақсы болғанын көрсетеді.

**Африка мәдениеті.** Африка халықтарында ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келген тамаша аңыз бен ертегілер көп болды. Олар бізге құнды тарихи деректер болып қызмет етеді.

Африкада өзіндік жазуы бар халықтар да болды. Мәселен, Аксумда IV ғасырда-ақ жергілікті жазу реформасы жүргізілді. Сол кездегі әліпби Эфиопияда осы күнге шейін сақталып келуде. Аксумның, әсіресе құрылыс саласындағы же-



**128-сурет.** Бениндегі патша сарайында тұрған жезден істелген жауынгер-кернейші.

тістігі анағұрлым үлкен болды. Ол кезде құрылған сарайлар, христиан храмдары және жерасты сағаналары қазіргі күнге дейін сақталды.

Батыс Судан халықтарының мәдениетін жақсы дамытуда арабтардың ықпалы өте зор болды. Ислам дінін қабылдағаннан кейін, ол жерге араб елдерінен келген шеберлер мен архитекторлар мешіт, сарай, бекініс, қоғамдық ғимараттар, ауруханалар, моншалар, демалыс үйлерін құрды. Мұсылмандық мектептер мен медреселер ашылды. Мәселен, Томбукту медресесінде дінтанудан басқа тарихтан, шариғат заңдары туралы ілімнен, астрономиядан сабақ берілді.

Африкалықтар өнердің түрлі саласында өте зор табыстарға қол жеткізген болатын. Ағаш пен жезден жасалған мүсіндер, көшірме беделдер өздерінің әсемдігімен қазіргі күнге шейін бәрімізді таңқалдырады. Бениндегі патша сарайында жезден істелген патшаның, оның орынбасарларының бөртпе суреттері табылды. Суреттерде аң аулау, соғыстар, сарай өмірінен алынған оқиғалар бейнеленді.

Азия мен Еуропадағы мемлекеттермен салыстырғанда Африка халықтарының орта ғасырлардағы дамуы біршама артта қалған болса да, мұндағы тұрғындар шаруашылықта зор табыстарға жетіп, өзіне тән материалды әрі рухани мәдениет жаратты.



### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Орта ғасырлардағы Африкада өмір сүрген тайпалар мен халықтарды санап шығындар.
2. Африкадағы халықтың шаруашылығы қалай дамыды?
3. Гана, Мали, Сонгаи мемлекеттерінің тарихынан естеріңде не қалды?
4. Сеніңше, Аксум мен Африкадағы басқа мемлекеттердің дамуында айырмашылық бар ма?

## МАЗМҰНЫ

Авторлардан .....	3
Орта ғасырлар тарихы нені үйретеді? .....	4

### **I БӨЛІМ. АЛҒАШҚЫ ОРТА ҒАСЫР КЕЗЕҢІ**

#### **I ТАРАУ. АЛҒАШҚЫ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ЕУРОПА**

§ 1. Халықтардың ұлы көші және оның нәтижесі .....	6
§ 2. Франктардың қоғамдық құрылысы .....	12
§ 3. Франк империясы .....	17
§ 4. Қасиетті Рим империясы .....	21
§ 5. V–XI ғасырлардағы Англия .....	24
§ 6. Византия империясы .....	29
§ 7. Славян мемлекеттерінің құрылуы .....	33
§ 8. Киев Русі .....	37
§ 9. Еуропаның VI–XI ғасырлардағы мәдениеті .....	41

#### **II ТАРАУ. АЛҒАШҚЫ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ АЗИЯ ХАЛЫҚТАРЫ**

§ 10. Жаңа дін өрбіген жер .....	46
§ 11. Араб халифаты. Оның ішкі және сыртқы саясаты .....	49
§ 12. Халифат елдерінің мәдениеті .....	52
§ 13. Алғашқы орта ғасырлардағы Үндістан .....	56
§ 14. V–XI ғасырлардағы Қытай .....	59

### **II БӨЛІМ. ДАМЫҒАН ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ДҮНИЕ ХАЛЫҚТАРЫ (XI–XV ҒАСЫРЛАР)**

#### **III ТАРАУ. ҚОЛӨНЕР МЕН САУДАНЫҢ ДАМУЫ. ҚАЛАЛАРДЫҢ ӨСУІ**

§ 15. Еуропада ортағасырлық қалалардың пайда болуы .....	64
§ 16. Орта ғасырлардағы тауарлы өндірістің дамуы. Базарлар мен жәрмеңкелер .....	70
§ 17. Орта Азиядағы ортағасырлық қалалар. Қолөнер мен сауда .....	73
§ 18. Орта ғасырдағы христиан шіркеуі .....	77
§ 19. Крест жорықтары және олардың мақсаты .....	80

- § 20. Алғашқы крест жорықтары ..... 82
- § 21. Бұдан кейінгі крест жорықтары: нәтижесі,  
салдары және аяқталуы ..... 86

#### **IV ТАРАУ. БАТЫС ЕУРОПАДА ОРТАЛЫҚТАНҒАН МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ҚҰРЫЛУЫ**

- § 22. Францияда орталықтанған мемлекеттің құрылуы ..... 89
- § 23. Бас штаттар. Сословиелік монархияның  
пайда болуы ..... 91
- § 24. Жүзжылдық соғыстың басталуы және оның  
алғашқы кезеңі. Жакерия ..... 94
- § 25. Соғыстың кейінгі кезеңдері.  
Францияны біріктірудің аяқталуы ..... 96
- § 26. Англияда орталықтанған мемлекеттің құрылуы ..... 99
- § 27. XIV–XV ғасырлардағы Англия ..... 102
- § 28. XII–XV ғасырлардағы Германия ..... 105
- § 29. Еуропаның XI–XV ғасырлардағы мәдениеті.  
Білім мен ғылым ..... 108
- § 30. Батыс Еуропаның өнері мен әдебиеті.  
Гуманизм идеясының қалыптасуы ..... 112

#### **V ТАРАУ. ДАМЫҒАН ОРТА ҒАСЫРДАҒЫ ОРЫС КНЯЗЬДЫҚТАРЫ**

- § 31. Русьтегі феодалдық бытыраңқылық  
және оның салдары ..... 117
- § 32. Орыстардың жатжұрттық басқыншыларға  
қарсы күресі ..... 119
- § 33. Русьтің монғолдар езгісінен азат болуы ..... 121

#### **VI ТАРАУ. XI–XV Ғ.Ғ. АЗИЯ, АМЕРИКА ЖӘНЕ АФРИКА МЕМЛЕКЕТТЕРІ**

- § 34. Сельжуктер және түрік-усмандар мемлекеттері ..... 123
- § 35. Монғолдар мемлекеті және оның шабуылдары ..... 127
- § 36. Алтын Орда хандығы ..... 130
- § 37. XIII–XV ғасырлардағы Қытай ..... 135
- § 38. Орта ғасырлардағы Жапония ..... 139
- § 39. Орта ғасырлардағы Корея ..... 141
- § 40. Орта ғасырдың дамыған кезеңіндегі Үндістан ..... 143
- § 41. Орта ғасырлардағы Америка ..... 146
- § 42. Орта ғасырлардағы Африка ..... 151

Tursun O'sarovich Salimov,  
Farhod Ergashevich Sulstonov

## **JAHON TARIXI**

Umumiy o'rta ta'lim maktablarining 7-sinfi uchun darslik

*To'ldirilgan va tuzatilgan ikkinchi nashri*

*(Qozoq tilida)*

«O'zbekiston milliy ensiklopediyasi» Davlat ilmiy nashriyoti,  
Cho'lpon nomidagi nashriyot-matbaa ijodiy uyi  
Toshkent – 2013

Аударған	<i>Р. Бабатаева</i>
Редактор	<i>Г. Нышанова</i>
Беттеуші дизайнер	<i>Д. Хасанова</i>
Корректор	<i>Ә. Джавгашев</i>

Лицензия АІ № 163. 09.11.2009. Басуға 2013 жыл 10 июльде кол қойылды. Пішімі 60x90 <sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Таймс гарнитурасы, кегль 11. Офсеттік баспа. Шартты баспа табағы 10,0. Есептік баспа табағы 10,27. Таралымы 4919 нұсқа. Келісім № 55–2013. Тапсырысы 13–560.

Оригинал-макет «O'zbekiston milliy ensiklopediasii» Мемлекеттік ғылыми баспасында дайындалды. 100129, Ташкент қ., Науаи көшесі, 30.

Өзбекстан Баспасөз және ақпарат агенттігінің Чулпон атындағы баспа-полиграфия шығармашылық үйі. 100129, Ташкент қ., Науаи көшесі, 30. Телефон: (371) 244-10-45. Факс (371) 244-58-55.

Өзбекстан Баспасөз және ақпарат агенттігінің «O'zbekiston» баспа-полиграфиялық шығармашылық үйінің баспаханасында басылды. 100129, Ташкент қ., Науаи көшесі, 30.

### **Салимов, Турсун Усарович**

С-26 **Дүниежүзі тарихы** (V ғасыр аяғынан – XV ғасыр аяғына дейін): жалпы білім беретін мектептердің 7-сыныбына арналған оқулық/ Т.У.Салимов, Ф.Ә.Султонов - түзетілген және толықтырылған 2-басылымы. Т: «O'zbekiston milliy ensiklopediasii» Мемлекеттік ғылыми баспасы, 2013. – 160 бет. ISBN 978-9943-07-240-4

**УЎК: 94(100)=512.122.(075)**  
**КБК 63.3(0)**

### Жалға берілген оқулық жағдайын көрсететін кесте

Р/с	Оқушының аты, жөні	Оқу жылы	Оқулықтың алынғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықтың тапсырғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы
1.						
2.						
3.						
4.						
5.						
6.						

**Оқулық жалға берілгенде және оқу жылы соңында қайтарып алынғанда жоғарыдағы кесте сынып жетекшісінің қолымен төмендегі бағалау өлшемдеріне негізделіп толтырылады:**

Жаңа	Оқулықтың пайдалануға алғаш берілгендегі ахуалы.
Жақсы	Мұқаба бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен бөлектенбеген. Барлық беті түгел, өшірілмеген, жазу, сызық жоқ.
Қанағаттанарлық	Мұқаба езілген, біршама сызылып, беттері бүлінген, оқулықтың негізгі бөлігінен бөлектенуге жақын. Пайдаланушы біршама түптеп, жыртылған беттерін желімдеген, кей беттері сызылған.
Қанағаттанарлық емес	Мұқаба сызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыралған немесе бүтіндей жоқ. Қанағаттанарсыз түптелген. Беттері жыртылған, парақтары жетпейді, сызып, бояп тасталған, оқулықты қайта түптеу мүмкін емес.